

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ  
МИНИСТІРЛІГІ**

**Г.М. ТЛЕБАЕВА, А.А. КОЖАХМЕТОВА,  
И.К. ЖАДРАЕВ, А.Т. ЖУНИСАЛИЕВ**

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)**

«Туран-Астана» университеті

КҮТАПХАНА

Инв.№

67377

Алматы 2023

УДК 347.1 (075.8)

ББК 67.404я73

А 29

**Рецензенттер:**

Тайгориша Б.А. – з.ғ.д., профессор

Абдукаримова З.Т. – з.ғ.к., доцент

Аскарбекқызы Ш. - з.ғ.к., доцент

А 29 Азаматтық құқық (жалпы бөлім): Г.М. Тлебаева, А.А. Кожаметова, И.К. Жадраев, А.Т. Жунисалиев/Алматы: "Отан" баспасы, 2023. - 136 б.

ISBN 978-601-7796-14-3

Берілген оқу әдістемелік құралда азаматтық құқықтың (жалпы бөлім) негізгі түсінігі қысқаша берілген. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні және әдісі, меншік құқығы институты, азаматтық құқықтың субъектілері және объектілері, міндеттемелік институт қарастырылған.

Оқу әдістемелік құрал жоғарғы оқу орнының оқытушылары мен студенттеріне арналған. Пәнді оқу нәтижесінде алынған білім, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына байланысты туындайтын құқықтық сұрақтарды талқылауға мүмкіндік береді.

УДК 347.1 (075.8)

ББК 67.404я73

ISBN 978-601-7796-14-3

© Г.М. Тлебаева, А.А. Кожаметова,  
И.К. Жадраев, А.Т. Жунисалиев., 2023  
© "Отан" баспасы, 2023

## АЛҒЫ СӨЗ

Азаматтық - құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар азаматтық құқықтың құқықтық реттеу пәні болып табылады.

Азаматтық құқығы Қазақстан Республикасының дербес құқық саласы ретінде жалпы бөлім институттары мен «Азаматтық құқығы» курсының ерекше бөлім институттарын қарастырады.

Азаматтық құқықтың жалпы бөлімі мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастар жөнінде, азаматтық заңдарды және жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың, мемлекеттің азаматтық айналымдағы құқықтық жағдайын, азаматтық құқықтың объектілері, субъектілері сонымен қатар мәмілелер түсінігі, түрлері жарамсыздық негіздері, жарамсыздық салдарлары жөнінде, азаматтық құқықтағы мерзімдер, өкілдік және сенімхат, меншік құқығы және өзге де заттық құқықтарды, міндеттемелік құқықтың түсінігін, жүйесін, міндеттеме түрлерін, субъектілерін, міндеттеменің орындалуын, қамтамасыз етілуін, міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілікті, міндеттеменің тоқтатылуын, шарттар туралы жалпы ережелерді және т.б. жөнінде негізгі мағлұматтар береді.

Нақты пәнді оқыту әдісі студенттердің болашақ мамандығы үшін қажет білімді беруге бағытталғандықтан жаңа мақсаты бар. Білім алу дәріс және семинар сабақтарында материалды іс жүзінде оқу, тақырыптар бойынша қосымша әдебиеттерді, оқулықтарды, оқу құралдарын оқу, сонымен бірге, дәріс және семинар сабақтарды ерекше интерактивті әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Нақты курстағы басталған азаматтық құқықтық қатынастарын оқуын студенттер 4 семестрде "Азаматтық құқықтың ерекше бөлімі" және 5 семестрде "Отбасылық құқық" "Жер құқығы" курстарын оқумен жалғастырады.

"Азаматтық құқығы" курсы оқып бітіргеннен кейін емтихан тапсырады, емтихан үшін сұрақтар тізімі нақты жұмыс бағдарламасында көрініс тапқан. Ұсынылған әдебиеттер, негізгі нормативтік-құқықтық актілер тізімі осы курсты оқу үшін арналған.

# 1 тақырып. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҢ БІР САЛАСЫ.

1. Азаматтық құқық ұғымы.

2. Азаматтық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы

3. Азаматтық құқық принциптері

4. Азаматтық құқықтың жүйесі.

## 1. Азаматтық құқық ұғымы

Азаматтық құқық басқа құқық салаларынан өзінің реттеу пәні мен әдістерімен ерекшеленеді.

Азаматтық-құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар азаматтық құқықтың реттеу пәнін құрайды. ҚР АҚ 1-бабы былайша айқындайды: "Азаматтық заңдармен тауар - ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі". "Мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды".

Заттар мен өзге де материалдық игіліктерге қатысты құқықтар мен міндеттерді иелену және пайдалану жөніндегі қатынастарды мүліктік қатынастар деп түсінеді. Әдетте, мүліктік қатынастар объектісін ақшамен бағалауға болады. "Мүлік" термині азаматтық құқықта алты мағынада түсініледі: 1) заттар, 2) ақша, бағалы қағаздар, 3) жұмыс, қызмет 4) шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, 5) ақпарат, 6) мүліктік құқықтар.

Мүліктік емес жеке қатынастар - бұл материалдық емес игіліктер жөнінде адамдар арасында туындайтын және экономикалық мазмұны болмайтын қатынастар. Бұл қатынастардың екі тобы ажыратылады:

Мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастар (мыс. ғылым, әдебиет, өнер туындыларына авторлық құқыққа байланысты қатынастар);

мүліктік қатынастармен байланысты емес мүліктік емес жеке қатынастар (мыс. ар-намыс, қадір қасиет, іскерлік беделге байланысты қатынастар).

Сонымен, азаматтық құқық пәнін мүліктік және (немесе) мүліктік емес қатынастар құрайды.

Азаматтық - құқықтық реттеу әдісі деп олардың көмегімен мемлекет осы қатынастарға қатысушылардың керекті мінез - құлқын қалыптастыра алатын, қоғамдық қатынастарға ықпал ететін, реттейтін және оларды қорғайтын құралдар мен әдістер жүйесін айтамыз. Азаматтық-құқықтық реттеу әдісі рұқсат етуші ретінде болады, яғни белгіленген тәртіппен мемлекет тыйым салғаннан басқа іс - әрекеттің бәріне рұқсат етілуі. Рұқсат ету ретінде болатын

азаматтық-құқықтық реттеу әдісінің келесі белгілері болады: 1) тараптардың заңды теңдігі, 2) тараптар еркінің автономиялылығы, 3) тараптардың мүліктік дербестігі, 4) азаматтық құқықтарды сот тәртібінде басымдықпен қорғау, 5) азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мүліктік сипаты.

Азаматтық, құқықтың реттеу пәні және әдісіне сүйене отырып, мынадай анықтама келтіруге болады: азаматтық құқық дегеніміз - бұл заң тұрғысынан алғанда, бір-біріне бағынбайтын мүліктік оқшауланған субъектілер арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды рұқсат ету әдісімен реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

## 2. Азаматтық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы

Құқықтың сабақтас салаларынан азаматтық құқықтың айырмашылығы ең алдымен оның нысанасына қарай айқындайды. Құқықтың мүліктік қатынастарын реттейтін барлық салалары (мысалы, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық) реттейтін нысанасына қарай азаматтық құқықтан айқын ажыратылады. Ал мүліктік қатынастарды қамтитын құқықтың басқа салаларынан реттеу әдісімен ажыратылады.

Азаматтық және кәсіпкерлік құқықты ажыратуға тоқталайық. Азаматтық құқық кәсіпкерлік қызмет саласына жататын және бұл салаға жатпайтын барлық құқықтық қатынастарды реттеудің жалпы негіздерін анықтайды.

Конституциялық құқық құқық жүйесінде негізгі принциптерді, сондықтан ішінде азаматтық құқықтың негізгі бастауларын анықтайды. Конституциялық құқық меншіктің барлық нысанының теңдігін, оған қол сұқпаушылықты, кәсіпкерлік қызмет еркіндігін және т.с.с. белгілейді. Азаматтық құқық бұл ережелерді өзінің нормаларында нақтылайды.

Әкімшілік құқық бірқатар жағдайларда, азаматтық құқық сияқты мүліктік қатынастарды реттейді, бірақ, әкімшілік құқықтың реттеу әдісі билік ету бағынатын принципке негізделген. Бірақ әкімшілік актілер — азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуының бір негізі болып табылады. Әкімшілік тәртіпке жүзеге асырылатын лицензиялаудың азаматтық құқықта маңызы үлкен. Азаматтық құқық пен қаржы құқығының ара қатынасы да осыған ұқсас.

Қылмыстық құқықта мүліктік қылмыстар үшін жаза белгілей отырып, мүліктік қатынастарды реттейді (қорғайды). Азаматтық құқықтың қылмыстық құқықтық салалармен ара қатынасы қылмыстық процесте азаматтық талап арызды беру жолымен жүзеге асырылады.

Азаматтық процесс азаматтық-құқықтық дауларды сотта қарау тәртібін белгілейді, және оның реттеу пәні кең және еңбек, отбасы және өзге қылмыстық емес дауларды қамтиды.

Азаматтық құқық жердің, орманның және осыған ұқсас өзге объектілердің азаматтық айналымда айналысын реттейді, бірақ жер және экологиялық құқықтармен белгіленген шектеулермен.

**Еңбек құқығы** еңбек процесі жөнінде туындайтын қатынастарды реттейді және азаматтық құқықпен еңбек шартын мердігерлік шарттан ажырату кезінде тоғысады.

Азаматтық құқық отбасы құқығымен тығыз байланысты және ол азаматтық құқықтың көп түсініктерін пайдаланады (құқық және әрекет қабілеттілік, шарт және т.б.). Азаматтық құқық отбасы құқықтық қатынастарына субсидиарлы тәртіпте қолданылады.

## 2. Азаматтық құқық принциптері

Азаматтық құқық принциптері деп оның негізгі бастауларын, яғни заңмен тұжырымдалған азаматтық-құқықтық нормаларын мазмұны мен мәнін дұрыс түсінуге, оларды бара-бар түсіндіруге, арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге септігін тигізетін, заңдардың олқы тұстарын толықтыруға жәрдемдесетін іргелі идеяларды түсініледі.

Азаматтық құқықтың мынадай принциптерін атауға болады: азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесінің теңдігі; меншікке қол сұғылмайтындығы; азаматтық - құқықтық шарттың еркіндігі; мемлекеттің және барлық үшінші тұлғалардың жеке істерге және жеке өмірге араласпауы; азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері - кәсіпкерлер мен тұтынушыларды қорғау; несие берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; азаматтық құқықтардың қорғалуы. Принциптердің көбісі АҚ-тің 2-бабында көрсетілген және "Азаматтық заңдардың негізгі бастаулары" деп аталады.

## 4. Азаматтық құқықтың жүйесі

Азаматтық құқықтың бөлімдері, институттары және нормалары жиынтығының іштей логикалық байланыста және тәуелділікте болуын осы саланың жүйесі деп түсіну керек.

Қазақстанның азаматтық құқығы пандектілік жүйе моделімен құрылған, оның негізі рим құқығында қаланған, ал бұл модель бұдан бірнеше ғасыр бұрын герман құқығында барынша кен таралған.

ҚР Азаматтық құқық жүйесінің бірінші буыны жалпы ережелер болып табылады, оның ережелері азаматтық-құқықтық нормалар реттейтін қатынастар шеңберін, бұл нормалардың заңдық күші жөнінен арақатынасын, олардың уақыт ішінде, кеңістікте және адамдар жөнінде әрекет етуін, жарамдылық жағдайларын, түсіндірілуі мен жүзеге асырылуын анықтайды.

Жалпы ережелерден кейін азаматтық құқықтардың субъектілері, олардың құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі (құқық субъектілігі), құқық субъектіліктің пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері туралы бөлімдер келеді. Азаматтық құқық субъектілерінің жекелеген түрлері, заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі, өкілдіктер туралы мәліметтер де осында қамтылған.

**Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар** туралы заң нормалары келесі үлкен бөлім болып табылады. Бұл бөлім заттық құқықтар түсінігін, заттық құқықтар субъектілерінің өкілеттіктерін, олардың пайда болу және тоқтатылу негіздері, заттық құқықтарды бұзушылықтан қорғаудың әдістерін қамтиды.

Нақты тұлғалар арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін **міндеттемелік құқық** азаматтық құқықтың ең үлкен бөлімі болып табылады. Міндеттемелік құқық жалпы бөлімге және жекелеген институттарға бөлінеді. Жалпы бөлімде міндеттемелердің барлық түрлерін реттеу кезінде қолданылуға тиісті ережелер болса, жекелеген институттарда міндеттемелердің жекелеген түрлері (сатып алу-сату, мердігерлік, тасымалдау және т.б.) қамтылған. Оған шарттап қатыс міндеттемелер де кіреді.

Одан кейін **интеллектуалдық (санаткерлік) меншік құқығы** бөлімі орналасады. Бұл бөлім екі бөлімшеге - авторлық құқыққа және патенттік құқыққа бөлінеді. Азаматтық айналымның қатысушыларын дараландыру құрылдары туралы нормалар да осыған қосылады.

Азаматтың қайтыс болуына және қайтыс болған адам мүлкінің оның мұрагерлеріне өтуіне байланысты мұрагерлік қатынастарды реттейтін **мұрагерлік құқық** азаматтық құқық жүйесінің қорытынды бөлімі болады.

Шетелдік әлеместігермен күрделенген **халықаралық жеке құқық** деп аталатын бөлімді арнайы бөліп көрсету керек. Бұл бөлім қазақстандық азаматтармен және заңды тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарға түсетін шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғалардың заң жүзіндегі мәртебесін, сондай - ақ осы құқықтық қатынастарға таралатын және олардың ережелері бойынша қатысушылардың арасындағы даулар шешілуге тиісті құқықты таңдау өлшемін анықтайды.

Азаматтық құқықтың барлық институттарын екі бөлімге: **жалпы бөлім** және **ерекше бөлімге** топтастырылады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Азаматтық құқықтың реттеу пәнінің ерекшеліктері
2. Азаматтық құқықтың принциптері және оның еркішеліктері
3. Азаматтық құқықтың сабақтас құқық салаларымен ара қатынасы және айырмашылықтары
4. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің ұғымы.
5. Қазақстан аумағында күші бар азаматтық құқықтың негізгі қайнар көздері
6. Азаматтық құқықтық актілерінің мен “азаматтық заңдардың және “азаматтық құқық нормалары бар актілерінің ұғымдарының ара қатынасы
7. Азаматтық құқық қайнар көзінің жүйесі
8. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің қолданылуы
9. Азаматтық-құқықтық нормаларға түсінік
10. Заң аналогиясы мен құқық аналогиясы

## **Есеп**

1. Алданиязов пен Ғабитов алдын-ала шарт жасасады, ол шарт бойынша, Алданиязов өзінің меншік құқығындағы тұрғын үйін алдын ала шарт жасасқан күннен бастап бір жыл өткен соң өзара келіскен бағамен Ғабитовқа сатуға міндетті болады. Сонымен бірге бұл шартта тараптардың біреуі сату-сатып алу шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда, басқа тараптың шартты мәжбүрлеп жасату жөнінде талап арызбен сотқа жүгінуіне, кінәлі тараптан тұрғын үй құнының 20%-і мөлшерінде айып төлемін өндіріп алуына құқығы бар делінген. Алдын-ала шарт жасасқаннан кейін бір жыл өткен соң тұрғын үйлердің бағасы бірнеше есе өседі, сол себептен Алданиязов Ғабитовқа алдын ала жасасқан шарттағы келіскен бағамен үйді сатудан бас тартады. Ғабитов сотта алдын-ала жасасқан шартта қарастырылғандай, тұрғын үйді сату шартын Алданиязовқа мәжбүрлеп жасату жөнінде талап арызбен сотқа барады. Сату-сатып алу шартын жасасудан бас тарта отырып, Алданиязов алдын-ала жасалатын шарт жасасудың алғаш мүмкіндігі Азаматтық заңдар негіздерінің 60-бабында қарастырылғанына соттың назарын аударады. Ал Ғабитовпен 1991 жылы жасасқан шарт Азаматтық заңдар негіздері Қазақстан Республикасы аумағына енбей тұрғанда жасалғандықтан заңды күші жоқ деп санайды.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

2. Жасы толмаған 16 жасар Кәрімов пен 17 жасар Асаубаев Мәметовтың автокөлігін айдап кетіп, жолда жүру ережелерін бұзу нәтижесінде оны бүлдіреді. Мәметов Кәрімов пен Асаубаевқа зиянның орнын толықтыру жөнінде талап арыз береді. Кәрімовтың да, Асаубаевтың да өз қаражаты болмағандықтан, ақы тілеуші олардың ата-анасын ортақ жауапкершілікке тартуды сұрайды. Ата-аналар болса, АҚ-тің 932-бабы бойынша ортақ жауапкершілікке тек зиян келтірушілердің өздері ғана тартылады деген оймен ортақ жауапкершіліктен бас тартады. Олардың зиян келтіруге қатысы жоқ болғандықтан, АҚ-тің 932-бабының ережесі оларға жүрмейтінін, және олар біріккен түрде емес, үлестік түрде жауапты болатынын білдіреді. Онымен қоймай, Кәрімов пен Асаубаевтың ата-анасы АҚ-тің 932-бабы азаматтардың емес, ұйымдардың заңды тұлғалардың жағдайында ғана ортақ жауапкершілік туындайды деп санады. Кәрімов пен Асаубаевтың ата-анасының дәйектерін талдаңдар және істі шешіндер.

## **2. Тақырып. АЗАМАТТЫҚ ЗАҢДАР**

1. Азаматтық заңдар ұғымы

2. Азаматтық заңдардың құрамы

3. Азаматтық заңдардың уақытына қарай және кеңістікте қолданылуы

4. Азаматтық заңдардың қолданылуы



## 1. Азаматтық заңдар ұғымы

Азаматтық құқық нормалары ерекше жазбаша мәтіндермен бейнеленуі тиіс, құзыретті органдар қабылдайтын нормативтік құқықтық актілер осындай мәтіндер болып табылады. Белгілі шектерде құқық нормалары өзге (тіпті ауызша) нысанда да бейнеленуі мүмкін. Бірақ бұл - айтарлықтай сирек кездесетін жағдай. Азаматтық-құқықтық нормалардың негізгі бөлігі жазбаша түрде нормативтік құжаттарда жазылады - заңдар, Президенттің жарлықтары. ҚР Үкіметінің қаулылары және т.с.с. шығарылады. Жазбаша мәтін құқықтық норманың мазмұнын нақ, анық әрі бір мағыналы етіп баяндауға мүмкіндік береді. Жазбаша мәтін кез келген мүдделі адамды норманың дәл мазмұнымен таныстыруды оңайлатады, оңай түрліше түсінуін және қарама-қайшылықтарын жою мақсатында түрлі нормаларды асқан дәлдікпен салыстыруға мүмкіндік береді.

Құқық пен заңдардың айырмашылығы мынада: **құқық** дегеніміз - бұл заңдық нормалардың жиынтығы, ал **заңдар** дегеніміз - осы нормаларды біріктіретін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы. Құқық пен заңдардың құрылымында өзара айырмашылықтар бар. Құқықтық нормаларының тобы бір ғана іргелі заң - Азаматтық кодекске сүйенетіндіктен және барлық нормалар үшін біріңғай **объективтік белгі** - реттеу нысанасы мен әдісі бойынша құрылатындықтан, құқықтың бір саласы - азаматтық құқық аталған белгілер бойынша біртекті нормаларды ғана қамтиды.

Заңдар болса, заң актілерін қабылдау мақсаттарын, оларды қолдану міндеттері мен жағдайларын ескере отырып **субъективтік жолмен** қалыптастырылады. Сондықтан нақты заң шығару актісі немесе өзгеше нормативтік құқықтық акт азаматтық, әкімшілік іс жүргізу және құқықтың өзге де салаларының нормаларын қамтуы, яғни кешенді сипатта болуы мүмкін. Мысалы, Кеден кодексі осыған мысал бола алады.

Заң актілерін оларды неғұрлым тиімді зергітеу және қолдану мақсаттарын көздейтін кешенді тобы да болуы мүмкін. Заңдардың кешенді салалары (сала тармақтары) - құрылыс заңдары, көлік заңдары, кооперативтік заңдар және т.б. субъективті қалыптастырылады.

Сондықтан заңдардың белгілі бір актілерін пайдалануда белгілі бір заң құжаттарындағы нормалардың құқықтың қай саласына жататынын дұрыс анықтау қажет. ҚР Конституциясының 2 - бабына сәйкес Қазақстан біртұтас мемлекет болып табылады, сондықтан азаматтық заңдары да **бүкіл республика үшін бірыңғай** деп танылады.

Заң актілерінің бірлігін мынадан да көруге болады: ең жоғары деңгейдегі ведомстволық органдардың нормативтік актілері субъектінің азаматтық-құқықтық жағдайын оңай заң актілерінде белгіленген шегінде ғана айқындай алады.

Ұлттық банк немесе бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия шетелдік валютамен немесе бағалы қағаздармен мәміле жасайтын азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын анықтайтын көптеген

ережелер. қағидалар немесе өзге де осыларға ұқсас нормативтік актілер шығарады, бірақ олардың әрекеттері мынадай Заңдардың тікелей нұсқауларына сүйенеді: "Валюталық реттеу туралы" 1996 ж. 24 желтоқсандағы (7-бап), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 ж. 5 наурыздағы (11-бап), "Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 ж. 5 наурыздағы (1-бап) және басқа Заңдар. Өзінің қызметін атқару үшін азаматтық заңдар актілері тиісті заң күшіне ие болуы тиіс, оларды тиісті органдар тиісті тәртіппен шығаруы тиіс және талап етілетін барлық міндетті мағлұматтары болуы тиіс. Азаматтық заңдар актілерін дайындау, қабылдау, жариялау және күшіне енгізу тәртібі 1998 ж. 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңда көзделген жалпы ережелерге бағынады.

Заңдардың әрекет етуінің барынша маңызды мәселелерін ҚР Конституциясы шешім берген. Мәселен. Конституцияның 4-бабының 4-тармағы азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады деп белгілеген. Өмірде осынау маңызды талаптар үнемі сақтала бермейді, мұның өзі құқық бұзушылық пен дау-жанжалдың тууына әкеп соқтырады. Мұндай дауларды сот шешуі тиіс.

## 2. Азаматтық заңдардың құрамы

АҚ-ның 3-бабы азаматтық заңдардың құрамына, біріншіден, ҚР Азаматтық кодексі, оған сәйкес республиканың өзге де заңдары, ҚР Президентінің Заң күші бар жарлықтары, Парламенттің және оның палаталарының қаулылары; екіншіден ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары және Үкіметтің қаулылары кіреді деп анықтайды. Аталған нормативтік актілердің бірінші тобы заң актілері деген ұғымға бірігеді. Екінші тобы, заң актілерімен қатар, заңдар деген едәуір кең ұғымға кіреді. Заң актілерімен, заңдармен және өзге нормативтік құқықтық актілердің арасын ажыратудың зор практикалық маңызы бар, өйткені ол белгілі бір құқықтарды немесе міндеттерді нақ қандай нормативтік актілердің белгілеуге құзіретті болатынын тікелей көрсетуге мүмкіндік береді.

ҚР Конституциясының 61-бабы заң актілері реттей алатын қоғамдық қатынастардың шеңберін шектейді. Бұл шеңбер азаматтар мен заңды тұлғалардың құқық субъектілігін, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды, азаматтар мен заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігін, меншіктің және өзге де заттық құқықтар режимін. кәсіпорындарды және олардың мүліктерін жекешелендіруді, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және басқа да кейбір мәселелерді қамтиды. Өзге қатынастардың барлығы заңға негізделген актілермен реттелуі тиіс; Президенттің жарлықтары да, ҚР Үкіметтің қаулылары осыларға жатады. Бұл конституциялық қағидалар, азаматтық заңдарға да таралады. Ресей Федерациясының Модельдік Азаматтық

кодексі мен Азаматтық кодексі "заң актісі" терминінің орнына "заң" терминін қолданады. РФ АҚ-ның 3-бабы заңдардың құрамына Федерация Президенті мен Үкіметінің нормативтік актілерін енгізбейді, олар заңға тәуелді нормативтік актілердің жалпы ұғымы ішінде қала береді.

Азаматтық заңдардың нормалары императивті және диспозитивті болып бөлінуі мүмкін. Императивті нормалар тараптардың келісімімен өзгергіш емес. Мысалы, АҚ-ның 178-бабы талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл болып белгіленеді деп көрсетеді (1-тармақ). Бұл - сөзсіз талап, сондықтан тараптар шартта талап қою мерзімінің өзгеше ұзақтығын көздей алмайды. Егер олар осылай көздеген болса, дау туатын жағдайда бәрі бір 3 жылдық талап қою мерзімі қолданылады.

Заң кейде ұйғарымның императивтік сипатын арнайы атап көрсетеді. Мәселен, АҚ 2-баптың 2-тармағында былай деп жазылған: "Сенімхатты берген адам сенімхаттың немесе сенім ауысуының күшін кез келген уақытта жою алады, ал сенімхат берілген адам одан бас тарта алады. Бұл құқықтың бас тарту туралы келісім жарамсыз болады". Ал азаматтық заңдардың диспозитивтік нормалары құқық қатынастарына қатысушылардың келісімі (шарт) арқылы ондағы ережелерді өзгертуге рұқсат етеді (АҚ-ның 359-бабының 1-тармағы). Құқықтық нормалардың диспозитивтік сипаты азаматтық шарттың еркіндігі принципімен толығымен үйлеседі. Азаматтық заңдардың толып жатқан актілерінің ішінен іргелі және жүйе түзуші заң актісі - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні бөліп көрсету керек.

АҚ-ның Жалпы бөлімі 1995 ж. 1 наурыздан, ал Ерекше бөлімі -1999 ж. 1 шілдеден қолданысқа енгізілді. 1124 баптан тұратын Азаматтық кодексе қоғамдық қатынастардың барлық салаларындағы маңызды барлық азаматтық-құқықтық нормаларды қамтып, жүйелеп отырады. Нақ осы әрекет азаматтық құқықты біртұтас, іштей үйлестірілген құқық саласы ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Ал бұл, өз кезегінде, Азаматтық кодекстен басқа заң актілерінде қамтылған азаматтық-құқықтық нормалардың оған қайшы келмеуін талап етеді. АҚ-ның 3-бабының 2-тармағында бұл жөнінде тікелей айтылған. АҚ-ның өзінде көрсетілген қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын реттеу ерекшеліктерін актілердің үйлесімсіздігінен айыра білу керек. Мәселен, АҚ-ның 1-бабының 3-тармағы және 3-бабының 2-тармағы мынаны көздейді: азаматтық, отбасылық және еңбек қатынастарын, сондай-ақ табиғат ресурстарын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктері тиісінше отбасылық еңбек және т.с.с. заңдарда баянды етіледі, олар бұл тұрғыдан алғанда, АҚ-ның нормаларынан басымдылыққа ие болады.

Азаматтық және банк қызметі туралы заңдарының арақатынасы белгілі бір өзгерістерге ұшырады. ҚР Президентінің 1995 ж. 31 тамыздағы заң күші бар жарлығымен АҚ 3-б. 3-тармақтарына өзгеріс енгізілді, ол бойынша азаматтық және банк қызметі туралы заңдары арасында туатын қарама-қайшылықтарда банк заңдарына басымдылық беріледі. АҚ-ның

былайша өзгеруі азаматтық және құқықтың өзге де салалары арасындағы межелену принципін айқын бұзып тұрды. Сондықтан 1998 ж. 2 наурыздағы Заң арқылы АҚ-ның 3-бабының 3-тармағының қазіргі қолданыстағы редакциясы қабылданып, бұл принциптерді қалпына келтірді. Қолданыстағы редакцияға сәйкес, жария құқық қамтитын вертикальдық банк қатынастарын банк қызметі туралы заңдары реттеп отырады, ал банктердің өз клиенттерімен горизонтальдық қатынастарын, сондай-ақ банк клиенттері арасындағы банк арқылы қатынастарды - азаматтық заңдар реттейді.

АҚ-ның 3-бабы азаматтық қатынастарды әдеттер арқылы реттеуге жол береді, мұнда әдеттер ретінде осы жерде, халықтың осы этникалық (әлеуметтік) тобында қалыптасқан, азаматтық-құқықтық реттеумен қамтылған мінез-құлық ережелерін түсіну керек болар. АҚ "әдеттер" ұғымынан іскерлік айналым **әдеттерін**, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасқан ережелерді (мысалы, сатып алынған тауарларды жеткізу шығындарын әр түрлі мемлекеттерде тұратын сатушы мен сатып алушы арасында бөлу туралы) бөліп көрсетеді.

Іскерлік айналымның барынша маңызды және кең таралған әдеттері көбіне қағазға түсіріліп, жүйеленеді, жарияланады және қолдану үшін ұсынылады. Мысалы, Халықаралық сауда палатасы жасап шығарған Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелері - **"Инкотермс" ережелері** тауарларды халықаралық жеткізіп беру саласында кеңінен белгілі. Бұл, шын мәнінде, тауарларды жеткізіп беруші мен сатып алушы арасында тауарларды жеткізу жөніндегі міндеттерді бөлетін іскерлік айналым әдеттері. Тауарларды тасымалдауға, олардың шекаралардан, кедендік ресімдеуден өтуіне, сақтандыруға және т.с.с. байланысты шығындарды бөлу де осында баяндалады. Мұндай әдеттер тұтас жинақтар түрінде жарияланып, қайта қаралады және нақтыланады. белелді органдардың қолдануы үшін ұсынылады. Мысалы, FOB (FREE ON BOARD) терминіне сәйкес, шығындар мен тәуекелдің тауарларды жеткізіп берушіден сатып алушыға өтуі тауарларды портта осы тауарларды тасымадауға тиісті кемеге тиеуден басталады. CIF (COST, INSURANCE, FREIGHT) термині сатып алынған тауарларды жеткізу жөніндегі барлық шығындарды жеткізіп берушіге жүктейді және т.с.с. сатып алу-сату шартын жасаса отырып. тараптар өзара келісім бойынша осы терминдердің (CIF, FOB, DAFEX" және басқалары) біреуін таңдай алады. Шартты орындауда көрсетілген термин ережелері тараптар үшін міндетті болады.

Әдеттер (іскерлік айналым әдеттері) заңға немесе шартқа қайшы келмейтін жағдайда АҚ-ның 3-бабы оларды қолдануға жол береді. Сонымен, әдеттер заңға бағындырылған және диспозитивтік сипатта болады.

ҚР-сы мойындаған әрі өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық құқық нормалары бойынша барлық халықаралық шарттар (конвенциялар) Қазақстан заңдары алдында басымдылыққа ие болады. Бұл халықаралық шарт пен Қазақстанның заң актілері арасында карама-

қайшылықтар туатын жағдайда халықаралық шарттың нормалары қолданылуы тиіс дегенді білдіреді. Мұнда ҚР-сы бекіткен мемлекеттер арасындағы шартты халықаралық шарт деп түсіну керек (Конституцияның 4-б. 3-т.). Кейде ҚР Үкіметінің әр түрлі шетелдік корпорациялармен жасалатын түрлі үкімет аралық немесе ведомство аралық келісімдері бұған жатпайды. Бұл секілді келісімдер АҚ-ның 3-бабының 7-тармағына сәйкес берілетін халықаралық шарттар болып табылмайды, сондықтан қатақстандық азаматтық заңдардың императивтік нормаларына бағынуы тиіс.

### **3. Азаматтық заңдардың уақытына қарай және кеңістікте қолданылуы**

АҚ-ның 4-бабы азаматтық заң актілері олар күшіне енгізілгеннен кейінгі қатынастарға тиіс дегенді көрсетеді. Бұған дейінгі құқықтық қатынастарға олар пайда болған сәтте жасалған актілердің заңдық күші тиіс емес. Егер осы қатынастар шарттың негізінде пайда болса, кейінірек пайдаланылған заңдар осы түрдің шарттық қатынастарына өзгеше міндеттемелік талаптар қолдайтынға қарамастан, шарттың талаптары үшін сақталып (АҚ-ның 383-бабы).

Азаматтық заңдардың уақытқа қарай қолданылуы туралы ережелердің практикалық маңызы мынадай бірнеше принциптерге сүйенеді:

а) егер азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызатын, өзгертетін немесе тоқтататын заң актілері жаңа заң бойынша ондай құқықтық қатынастар пайда болғанға дейінгі түрінен өзгеше анықталған болса, онда мұндай құқықтық қатынастардың шындығы олар пайда болған кезде қолданылған заңдармен баяндалады;

б) заңдармен өзгеруі осыдан азаматтық-құқықтық қатынастарды өзгерте бермейді, олар заңды түрде пайда болған күйінде сақталады;

в) егер заң бұған дейін табыл салынбаған әлде бір әрекеттерді жасауға табыл салынған болса, онда мұндай әрекеттер тоқтатылуы тиіс.

Бұл ережелер "табыл кері күші болмайды" деген принциптің мазмұнын құрайды.

Алайда аталған принциптен мынадай кейбір ауытқуларға жол беріледі, оларды заң белгілейді:

- жаңа кері күш беру және оны ол қабылданғанға дейінгі қатынастарға тиіс етіну. Мысалы, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. 27 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) қолдануға енгізу туралы" Қаулысы АҚ-ның қолдануға енгізгенге дейін пайда болған коммерциялық заңды тұлғалардың ұйымдық құқықтық қатынастары 1998 ж. 1 қаңтарға дейін АҚ-да көрсетілген нысандарға өзгертілуі тиіс деп көзделген;

- жаңа заң қабылданғанға дейін пайда болған қатынастарды сақтайтын ережелердің нұсқаулары сақталғанымен, олардың мазмұны өзгереді. Мысалы, пәтер ақы, коммуналдық төлемдер мөлшерінің өзгеруі

және т.с.с. Жаңа заң кейде құқық түзуші маңызы бар мерзімдерге, мысалы, иелену мерзімдеріне кері күш береді. Керісінше, ҚР Жоғарғы Кеңесінің "ҚР-сының Азаматтық кодексін (Жалпы бөлім) қолдануға енгізу туралы" Қаулысының 5-бабына сәйкес АҚ-да көзделген талап қою мерзімі АҚ қолдануға енгізілгеннен кейін пайда болған міндеттемелер негіз болған дауларға қолданылады.

#### 4. Азаматтық заңдардың қолданылуы

Заң өмірде дұрыс қолданылуы үшін ол ең алдымен дұрыс түсінілуі тиіс, яғни керекті нұсқаманың дәлме-дәл мазмұнына толық сәйкестікте түсіндірілуі тиіс. Мұнда норманың ақиқат мазмұны тиісті заң ережесінің мәтінінен көп ретте өзінің ауызша мазмұнын жеткізе алмайтынын ескеру қажет. Мысалы, АҚ-ның 350-бабы былай деп көрсетеді: "1. Міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге ондай бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырып беруге міндетті". Норма жалпыға бірдей міндетті ереже ретінде тұжырымдалған. Алайда одан Азаматтық кодекстің басқа нұсқамаларында тікелей көзделген ауытқушылықтар болуы да мүмкін. Мысалы, 351-баптың 2-тармағында былай деп айтылған. "Зандарда немесе шартта залалдарды емес, тұрақсыздық айыбын ғана өндіріп алуға жол берілетін жағдайлар көзделуі ықтимал". Міне, сондықтан да АҚ-ның 350-бабының 1-тармағынан келтірілген мәтін шектеулікпен түсіндірілуі тиіс. АҚ-ның 6-бабы азаматтық заң нормаларын түсіндіруге арналған. Ол азаматтық заң нормалары оларда айтылған сөздердің дәлме-дәл мәніне сәйкес түсінілуі тиіс деп тікелей белгілейді.

АҚ-ның 5-бабы заңның ұқсастығы мен құқықтың ұқсастығын ажыратады. Заңның ұқсастығы кезінде оның олқылығы тікелей өзгеше болғанымен, ұқсас қатынастарды реттейтін нақты заң нормаларын қолдану арқылы жойылады. Көптеген мемлекеттердің, оның ішінде Ресей заңдарына мәлім агенттік шартты тікелей реттемейді. Алайда АҚ агенттік шарт жасасуға тыйым салмайды. Егер оларға қатысушылардың іс-әрекеттерін бағалауда тікелей заң ұйғарымдарының жоқтығына байланысты қиындықтар туатын болса, онда ұқсастығына қарай тапсырма шартын немесе комиссия шартын реттейтін нормалар қолданылуы ықтимал. Дегенмен, кейбір жағдайларда ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін нақты нормалардың жоқтығынан заңның ұқсастығын қолдану мүмкін емес. Мұндай жағдайда заңдардың жалпы бастаулары мен мәнін, адал, парасатты және әділ әрекет жасау талаптарын басшылыққа ала отырып, заңдардың олқылықтарын толықтыратын құқық ұқсастығын қолдануға болады (АҚ-ның 8-бабы). Мәселен, заң практикасында, АҚ-ның Ерекше бөлімі қабылданғанға дейін мүлікті сенімгерлікпен басқару мүліктің меншік иесі (акцияның меншік иесі) басқа адамға меншік иесінің мүддесі жолында мүлікті (акциялар пакетін) басқару ісін тапсырады. Шарт кейде сенімгерлікпен басқарушының мүлікті (акцияны) сату не оны кепілге беру құқығын да көздейді. Жекешелендіру барысында мемлекеттік

мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге қатысты кейбір заңгерлер сенімгерлікпен басқарушыға аталған құқықтарды беруге қарсы болады. Бұлардың пікірінше, ол меншік иесі болмағандықтан, мүлікті меншіктен алу (шығару) жөнінде мәміле жасауға құқығы болмайды. Жекешелендіруді өмірге әкелген шенеуніктердің пайдакүнемдік іс-әрекеттері фактілері, әдетте, бұған қарсы шығудың себебі болды. Бірақ назарды жекешелендіру ерекшеліктерінен басқа жаққа аударатын болсақ, онда әдеттегі жеке қатынастарда сенімгерлікпен басқарушыға белгілі бір құқықтарды, оның ішінде мүлікті сату, оны кепілге салу және т.б. құқықтарды беру меншік иесінің тәуелсіз құзіреті болады да, тараптардың келісімімен баянды етіледі. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының мазмұнын бұлайша түсіну құқықтың ұқсастығына — меншік иесі өкілеттілігінің абсолюттік сипатына және шарттың еркіндігіне сүйенді. Мұны қазіргі уақытта АҚ-ның 888-бабы растан отыр.

### Бақылау сұрақтар:

1. Азаматтық құқықтың қайнар көздері
2. Азаматтық заңдардың құрамының ерекшеліктері
3. Азаматтық заңдарды қолданылу шектері
4. Азаматтық заңнамалар
5. Азаматтық заңдардың уақыт бойынша қолданылуы
6. Азаматтық заңдардың кеңістіктегі қолданылуы
7. Азаматтық заңдардың субъектілерге байланысты қолданылуы

### Есеп

1. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыскердің денсаулығына зақым келтіріліп нәтижесінде, өлкәсіздік еңбек қабілеттілігінің 60%-нен айырылады. Жұмыскер келтірілген зиянның орнын толықтыру жөнінде ұсымаға талап арыз ұсынады. Сот зиян келтірушіге жәбірленушінің еңбек ақысына тиген зиянды, күтіміне кеткен шығындарды, оның қосымша тамақтануы менсанаторлық-курорттық емделуінің шығындарын қайтарқызып, талап арызды жартылай қанағаттандырады. Моральдық зиянды толтырудан сот бас тартады, өйткені бұл оқиға денсаулыққа зиян келтіру үшін жауапкершілік белгілеген Азаматтық заңдар негіздерінің 131-бабы Қазақстан Республикасы аумағына енбей тұрғанда орын алған болатын. Соттың шешімі дұрыс па? Қазақстан Республикасы аумағына азаматтық заңдар негіздері қашан және қалай енгізілді ?

2. Қыста балық аулау кезінде Әлиев мұз астына түсіп кетіп, суға бата бастайды. Жанында болған Сағымбаев пен Қасымов көмекке келіп оны судан шығарып алады. Бірақ, Әлиевті құтқа-рып жатып, Қасымов өзі мұз астына түсіп кетеді де аяғын үсітіп алады, кейіннен аяғынан айырылуға мәжбүр болады. Осыған байланысты Қасымов Әлиевтен келтірілген зиянның орнын толықтыруды талап етіп сотқа арызбен барады. Әлиев

болса, азаматтық заңдарда осындай жағдайлардағы келтірілген зиянды қарастыратындай құқық нормасы жоқ екенін айтып, талап арызға қарсылық білдіреді. Осы дауды қалай шешкен жөн болады?

### 3 тақырып. АЗАМАТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР.

1. Азаматтық-құқықтық қатынастар ұғымы және олардың түрлері.
2. Азаматтық-құқықтық қатынастардың мазмұны, субъектілері мен объектілері.
3. Азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.

#### 1. Азаматтық-құқықтық қатынастар ұғымы және олардың түрлері.

Қоғамдық қатынастар құқықтың түрлі салаларының нормаларымен реттеледі. Азаматтық құқық негізінен меншік қатынастарын және тауар-ақша айналымы саласында қалыптасатын қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық сондай-ақ мүліктік емес жеке қатынастарды да реттейді.

**Азаматтық-құқықтық қатынастар** дегеніміз азаматтық құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар.

**Азаматтық-құқықтық қатынастардың түрлері.** Азаматтық-құқықтық қатынастардың объектілеріне қарай мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастар ажыратылады. Мүліктік құқықтық қатынастар әрқашан мүліктік игіліктерге (мүлікке) қатысты туындайды және мүліктің нақты тұлғада болуымен не мүліктің бір тұлғадан басқа тұлғаға ауысуымен (шарт бойынша, мұрагерлік тәртібінде) байланысты. Мүліктік құқықтарды қорғау үшін мүліктік сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін (тұрақсыз төлем, зиянды өтеу және т.б.).

**Мүліктік емес құқықтық қатынастар** қадір-қасиет, абырой, іскерлік бедел, авторлық құқық және т.б. сияқты материалдық емес игіліктер жөнінде туындайды. Мұндай құқықтық қатынастарды қорғау үшін мүліктік шаралармен қатар (моральдық зиянды өтеу) мүліктік емес сипаттағы шаралар қолданылады (авторлықты тану, жария теріске шығару және т.б.).

Құқылы және міндетті тұлғаның өзара байланысының сипаты бойынша абсолюттік және салыстырмалы құқықтық қатынас болып бөлінеді.

**Абсолюттік құқықтық қатынастарда** құқық берілген адамға міндетті үшінші адамдардың беймәлім тобы қарсы тұрады. Салыстырмалы құқықтық қатынастарда нақты адам (адамдар) міндетті болып табылады, және міндеттемені орындауды талап етуге, ал орындалмаған жағдайда мәжбүрлеу шараларын тек осы міндетті тұлғаға қолдануға болады. Салыстырмалы құқықтық қатынастар құқық берілген тараптың да, міндетті тараптың да нақты тұлғаларын байланыстырады. Кез келген адам



абсолюттік құқықты бұзып алуы мүмкін, тиісінше, мұндай құқық субъектісіне оны кез келген адамның бұзылуынан қорғау құқығы ұсынылады. Салыстырмалы құқықты міндетті адам ғана бұза алады.

Құқығы тұлғаның мүдделерінің қанағаттандырылу сипатына байланысты **заттық және міндеттемелік азаматтық-құқықтық қатынастар** ажыратылады. Заттық құқықтық қатынастарда құқық берілген субъектінің затқа өзінің әрекетімен ғана жүзеге асатын құқығы болады ("өзі әрекет ету" құқығы). Заттық құқық субъектісі өзінің затқа деген мүддесін басқа адамдардың көмегіне жүгінбестен, затқа тікелей әсер ету жолымен қанағаттандыра алады. Міндеттемелік құқық субъектісінің затқа деген мүддесі басқа адамның белгілі бір әрекеттер жасауы жолымен қанағаттандырылуы мүмкін. Мұнда құқық берілген адам міндетті адамнан белгілі бір әрекеттер жасауды талап етуге құқылы. Зат қашан да заттық құқықтық қатынастардың объектісі болып саналады, ал міндеттемелік қатынастардың объектісі зат болмауы мүмкін. Мұнда құқық берілген адам міндетті адамнан белгілі бір әрекеттер жасауды талап етуге құқылы. Мәселен, сатып алушы сатушыдан өзіне затты беруді талап ете алады, ал сатушы оны сатуға, яғни белгілі бір әрекеттер жасауға міндетті. Зат қашан да заттық құқықтық қатынастардың объектісі болып саналады, ал міндеттемелік қатынастардың объектісі зат болмауы мүмкін.

## **2. Азаматтық-құқықтық қатынастардың мазмұны, субъектілері мен объектілері**

Азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтары мен субъективтік міндеттері оның мазмұнын құрайды.

**Субъективтік құқық дегеніміз** құқық берілген адамның мінез-құлқынан заңды жолмен қамтамасыз етілген шегі. Ол құқық берілген адамның белгілі дәрежеде өзінің әрекет етуі немесе міндетті адамнан белгілі бір әрекеттер жасауды талап ету мүмкіндігінен көрінеді.

**Субъективтік міндет дегеніміз** міндетті адамның байқалуға тиісті мінез-құлқынан заңды жолмен қамтамасыз етілген өлшемі. Субъективтік құқықтар мен міндеттер өзара тығыз байланысты, әрбір субъективтік құқықтың тиісті міндеті бар және керісінше.

Азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушы тұлғалар олардың **субъектілері** болып табылады. Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекет, әкімшілік-аумақтық бөлініс азаматтық құқықтың субъектілері бола алады. "**Жеке тұлға**" ұғымы ҚР азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қамтиды. Заңды тұлға мәртебесі болса, адамдар құратын ұжымдық құрылымдар (ұйымдар) азаматтық құқық субъектілері болып танылады.

**Заңды тұлға** деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес өзіндік құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымды айтамыз (АК 33-бап). Азаматтық-құқықтық қатынастардың **қатысушылары мемлекет пен**

**әкімшілік-аумақтық бөліністер** (облыстар, аудандар, қалалар және т.б.) болуы мүмкін, бұлар азаматтық-құқықтық қатынастарда осы қатынастардың өзге де қатысушыларымен тең негіздерде әрекет етеді (АК-ң 111, 112-баптары).

**Азаматтық-құқықтық қатынастардың объектілері** АК-ң 115-бабында аталған, мұнда олар мүліктік және мүліктік емес жеке игіліктер мен құқықтарға бөлінеді. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, бағалы қағаздар, жұмыстар, көрсетілетін қызмет, шығармашылық, интеллектуалдық қызметтің объективтелген нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және өзге де дараландыру құралдары, мүліктік құқықтың өзі де жатады. Мүліктік емес өзіндік құқықтар мен игіліктерге адамның өмірі, денсаулығы, ар-намысы, қадір-қасиеті, іскерлік беделі, игі атағы, жеке өміріне қол сұғылмайтындығы, жеке және отбасылық құпиясы, есіміне құқығы, авторлық құқығы, шығармаларына қол сұғылмау құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

### **3. Азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері**

Құқықтық қатынастар пайда болуы үшін нақты адамдар арасында нақты құқықтар мен міндеттер туғызатын нақты мән-жайлар – заңды фактілер қажет. Заңды факті дегеніміз заң құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын онымен байланыстыратын мән-жай.

АК-ң 7-бабы заңдық фактілерге арналған. Заңды фактілер іс-әрекет және оқиға болып бөлінеді. Ерікті мінез-құлық актілерін іс-әрекеттер деп түсінеміз. Олар заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер болуы мүмкін. Заңды іс-әрекеттер өзара құқықтық қатынастардың пайда болуына бағытталған. Бұлар мәмілелер (АК-ның, 147-бабы), оның ішінде шарттар. Үшінші тұлғалардың мақсатты іс-әрекеттерінен де құқықтық қатынастар тууы мүмкін. Әдетте бұған әкімшілік акт, соттың құқық белгілейтін шешімдері жатады.

Азаматтық-құқықтық қатынастарды туғызатын іс-әрекеттер заңсыз, яғни заңда тікелей тыйым салынған іс-әрекеттер болуы мүмкін. Мұндайда басқа тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетін жүктейтін құқықтық қатынастар пайда болады. Мысалы, бөтен мүлікті бүлдіру не оны заңсыз ұстап қалу.

АК-ң 7-бабы оқиғаларды, яғни қатысушылардың еркінен тыс пайда болатын мән - жайларды да заңдық фактілерге жатқызады. Мұнда, ең алдымен, табиғи фактілерді атау керек (адам өлімі, жанып кеткен сақтандырылған мүліктің құнын төлеу міндетін туғызатын найзағайдан өрт шығуы, табиғат апаттары және т.с.с.). Басқа адамдардың іс-әрекеттері құқықтық қатынастарға қатысушылар үшін объективті оқиға болуы мүмкін (мысалы, бөгде адамның үйді қасақана өртеуі өрт қоюшының жәбірленуші үй иесімен құқықтық қатынасы үшін заңсыз әрекет және үй иесінің

сактандыру компаниясымен құқықтық қатынасы үшін оқиға болып табылады).

Зандық фактілердің құқықтық қатынастардың дамуына ықпал етуіне қарай оларды құқықты туғызатын, құқықты тоқтататын және құқықты өгертетін фактілерге бөлуге болады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері
2. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілерінің ерекшеліктері
3. Азаматтық құқықтық қатынастардың басқа құқықтық қатынастардан айырмашылықтары
4. Занды факті азаматтық құқықтық қатынастың пайда болуының негізі ретінде
5. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықабілеттілігі
6. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде мемлекеттік орган
7. Азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін азаматтық нормалардың түсінігі

### **Есеп**

1. Он жыл бірге өмір сүрген ерлі-зайыпты Амановтар некесін бұзады. Сот мәжілісінде бірге жиған-терген мүлікті бөлу кезінде Аманова олардың бірге өмір сүрген кезеңінде күйеуі жазған кітаптың басылып шығуына байланысты, күйеуіне тиесілі қалам ақының жартысын алуға құқықты өкесін мойындауды сұрайды. Амановтың ойынша, Азаматтық Кодекстің 223-бабында қаралатындай қалам ақына ерлі-зайыптылардың ортақ жалпы меншігі деп санауға болмайды, өйткені ол қалам ақы әлі қолдарына тимеген. Аманова авторлық қалам ақы ерлі-зайыптылардың біреуінің оған не бөлу сәтінен емес, оның тағайындалу сәтінен бастап ортақ меншікке айналатыны жайлы сөз етілген заң ғылымының докторы жазған мақалаға сот назарын аудартады. Тура сондай түсінік Азаматтық Кодекстің бабына талдауда берілген. Сондай-ақ, осыған ұқсас істі қарастырған көрші аудан соты тағайындалған, бірақ алынбаған қалам ақыны бөлісу жөніндегі талап арызды қанағаттандырғанын білетінін айтады.

Осы іс бойынша шешім шығару кезінде сот нені басшылыққа алуы тиіс?

2. “Самал жауапкершілігі шектеулі серіктестік жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын негізінде құрылған акционерлік қоғамның акциялар пакетін сату жөніндегі саудада жеңіп шығады. Серіктестік пен мемлекеттік мүлік комитеті (меммүлікком) арасында акциялар пакетіне сату-сатып алу

шарты жасалады. Алайда, уақытша қаржы тапшылығын сылтау етіп, бекітілген уақытта шарт бойынша сатып алған акциялар пакеті үшін серіктестік ақша қаражатын аудармайды. Меммүлікком Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар “Жекешелендіру туралы Жарлығының 25-бабына сүйене отырып, акциялар пакетін сатып алу туралы шартын жарамсыз деп, оны саудаға қайта шығарады. Серіктестіктің ойын-ша, заң немесе басқа құқықтық акт талаптарына қарсы болатын жағдайларда ғана шартты жарамсыз деп санауға мүмкіндік беретін АҚ 158-бабын ұстану қажет. Ал тап осы жағдайда не заңға, не басқа бір құқықтық актіге қайшы келмейтін тек сату-сатып алу шартын орындауды кешіктіру ғана орын алып тұр. Сондықтан да бұл шартты жарамсыз деп танудың еш негізі жоқ деп санайды. Дау соттың қарауына беріледі. Осы дауды шешу үстінде сот азаматтық құқықтың қандай нормаларын басшылыққа алуы тиіс?

#### **4 тақырып. АЗАМАТТАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ.**

##### **1. Жеке тұлғалардың құқық субъектілігі.**

##### **2. Азаматтарды хабар-ошарсыз кетті және өлді деп тану.**

###### **1. Жеке тұлғалардың құқық субъектілігі.**

"Жеке тұлға" ұғымы ҚР АҚ 12-б. сәйкес ҚР азаматтарын, шетел азаматтарын, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарды біріктіреді. Азаматтық айналымда толық дәрежеде қатысу үшін жеке тұлға азаматтық құқық субъектілікті, яғни азаматтық құқық қабілеттілікті және әрекет қабілеттілікті иелену керек.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді олардың заңды өкілдерінің келісімімен жасайды. Мұндай келісімнің нысаны заңдарда кәмелетке толмағандар жасайтын мәміле үшін белгіленген нысанға сай келуге тиіс. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің табысына стипендиясына өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасауға құқылы.

Азаматтық құқық қабілеттілік-бұл азаматтардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді атқару қабілеті (АҚ 13-б.). Ол барлық азаматтарға бірдей танылады және азаматтың туылғанында пайда болады, қайтыс болуымен тоқтатылады

Азаматтың өз іс-әрекеттерімен азаматтық құқықтарды иелену және жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық міндеттер туғызып, оларды орындау қабілеттілігін оның **әрекет қабілеттілігі** деп аталады және ол кәмелетке толғанда, яғни 18 жасқа толғанда толық көлемде пайда болады (АК 17-б.). Мәмілелер жасау қабілеті мен деликт қабілеттілік әрекет қабілеттілік ұғымымен қамтылады. Яғни **әрекет қабілеттілік іс-әрекеттер жасаудың заңдылық қабілеті**, оларды басқару және олар үшін жауап беру қабілеті болып табылады.

Жасы он штыға жеткен кәмелетке толмаған адам егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін болса немесе оның заңды өкілдерінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса толығымен әрекетке қабілетті деп жариялануы мүмкін. Заң құжаттарында 18 жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, 18 жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемде әрекет қабілеттілікке ие болады (АК 17-б. 2-т).

АК 26-б. сәйкес, жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот **әрекетке қабілеттілігі жоқ** деп танылуы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді. Әрекет қабілетсіз деп танылған азамат тұрмыстық ұсақ мәмілелерді қоса алғанда, дербес түрде мәмілелер жасай алмайды және өзінің әрекеттері үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік атқармайды. Мәмілелерді оның атынан оның қамқоршысы жасайды. Әрекет қабілеттігі жоқ азамат сауыққанда немесе денсаулығы айтарлықтай оңалғанда, ол соттың шешімімен әрекет қабілетті деп танылады, оған белгіленген қамқоршылық алынап тасталады.

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың **әрекет қабілеттілігін** сот шектеуі мүмкін (АК 27-б.). Оған қорғаншылық белгіленеді. Әрекет қабілеттілікті шектеу үшін оның отбасының материалдық ауыр жағдайға тап болатынын шешуші рөл атқарады. Әрекет қабілеттілігі шектелген адам тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелерді жасауға, сондай-ақ жалақы, стипендия, зейнетақы, өзге де кіріс түрлерін алуға және оларға билік етуге ол тек қамқоршысының келісімімен жүзеге асыра алады. Азаматтың спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салынуы тоқтатылған соң соттың шешімімен азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу және оған қамқоршылық белгілеу алынып тасталады.

## **2. Азаматтарды хабар-ошарсыз кетті және өлді деп тану.**

Егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы бір жыл бойы деректер болмаса, мүдделі адамдардың өтініші бойынша сот оны **хабар-ошарсыз кетті**

деп тануы мүмкін (АК 28-б. 1-т.). Егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы 3 жыл бойы деректер болмаса, ал егер өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын жағдайларда 6 ай бойы хабар-ошарсыз жоғалып кетсе, мүдделі адамдардың өтініші бойынша сот оны өлді деп жариялауы мүмкін (АК 31-б. 1-т.).

Соғыс қимылдарына байланысты хабар-ошарсыз жоғалып кеткен әскери қызметшілерді және өзге адам соғыс қимылдары аяқталған күннен бастап кемінде екі жыл өткеннен кейін өлді деп жариялануы мүмкін (АК 31-б.).

Адамды өлді деп жариялау оны алдын ала хабар-ошарсыз кетті деп тануды талап етпейді.

Хабар-ошарсыз кетті деп танылған адамның мүлкіне сот шешімінің негізінде қорғаншылық белгіленеді. Қамқоршы хабар-ошарсыз кеткен адам асырауға міндетті жандарға осы мүлік есебінен қаражат бөлуді, сондай-ақ, оның салықтар мен басқа да міндеттемелер бойынша берешектерін өтеуді қамтамасыз етуі тиіс.


Азаматты өлді деп жариялау оның мүлкіне мұрагерлікті ашады, азаматтық хал актілерін жазу кітабына оның өлімі туралы жазылады да, тиісті куәлік беріледі.

Хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе өлді деп жарияланған азамат өзінің тұрғылықты жерінде пайда болса немесе оның тұратын жері анықталса сот азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе өлді деп жариялау туралы өз шешімінің күшін жояды (АК 30 және 32-б. 1-т.). Хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы шешім бұзылған адамның мүлкіне қамқоршылық жасау тоқтатылады. Бірақ қамқоршылардың соттың осындай шешімі шыққанға дейін жасаған мәмілелері өз күшін сақтайды.

Өлді деп жарияланған азамат өзінің тірі оралу уақытына қарамастан, кез келген адамнан оған тегін өткен, өзінің сақталған мүлкін қайтаруды талап ете алады. Өлді деп жарияланған азаматтың мүлкін ақылы мәміле арқылы алған адамдар, егер мүлікті алған кезде олар өлді деп жарияланған азаматтың тірі екендігі білгені дәлелденсе бұл мүлікті қайтаруға міндетті, ал ол жоқ болатын жағдайда

- шығынның орнын толтыруға міндетті. Мұнда өлді деп жарияланған азаматтың тірі екенін білген адам мүлікті алушымен бірге оны қайтару немесе құнын өтеу жөнінде ортақ міндет атқарады.

## Сызба1



1. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің ұғымы
2. Құқық қабілеттілігінің және "субъективті құқықтың ұғымдарының аrikaтанысы
3. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны
4. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің пайда болуы мен тоқтатылуы
5. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің ұғымы
6. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің мазмұны
7. Кәмелетке жасы толмағандардың әрекет қабілеттілігі
8. Әрекет қабілеттілігін шектеу және азаматтарды әрекет қабілеттігі жоқ деп танудың түсінігі мен негіздері
9. Хабар-ошарсыз кетті деп тану және оның құқықтық салдары
10. Азаматты өлді деп жариялау және оның құқықтық салдары

## **Есеп**

1. Он үш жасар Асхат Темірхан “Жас техник журналындағы сайысқа көпірлерді ажырастыру үшін өзен ағысының күшін пайдалану жайлы ұсынысын жібереді. Оның ұсынысы бірінші сыйлыққа ие болады да журнал редакциясы Асхатқа өнер-табыс патентін беру үшін өтініш қағазын толтыруды ұсынады. Асхаттың ата-анасының ойынша, патент авторы ретінде ата-ананың біреуі көрсетілуі тиіс, өйткені Асхаттың жасы небәрі 13-те және ол өз бетімен өнер-табыс патентіне байланысты барлық құқықтар мен міндеттерді орындай алмайды. Ата-ана өз пікірлерінің дұрыс екенін білу үшін таныс өнертапқышқа кеңесуге барады, ол болса ата-ананың авторлығын тану заңды болатынына күмәнданады. Бірақ Асхаттың да ойынша, ол өзі патент иесінің құқықтарын жүзеге асыра алмайды, өйткені патентке ие болу азаматтық құқықтар мен міндеттердің бірқатар жиынымен байланысты. Арнайы түсініктеме алу үшін Асхаттың ата-анасы заң қызметкеріне кеңес алу үшін арнайы келеді. Оларға қандай жауап берген жөн болар?

2. Атасының қайтыс болуынан кейін 10 жасар Арман Сариевтің меншігіне “Жигулиң автокөлігі өтеді. Автокөлік гаражда тұрды және баланың атасы қайтыс болғаннан екі жылдан астам уақыт оны ешкім де пайдаланған жоқ болатын. Біраз уақыт өткен соң Арман салық инспекциясына шақырылады, ол жерде оған көлік иелерінен алынатын салықты төлеу ұсынысы жасалады. Арманның ата-анасы оны әрекетке қабілетсіз, салықтар-ды өз бетімен төлей алмайды және салық қарым-қатынастарының субъектісі бола алмайды деп санады. Салық инспекциясы құжаттарды заң кеңесшісінің қарауына жібереді. Заң кеңесшісінің дәлелді қорытындысын құрастырындар.

## **5 тақырып. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР**

1. Заңды тұлғаның түсінігі, белгілері.
2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және заңды тұлғаны дараландыру құралдыры
3. Заңды тұлғанаң пайда болуы және тоқтатылуы.

### **1. Заңды тұлғаның түсінігі, белгілері.**

ҚР АҚ 33-б. 1-т. сәйкес заңды тұлға деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес



жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымды айтады. Занды тұлғаның дербес билігі немесе сметасы болуға тиіс.

**Занды тұлғаның белгілері:** -ұйымдық бірлік; -мүліктік оқшауланушылық; -дербес мүліктік жауапкершілік; -азаматтық айналымда өз атынан әрекет ету.

Мүліктік оқшаулық заңды тұлғаның атында заң құжаттары арқылы тиімділігі және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену шартдалу және оған билік ету құқығы. Көбінесе мүлік заңды тұлғаның меншік құқығында болады. Өзге жағдайларда заңды тұлғаның мүлкі шаруашылық жүргізу құқығы негізінде танылады мұндай құқықтарға тек мемлекеттік кәсіпорындар ие. Өйткені мүлікке меншік құқығы меншік несінің өзіне тиесілі болады, ал заңды тұлғаның мүлікке билік ету құқығына белгілі шектеулер қойылады. Ал мүлікті иелену және пайдалану құқығына шектеулер қойылмаған. Кейбір заңды тұлғалардың мүлікке ең шектеулі заттық құқық болып табылатын жедел басқару құқығы негізінде беріледі.

Ол міндеттемелері бойынша заңды тұлға өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Атаптан заңды тұлғаның борыштары бойынша оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның қызметкерлері, өзге заңды тұлғалар жауап бермейді.

## **2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және заңды тұлғаны дараландыру құралдары.**

Заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі олар мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап бір мезгілде пайда болады. (АК 42-б, 3-т.). Заңды тұлғалар құқық қабілеттілігінің жалпы және арнайы түрлері бар. Арнайы құқық қабілеттілік жағдайында заңды тұлға құрылтай құжаттарында көзделген, оның қызмет мақсаттарына сәйкес келетін азаматтық құқықтарды иеленеді және осы қызметпен байланысты міндеттер атқарады. Ол коммерциялық емес заңды тұлғаларда және мемлекеттік кәсіпорындарда болады. Жалпы құқық қабілеттілік жағдайында заңмен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті құқықтары иелену және міндеттерді атқару мүмкіндігі болады. Ол негізінен шаруашылық серіктестіктерде және өндірістік кооперативтерде болады. Заңды тұлғалардың кәсіпкерлік саласындағы құқық қабілеттілігі белгілі бір қызмет түрлерін лицензиялау жүйесімен шектелуі мүмкін.

Заңды тұлғаның органдары оның атынан әрекет етуге уәкілетті дара адамдар (директор, президент, басқарушы) не ұжымдық құрылым (жалпы жиналыс, басқарма, директорлар кеңесі және т.с.с) түрінде болады.

**Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері** заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан мүліктік және аумақтық оқшау бөлімшелері

болып табылады. Олар есептік мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Филиал мен өкілдік заңды тұлға болып табылмайды және салық құқығының субъектісі емес. Өз қызметін орталықтың ережесіне сәйкес атқарады.

**Заңды тұлғаны дараландыру құралдары** - бұл нақты бір заңды тұлғаны өзгелерінен ажыратуға мүмкіндік беретін құралдар. Мұндай құралдарға:

- заңды тұлғаның атауы(38 бап);
- заңды тұлғаның орналасқан жері(39-б.);
- заңды тұлға тауарларын қызметтерін дараландыру құралдары: тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі, тауардың шығарылған жерінің атауы.

### **3. Заңды тұлғанаң пайда болуы және тоқтатылуы.**

**Заңды тұлғаның пайда болуының** өкімдік, рұқсат ету және нормативтік әдістері бар.

Заңды тұлға міндетті түрде әділет органдарында тіркелуге тиіс. Тіркеу тәртібі арнайы нормативтік актілермен реттеледі.

Қайта тіркеу заңды тұлғаны қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкестендіруді білдіреді. АҚ 42-б. 6-т. сәйкес заңды тұлға мынадай жағдайларда қайта тіркелуге тиіс:

- 1) жарғылық капиталының мөлшері азайғанда;
- 2) заңды тұлғаның атауы өзгергенде;
- 3) шаруашылық серіктестіктегі және акционерлік қоғамдағы құрылтайшылардың құрамы өзгергенде

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылу түрлері:

- **қайта құру** (АҚ 45-б.), яғни заңды тұлға құқықтары мен міндеттерінің құқық мирасқорлық тәртібінде басқа заңды тұлғаға (бұрын болған не жанадан құрылған) ауысумен қызметінің тоқтатылуы (бөлініп шығаруды қоспағанда);

- **таратылуы** (АҚ 49-б.), яғни заңды тұлға құқықтары мен міндеттерінің өзгеге ауыспай қызметінің толығымен тоқтатылуы.

**Заңды тұлғаларды қайта құру түрлері:** қосу - бірнеше заңды тұлғалардың орнына бір жаңа заңды тұлғаның пайда болуы; **біріктіру-** бір заңды тұлғаның басқасына қосылуы; **бөлу-** бір заңды тұлғаның орнына бірнеше жаңа заңды тұлғаның пайда болуы; **бөлініп шығару-** қызметін тоқтатпай, бір заңды тұлғадан жаңа заңды тұлғаның пайда болуы. Мұндайда бастапқы заңды тұлға қайта тіркеуден өтуге тиіс (мүлкі өзгеруіне байланысты), ал бөлінген, жанадан пайда болған заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жатады; **өзгерту-** заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі.

Заңды тұлғаларды қосу, біріктіру, өзгерту кездерінде құқықтар мен міндеттер өткізу актісіне сәйкес жанадан пайда болған заңды тұлғаға

ауысады. Болу және бөлініп шығу кезінде құқықтар мен міндеттердің ауысуы болу балансына сәйкес рәсімделеді.

Банкроттық-борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.

Борышкердің жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі сот белгілеген оның дәрменсіздігі деп түсініледі.

**Заңды тұлғаны тарату дегеніміз** - бұл оны заңды тұлғалардың мемлекеттік тізімінен шығару жолымен заңды тұлғаны тоқтату.

Заңды тұлғаны тарату ерікті және ықтиярсыз болуы мүмкін. Ерікті тәртіппен тарату заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ құрылтай құжаттары уәкілдік берген заңды тұлға органының шешімімен кез келген негіздер бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлғаларды ықтиярсыз тарату соттың шешімімен жүргізіледі.

АҚ-ның 49-б. 2-т. сәйкес, соттың шешімі бойынша заңды тұлға: 1) банкрот болған; 2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге көлемінен сыртта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған; 3) заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған; 4) тиісті рұқсат алынбаған (шешендік) қызметті не заң құжаттарында тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не қызметін заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүргізген жағдайларды; 4) заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін, яғни ықтиярсыз тарату негіздерінің тізбесі толық емес.

Заңды тұлғаны тарату тәртібі АҚ 51 бабында баяндалған.

### **Висалыну сұррактары**

1. Заңды тұлға ұғымы
2. Заңды тұлға белгілері
3. Заңды тұлға туралы теориялар.
4. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі.
5. Заңды тұлға органдары
6. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.
7. Заңды тұлғаларды дараландырудың тәсілдері (тұрған жері, атауы, өндірістік маркасы, тауарлық белгісі, тауардың шыққан орнының аталуы)
8. Заңды тұлғалардың пайда болуы мен тоқтатылу негіздері
9. Заңды тұлғаларды құрудың тәсілдері
10. Құрылтай құжаттарының түрлері мен мазмұны

11. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
12. Заңды тұлғаларды қайта құру тәсілдері
13. Заңды тұлғаларды таратудың тәртібі

### Есеп

1. Кәсіпкер Ботаев “Жұлдыз жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өзге қатысушылардың келісімімен осы серіктестіктің жарғылық капиталына қаржылай салым салып серіктестікке құрылтайшы болып кіреді. Арада бірер уақыт өткеннен соң “Жұлдыз жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшыларының бірі - “Тұмар акционерлік қоғамы өзінің үлесін сатып, серіктестіктен шығу туралы шешім қабылдап, өз үлесінің сатылу бағасын көрсетіп серіктестіктің атқару органына бұл туралы жазбаша хабарлама жібереді. “Тұмар акционерлік қоғамының үлесін сатып алуға серіктестіктің тек екі қатысушысы ғана тілек білдіреді, олардың бірі кәсіпкер Ботаев, ал екіншісі кәсіпкер Мамытқанов болатын. Алайда, олар сатылатын үлестің бағасын қымбат деп тауып сатушы ұсынған баға бойынша үлестің тек жартысын ғана сатып алуға даяр екендіктерін айтады. Өз үлесін неғұрлым жылдам әрі тұтастай сатуға мүдделі болған “Тұмар акционерлік қоғамы тілек білдірушілерге өзінің үлесін жартылай емес толық сатқысы келетіндігіне сілтеп үлесті оларға сатудан бас тартады.

Көп уақыт өтпей “Тұмар акционерлік қоғамы өзінің үлесін тұтастай сатып алуға ниет білдірген “Мұзарт жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне бастапқы баға бойынша өз үлесін толығымен сатып жібереді. Бұл жайды естіп білген Ботаев пен Мамытқанов “Тұмар акционерлік қоғамы олардың үлесті сатып алу басымдылық құқығын бұзды деп санап, үлесті сатып алу шартын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыз береді? Ботаев пен Мамытқановтың талабы қанағаттандыруға жата ма? Егер “Тұмар акционерлік қоғамы өзінің үлесін бастапқыда белгіленген бағадан едәуір арзан бағаға сатып жіберсе Сіздердің шешімдеріңіз өзгерер ме еді? Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша қалай жауап береді? Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын азайтудың тәртібі жайлы баяндап беріңіздер? Қандай жағдайларда жауапкершілігі шектеулі серіктестік мемлекеттік тіркеуге алынбайды?

2. Минералды және экологиялық таза табиғи су өндірумен айналыспақшы болған “Бастау қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі 2002 жылдың қазан айында коммерциялық жобаны жүзеге асыру мақсатында банктен қысқа мерзімге ірі көлемде несиеленеді. Алайда, табиғи су қорының кеннеттен тар-тылып скважиналардың жабылуы салдарынан “Бастау қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі біршама шығынға ұшырап, ақыры жоспарланған коммерциялық жобаны тоқтатуына тура келеді. Несиені қайтарып беру мерзімі жеткенде серіктестіктің банкке төлеуге тиіс

ақша соммасы мен мүлкі жетпейтін болып шығады және сонымен бірге “Бастау қосымша жауапкершілігі бар серіктестігінің төрт қатысушысының бірі болып табылатын “Юмпекс жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттыққа ұшырағаны анықталады. Осы жағдайда “Бастау қосымша жауапкершілігі бар серіктестігінің міндеттемесі бойынша оның қатысушылары қалай жауап беруі тиіс?

Мысалға, қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталының жалпы мөлшері 800000 мың теңгені құраса, оның ішінде: 1-ші қатысушының үлесі 10%; 2-ші қатысушының үлесі 15%; 3-ші қатысушының үлесі 35%; 4-ші қатысушы, яғни “Юмпекс ЖШС-нің үлесі 40% құраса, қатысушылардың жауапкершілік мөлшері қандай мөлшерде болмақ? Заң нормаларына негіздеп осы мәселе бойынша шешім қабылдаңыздар. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің қызметін реттейтін Қазақстанда қандай заң бар? Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері заңмен белгіленген бе?

## **6 тақырып. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

### **1. Заңды тұлғаның саралануы**

#### **2. Комерциальнак заңды тұлғалар**

#### **3. Комерциальнак емес заңды тұлғалар**

##### **1. Заңды тұлғаның саралануы**

АК нормаларына сәйкес заңды тұлғалардың түрлері мынадай негіздер бойынша жіктеледі:

• Заңды тұлғаларға немесе олардың мүлкіне қатысты құрылтайшылардың (қатысушылардың) құқықтарына байланысты:

1) заңды тұлғалар, 2) міндеттемелік құқыққа негізделген заңды тұлғалар, 3) құрылтайшылары (қатысушылары) заңды тұлға мүлкіне ешқандай құқықтарды сақтамайтын заңды тұлғалар,

• Заңды тұлғаның мүлкі негізделетін меншік нысанына қарай:

1) мемлекеттік заңды тұлғалар, яғни мүлкі үлестерге немесе акцияларға бөлінбеген және біртұтас мүлік ретінде толығымен мемлекет меншігіне жататын заңды тұлғалар. (мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер.).

2) мемлекеттік емес заңды тұлғалар, яғни мүлкі жеке меншікте болатын заңды тұлғалар.

- Занды тұлғалар қызметінің мақсаттарына байланысты (АК 34-б.): негізгі мақсаты табыс табуды көздейтін ұйым коммерциялық заңды тұлғалар деп аталады. Олар тек мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер нысандарында ғана құрыла алады. 2) негізгі мақсаты пайда табуды көздемейтін және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін коммерциялық емес заңды тұлғалар. Олар мекемелер, мемлекеттік мекемелер, акционерлік қоғамдар (мыс., қор биржасы, зейнетақы қоры), қоғамдық қорлар, қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, тұтынушылар кооперативтері, қауымдастықтар (одақтар) және заң актілерінде көзделген өзге де нысандарда құрылуы мүмкін (АК 34-бап).

## 2. Коммерциялық заңды тұлғалар

**Шаруашылық серіктестік** деп жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйымды айтамыз.

Ақша бағалы қағаздар, заттар мүліктік құқықтық, санаткерлік қызмет нәтижесі құқығын қоса алғанда және өзге де мүлік шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салынатын салым болады.

Құрылтайшылардың жарғылық капиталға заттай нысанда немесе мүліктік құқықтар түрінде салған салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады.

АК шаруашылық серіктестіктердің келесідей түрлері бекітілген:

- 1) толық серіктестік
- 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- 3) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
- 4) сенім серіктестігі

Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне бөлінген коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестік деп танылады. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдары есебінен құрылған, сондай-ақ шаруашылық серіктестік өз қызметі үрдісінде өндірген және алған мүлік меншік құқығы бойынша серіктестікке тиесілі болады (АК 58-бап).

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік **толық серіктестік** деп табылады (АК 63-бап). Толық серіктестіктің қатысушылары екеуден кем болмауға тиіс, егер онда бір қатысушы қалса, ол таратылуға жатады. Атаптық бір ғана толық серіктестіктің қатысушысы бола алады.

**Сенім (командиттік) серіктестік** деп серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салнахшалардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан да көп қатысушыларды енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестікті айтамыз (АК 72-бап). Салымшылар серіктестікті басқаруға қатыспайды, олар тек серіктестіктің жылдық есебімен танысуға серіктестіктің табысының бір бөлігін алуға серіктестік таратылған кезде қалған серіктестік мүлкінен өздеріне тиесілі бөлікті толық серіктестер арасында артықшылықпен алуға қаржылық жыл аяқталғаннан кейін серіктестіктен шығуға құқылы.

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік** деп бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестікті айтады, оның қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты заңдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді (АК 77-бап).

**Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік** деп қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған кезде өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестікті айтамыз (АК 84-бап).

**Акционерлік қоғам** деп өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлғаны айтамыз. Акционерлік қоғамның акционерлері АК-те көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді (АК 85-бап). Жарғылық капиталының басым бөлігін басқа заңды тұлға қалыптастырған не олардың арасында жасалған шартқа сәйкес негізгі ұйым осы ұйымның қабылдайтын шешімдерін

айқындай алатын заңды тұлға еншілес ұйым деп аталады. Егер акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының 20 пайызынан астамы басқа (қатысушы, ) заңды тұлғаныкі болса, ол тәуелді қоғам деп танылады (АК 95 - бап). Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестікті өндірістік кооператив деп атаймыз (АК 96-бап). Өзінің еңбекке қатыуы (жай алғанда, кооператив мүшесі онда жұмыс істеуі тиіс) факторы өндірістік кооперативтің акционерлік қоғамнан және шаруашылық серіктестіктен айырмашылығы болады, ал кейінгілердің қатысуы ақша енгізумен аяқталатын қатысушының оларда жұмыс істеуі міндетті емес болатын. Басқаша айтқанда өндірістік кооператив дегеніміз – бұл ең алдымен еңбек бірлестігі, ал шаруашылық серіктестік – бұл ең алдымен капиталдар бірлестігі. Кооператив мүшелері кооператив борыштары бойынша қосымша міндеттер көтереді. Коммерциялық заңды тұлға ретінде мемлекеттік кәсіпорын өзіне тиесілі мүліктің меншік иесі болып есептелмейді – оның меншік иесі мемлекеттің өзі – және осы кәсіпорындар иеленіп отырған мүлікке заттық құқыққа қарай өз қызметін жүзеге асырады. олар АК-нің 102-бабының 1-тармағына сәйкес: 1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген, 2) оралымды басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындарға бөлінеді. Мұның кейінгісі «қазыналық кәсіпорын» деген арнайы терминмен аталады.

**Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын.** Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті мемлекеттік меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану, және оған билік ету құқықтарын заңнамалық актілерді белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады.

**Қазыналық кәсіпорын.** Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын қазыналық болып табылады. Қазыналық кәсіпорынның қызметі мемлекеттік тапсырысты бөле отырып, мемлекеттік басқару органы бекітетін смета бойынша өз табысының есебінен қаржыландырылады.

### **3. Коммерциялық емес заңды тұлғалар**

Соңғы кездері коммерциялық емес ұйымдардың әр алуан түрлері көптеп құрыла бастады. Олардың құқықтық жағдайын айқындау барысында заңды тұлғаны коммерциялық емес ұйым қатарына жатқызудың екі негізіне мән беру керек:



- пайда табу олардың басты мақсаты емес

- таңдан табысты олар қатысушылар арасында бөлуге құқығы жоқ

Коммерциялық емес ұйымдардың түрлері:

- Мекеме
- Қоғамдық бірлестік
- Акционерлік қоғам
- Тұтыну кооперативі
- Қор
- Дін бірлестік
- Заңды тұлғалардың қауымдастығы

**Мәселе** деп басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыруы үшін құрылтайшы құрған және қаржыландыратын ұйым танылады (АК 105-бап).

ҚР-да **қоғамдық бірлестіктер** болып, саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері танылады (АК 106-бап). Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайданы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым **қоғамдық қор** деп танылады (АК 107-бап).

Өзіннің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын ірістері тек қана осы қоғамды дамытуға пайдаланатын заңды тұлға **коммерциялық емес акционерлік қоғам** деп танылады.


Қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі **тұтыну кооперативі** деп аталады (108-бап).

Рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі **дін бірлестік** деп танылады (АК 109-бап).

Коммерциялық ұйымдар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ жаппы мүліктік мүдделерін білдіру мен қорғау мақсаттарында өзара, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен бірлескен шарт бойынша **қауымдастықтар (одақтар)** нысанында бірлестіктер құра алады.

Сызба 2

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ



### Бақылау сұриктары:

1. Таңды тұлғалардың қызметінің мақсаттарына байланысты саралану
2. Коммерциялық ұйымдардың құқықтық жағдайы
3. Шаруашылық серіктестіктері: толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
4. Акционерлік қоғам
5. Өндірістік кооператив
6. Мемлекеттік кәсіпорындар
7. Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайы
8. Тұтыну кооперативтері
9. Қоғамдық бірлестіктер;
10. Қорлар
11. Діни ұйымдар
12. Мекемелер
13. Таңды тұлғалардың бірлестіктері

### Есеп

1. "Әліне жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушылары осы серіктестікке қатысуына "Өркен акционерлік қоғамын серіктестіктің қатысушылар қатарынан шығару туралы шешім қабылдайды. Себебі АҚ-ның бухгалтері ЖШС-тің коммерциялық құпия болып табылатын қаржылық ақпараттың рұқсатсыз жария етіп жіберген. ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысына қатысқан АҚ-ның өкілі қателік біткен АҚ бухгалтері қазір жұмыстан босатылғанын және оның заңды түрде ретінде АҚ органы болып табылмайтынын, демек "Өркен АҚ оның заңсыз өрекеті үшін жауапты еместігін мәлімдейді. Тіркеу органы келесі негіздемелер бойынша "Өркен АҚ-ын қатысушылар қатарынан шығаруды рәсімдейтін ЖШС-тің құрылтай құжаттарына өзгерістерді енгізуден бас тартады; шаруашылық серіктестігінен мүшелерді шығару тек сот шешімімен жүзеге асырылады, өйткені ЖШС жарғысында қатысушылардың жалпы жиналысының сәйкес құқығы қарастырылмаған. Осы жағдайға талдау жасап және тараптар дәйектерінің заңға сәйкестігін бағалыңыз. Заңды тұлғаның қайта құру деген не? Ол қандай түрде жасалуы мүмкін? Шаруашылық серіктестіктен мүшеліктен шығарудың қандай негіздері мен тәртіптерін білесіздер?

2. “Шығанақ, Айманов және компанияң толық серіктестігінің үш қатысушыларының біреуі Айтбаев мырза “Еркін акционерлік қоғамына тиімді мәміле жасасуды ұсынады. Өзінің өкілеттілігін растау үшін, шартқа қол қою кезінде Айтбаев мынадай құжаттарды ұсынады: толық серіктестіктің құрылтай шартының нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін, одан Айтбаевтың толық серіктестіктің қатысушысы екені; толық серіктестіктің жарғылық капиталының 80%-нің иесі — “Шығанақ, Айманов және компанияң фирмасының Айтбаевқа берілген мәміле жасасуға құқық беретін сенімхаты; құрылтай шарты бойынша серіктестік істерін жүргізуге тапсырылған Айманов мырзаның шарт жасалуына қарсылығы жоқ екенін растайтын өз қолымен жазған хаты Айтбаевтың үйінің адресі мен телефоны көрсетілген визит карточкасы бары анықталады. Айтбаевтың өкілеттілігін растау үшін қандай құжаттар қажет?”

## **7. Тақырып. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ.**

- 1. Азаматтық құқықтар объектілеріне жалпы сипаттама**
- 2. Мүлік - азаматтық құқықтар объектісі ретінде**
- 3. Азаматтық құқықтар объектісі - мүлікті саралау**
- 4. Ақша және бағалы қағаздар**
- 5. Мүліктік емес жеке құқықтар**

### **1. Азаматтық құқықтар объектілеріне жалпы сипаттама**

Объект - бұл құқық субъектісі ықпал ететін немесе ықпал ете алатын нәрселердің бәрі.

Мүліктік және мүліктік емес жеке игіліктер мен құқықтар азаматтық құқықтар объектілері бола алады (АК 115-б. 1-т.).

Азаматтық құқықтың субъектілерінің материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыра алатын, әдетте, ақшалай бағалауға жататын материалдық заттарды және өзге құндылықтарды мүліктік игіліктер деп түсінеміз. Мүліктік игіліктерге субъективтік құқықтарды мүліктік құқықтар деп түсінеміз.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға: заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, бағалы қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымдарды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік, құқықтар мен өзге де мүлік жатады.

Мүліктік игіліктер мен құқықтардың АК-да келтірілген тізбесі шектеулі емес. Мысалы, қазіргі уақыт үшін маңызды болып табылатын ақпарат секілді мүліктік игілік АК-ке енгізілмеген.

Азаматтық құқық субъектілерінің жеке тұлғасымен ажырамастай тығыз байланысты құндылықтар мүліктік емес жеке игіліктерге жатады, ал мүліктік емес жеке құқықтар дегеніміз - бұл аталған құндылықтарға

құқықтар болып табылады. Мысалы, адамның өмірі мүліктік емес жеке игіліктерге, ал өмір сүру құқығы — мүліктік емес жеке құқықтарға жатады. АҚ 115-б. 3-т. сәйкес негізгі мүліктік емес жеке игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ іскерлік белең, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар.

## 2. Мүлік - азаматтық құқықтар объектісі ретінде

АҚ 115 - б. 2-тағы мүліктің заңдық ұғымына мүліктік игіліктер мен мүліктік құқықтарды біріктіреді. АҚ мүлік ретінде бірқатар жағдайларда мүліктік көрсеткіштер құрамына талап ету құқықтары мен борыштарды да қосады (119-бабтың 2-тармағы).

Мүліктің мынадай негізгі түрлерін бөліп көрсетуге болады: 1) заттар; 2) ақша және бағамы қалалар; 3) жұмыстар және көрсетілетін қызметтер; 4) шығармашылық интеллектуальдық қызметтің нәтижелері; 5) ақпарат; 6) мүліктік құқықтар.

Заттар мүліктің кең таралған түрі. Адам қолымен жасалған, сондай-ақ табиғаттың өзі жаратқан және табиғи қасиеттері бар нәрселерді заттар деп түсінеді. Зат нысанында көрінетін адам еңбегінің өнімдерін де заттар деп түсінеді, энергияның түрлері де (мысалы, жылу, электр энергиялары) заттардың қатарына кіреді, өсімдіктер мен жануарлар да заттар ретінде табылады.

Жеміс, өнім және табыс болып табылатын заттардың құқықтық режимінің кейбір ерекшеліктері бар. Мүліктерді пайдалану нәтижесінде алынған түсім (өнімдер, өнімдер, табыстар), егер заңдарда немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзденмесе, осы мүлікті заңды негізде пайдаланушы өзіне тиесілі болады (АҚ 123-баба). Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік әрекетінің құлазығы бар табиғи өнімдерін, мысалы, жеміс ағаштарының жемістерін, шайып жатаратын, жануарлардың төлін, жүн, сүт, жұмыртқа секілді өнімдіктер мен жануарлардан алынатын өнімдерді **жемістер деп** түсінеді.

Тіптең барысында басқа заттарды пайдалану арқылы жасалған заттарды өнімдер деп түсіну керек (мысалы, наубайханада пісірілетін нан, тігін өндірісінде шығарылатын тігін бұйымдары және т.с.с.).

Затты (заттарды) пайдаланудан немесе өнім шығару әрекетінен алынатын ақшалай және өзге түсімдерді **табыстар деп** түсіну керек.

**Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.** Азаматтық құқықтардың объектілері болып табылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер - бұлар адамның мақсатты іс-әрекетінің элементтері, олар өзінше материалдық игіліктер болып табылады.

Олардың арасындағы айырмашылықтар мынада: жұмыстар, жұмыс процесінің өзіне берілетін материалдық нәтиже береді (мысалы, мердігерлік шарт негізінде жұмыс жүргізу нәтижесінде құрылыс жүргізіледі). Бұл жағдайда құрылыс жұмыстарының өзі құқық объектісі

болады, әрі зат ретінде құрылыстың өзі құқық объектісі болады. Қызмет көрсетудің материалдық нәтижесі болмайды.

Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, егер олардың тауарлық сипаты болса, басқа тұлғаларға тұтыну құны ретінде арналған болса, онда азаматтың құқық объектілеріне айналады. Мысалы, иесінің өз пәтерін жөндеуі құқық объектісі болмайды. Керісінше, мердігерлік шарт бойынша басқа адамдардың пәтерін жөндеу азаматтық құқық объектілері болып табылатын жұмыстарға жатады.

**Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері** азаматтық құқықтар объектілерінің дербес түрі, мүліктің ерекше түрі болып табылады. Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне, атап айтқанда, мыналар жатады: ғылым мен өнер шығармалары, дыбыс және бейне шығармалары, өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекция жетістіктері, интегралдық сызбалар топологиясы және шығармашылық интеллектуалдық қызметтің кейбір басқа нәтижелері жатады. Оларға фирмалық атаулар, тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері және т.б. теңестірілген.

**Ақпарат.** Ақпарат - бұл оны адам қабылдай алатындай нысанда (тікелей немесе әр түрлі механизмдер мен құралдардың көмегімен жанама түрде) объективті бейнелейтін нәрселер туралы немесе адамдар туралы мәліметтер.

РФ Азаматтық кодексінде ақпарат тікелей азаматтық құқық объектілері түрлерінің біреуі ретінде көрсетілген (128-бап). Ал ҚР Азаматтық кодексінде ол құқық объектісі ретінде "басқа мүлік" ұғымымен қамтылған (115-бап). Мысалы, сатып алу-сату міндеттемесінде ақпарат азаматтық құқықтардың объектісі бола алады.

ҚР Азаматтық кодексінде ақпараттың кейбір түрлері ғана, мысалы, ақпараттың ерекше түрі болып табылатын шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері, сондай-ақ ақпараттың қызметтік және коммерциялық құпия секілді түрі арнайы реттеледі.

Азаматтық заңдар қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қорғайды (АК 126-б. 1-т.). Бір мезгілде мынадай үш белгісі бар ақпарат қана қорғалуға жатады: үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны бар; үшінші жақтың ақпаратпен заңды негіздерде танысу мүмкіндігі жоқ; ақпарат иесі оның құпиялылығын сақтау шараларын қолданады.

Қызметтік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттың құрамы мен көлемін заң анықтайды, ал заңның тиісті нұсқамасы болмайтын жағдайларда - коммерциялық құпия жөнінде кәсіпкерлер, қызметтік құпияға қатысты мемлекеттік органдар анықтайды.

Қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз жолдармен алған адамдар, сондай-ақ еңбек шартына немесе келісім-шартқа, азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан, осындай құпияны жария еткен қызметшілер келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

**Мүліктік құқықтарға** - заттық құқықтар (мысалы, жерді тұрақты пайдалану құқығы), сондай-ақ міндеттемелік құқықтар (мысалы, құқықты беру кезінде несиенің берушінің борышқордан берешегін алу құқығы) жатады. Интеллектуалдық меншік құқығы да мүліктік құқықтардың қатарына жатады.

**Мүліктік кешендер.** Көптеген жағдайларда мүлік, мүліктік кешен ретінде көрінеді. Капитал, кәсіпкерлік іс, кәсіпорын осындай мүліктік кешендердің қатарына жатады.

Заң бойынша, капиталдың көптеген түрлері бар. Мәселен, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы" 1995 ж. 26 желтоқсандағы ҚР Заңында меншікті капитал туралы сөз болады, ол субъектінің міндеттемелерін шегеруден кейін қалған оның активтерін білдіреді. АҚ шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталы туралы норманы қамтиды. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқық интеллектуалдық қызмет нәтижесіне құқығын қоса алғанда және өзге де мүлік шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салынатын салым бола алады (АҚ 39-б. 1-т.). Акционерлік қоғамның жарияланған жарғылық капиталы шығарылатын болып жарияланған барлық акциялардың атаулы жиынтық құнынан тұрады (АҚ 88-б. 1-т.).

Жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік ісі заңда көзделген мүліктік кешеннің бір түрі болып табылады. Кәсіпкерлік іс, мүліктік құқықты қоса алғанда, жеке кәсіпкер болып негізінде және сол арқылы өз қызметін жүзеге асыратын мүліктің жиынтығы ретінде анықталады ("Жеке кәсіпкерлік туралы" 19.07.97 ж. заңның 14-б. 1-т.).

Кәсіпорын ерекше мүліктік кешен болып табылады. Заңда және тәжірибеде кәсіпорын көбіне құқық субъектісі ретінде көрінеді. Құқық объектісі - кәсіпорын - бұл кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын мүліктік кешен. Ол өзінің кәсіпорын ретінде өмір сүруіне қажетті мүліктің барлық түрлерін, оның ішінде үй-жайларды, ғимараттарды, құрал-жабдықтарды, саймандарды, инвентарды, өнімді, жер учаскесіне құқықты, таян-ету құқығын, борыштарды, сондай-ақ оның қызметін дивидендтарын белгілерге құқықты (фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және т.с.с.), басқа да интеллектуалдық меншікті қамтиды.

Мүліктік кешен - кәсіпорынға жылжитын мүлік те кіретініне қарамастан, кәсіпорын тұтас алғанда, жылжымайтын мүлік ретінде танылады.

### **3. Айналым құқықтар объектісі - мүлікті саралау**

АҚ айналым қабілеттілігіне қарай мүлікті айналымнан алынып тасталған және айналым қабілеттілігі шектеулі мүлікке бөледі (АҚ 116-бабы). Заң актілерінде белгіленген жағдайларда мүлік айналымнан алынып тасталған немесе айналым қабілеттілігі шектеулі болады.

Негізтен еркін шығарылатын немесе әмбебап құқық мирасқорлық тәртібімен бір адамнан екінші адамға ауыса алатын мүлік айналымға қабілетті мүлік деп танылады. Заң актілері бойынша айналымнан алынып тасталған немесе

айналымы шектеулі мүліктік игіліктер мен құқықтардан басқа мүліктік игіліктер мен құқықтардың барлығы айналымға қабілетті болады.

Нарықтық экономика жағдайларында айналымнан алынып тасталған мүліктердің саны өте шектеулі. Бұлар, негізінен, тек мемлекет меншігінде бола алатын табиғи ресурстар. Заңдарда тікелей көрсетілетін реттерде олар азаматтық айналымға енгізіледі. Мысалы, ортақ пайдаланылатын жерлерді, қорғаныс мақсаттарына арналған жерлерді және басқа кейбір жерлерді пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді (Жер кодексінің 33-б.).

Ордендер, медальдар және құрметті атақтың омырауға тағатын белгілері азаматтық айналымнан алынып тасталған ("ҚР-ның мемлекеттік наградлары туралы" 1995 ж. 12 желтоқ-сандағы заңның 43-бабы).

Айналымның белгілі бір мүшелеріне ғана тиесілі бола алатын және сатып алуға және иеліктен шығаруға күзиретті мемлекеттік органдардың рұқсатымен (лицензиясымен) ғана жол берілетін заттар мен басқа да мүлік айналымы шектеулі мүлікке жатады. Мысалы, қару-жарақты және оқ-дәрілерді, құрамында радиоактивті заттар кездесетін өнімдерді, аңшылық және спорттық ату қаруларын өткізу, өндірістік және тұрғын үй-азаматтық объектілерді дезинфекциялау жумыстары, медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысу, басқа да бірқатар заттар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер айналымы лицензияланады.

Заттар жылжымайтын және жылжымалы мүлікке бөлінеді. Жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көп жылдық екпелер және оларды мақсатына сай келмейтін шығын келтірместен, тұрған орнынан ауыстыру мүмкін болмайтын өзге де мүліктер жылжымайтын мүлікке жатады. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суларда жүзетін кемелер, "өзен-теңіз" жүзу кемелері, ғарыштық объектілер жылжымайтын мүлікке теңестіріледі. Жылжымайтын заттарға жатпайтын мүлік оның ішінде ақша мен бағалы қағаздар жылжымалы мүлік деп танылады (АК 117-б.).

Жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілелер жазбаша, кейде нотариалдық түрде жасалады. Жылжымайтын заттарға меншік құқығы, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге жатады (АК 118-бабы).

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы, жерді пайдалану құқығы және өзге де бір жылдан астам мерзімге пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікті келілге беру, жылжымайтын мүлікке рента, сенімгерлікпен басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады (АК 118-б. 2-т.).

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу тәртібі - Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік реттеу туралы жарлық айқындайды. ҚР әділет министрлігінің органдары жылжымайтын мүлікке құқықты реттейтін органдар болып табылады. Алайда, жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікке бұл жарлық таралмайды, өйткені оларды мемлекеттік тіркеуден әділет министрлігінің органдары емес, өзге уәкілетті органдар өткізеді.

Заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа реттерде жылжымалы мүлікке құқықты тіркеу талап етілмейді.



Мүлік бөлінетін және бөлінбейтін болуы мүмкін (АК-ның 120-бабы). Бөлінетін мүлік дегеніміз - бұл бөлу нәтижесінде өзінің шаруашылық мақсатын жоғалтпайтын мүлік. Бөлінбейтін мүлік дегеніміз - бұл бөлу кезінде өзінің бұрынғы шаруашылық маңызынан айрылатын мүлік. Мысалы, бір қап картоп бөлінетін зат, ал мотоцикл немесе автомобиль бөлінбейтін заттар болады, өйткені бірінші жағдайда, бір қап картопты бөлумен оның шаруашылық мақсаты өзгермейді, ал мотоциклді немесе автомобилді бөлу оларды өз мақсаттарында пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Егер әр текті заттардың бірігуі мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бүтін бір затты құрайтын болса, олар күрделі зат ретінде түсініледі (АК 121-б.). Мысалы: жұп заттар (жұп аяқ киім, жұп коньки, т.с.с.), кәсіпорып, сервистер, жиһаз гарнитуралары, техника комплектілері және т.б.

Күрделі зат - зият жүзінде ол біртұтас зат ретінде бағаланады, ал күрделі затқа қатысты жасалған мәмілелер, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның барлық құрамдас бөлігіне таралады.

Басты зат және керек-жарық. Заттар жалпы шаруашылық мақсаты бойынша олардың біреуі (керек-жарық) екіншісіне (басты затқа) қызмет ететіндей болып байланысуы мүмкін. Егер заңдарда немесе шарттарда өзгеше белгіленбесе, керек-жарық басты затқа ілесіп жүреді (АК 122-б.).

#### 4. Ақша және бағалы қағаздар

Ақшаға қатысты АК 127-бабы арналған. Бұл бап ҚР – ның ақша бірлігі тенге болып табылады, ол Қазақстанның бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті деп белгілейді. "Ақша төлемі және аударымы туралы" 1998 ж. 29 маусымдағы ҚР заңының күрделі қүқықтық режимін толық белгілейді.

Бұл Заңның 5-б. 1-т. сәйкес, ақша төлем мен қор жинау құралы болып табылаты және құп өлшемі ретінде қызмет етеді.

Банкноттар мен тиындар түрінде ақша белгілерін шығаруды ҚР Ұлттық банкі жүзеге асырады.

Ақша белгілері атаулы құна (номиналы) және тенге түрінде бейнеленген төлемдік құна бір банкноттар мен тиындар түрінде шығарылады, ал қолма-қол емес ақша банк есеп-шоттарындағы жазбаларда тенге түрінде көрсетіледі.

Ақша негізгі екі нысанда шығарылады: ақша белгілері (қолма-қол ақша) нысанында және клиенттерінің банктегі есеп-шоттарындағы жазбалар түрінде банктердің ақшалай міндеттемелері нысанында ("Ақша төлемі мен аударымы туралы" заңның 5-б. 2-т.).

ҚР аумағында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырудың мынадай әдістері қолданылады: қолма-қол ақшаны табыстау, төлем тиындарының көрсету, чектер беру, вексельдер беру және оларды ифдессамент бойынша табыстау, төлем карточкаларын пайдалану, заң истілерінде белгіленген өзге де әдістер.

**Ақша дегеніміз** — кез келген басқа мүллікке айырбасталатын ерекше қасиеті бар заттық құқық ретіндегі (қолма-қол ақша), сондай-ақ міндеттемелік құқық ретіндегі (қолма-қол емес ақша) азаматтық құқықтар объектісі.

Шетелдік валюта ерекше объект ретінде валюталық құндылықтарға жатқызылады. "Валюталық реттеу туралы" ҚР заңы валюталық құндылықтарға шетел валютасынан басқа, номиналы және (немесе) құны шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздарды, төлем құралдарын, құйма түріндегі тазаланған алтынды, сондай-ақ олармен резиденттер мен резидент еместер арасында операциялар жасалатын жағдайда номиналы ұлттық валютамен керсетілген ұлттық валютаны, бағалы қағаздарды және төлем құжаттарын жатқызады.

Валюталық құндылық ретінде бағалы қағаз ұғымына келетін болсақ, онда ол өз иесінің шетелдік мемлекет объектісіне құқығын куәландыратын жағдайда және халықаралық ақша рыногында қайтымды болатын жағдайда бағалы қағаз валюталық құндылық деп танынады.

Тазартудан өткен және халықаралық стандарттарға немесе Қазақстан Республикасының стандарттарына сай келетін алтын тазартылған алтын деп аталады. Сонымен қатар, тазартылған алтынды валюталық құндылық деп тану үшін мұндай алтын құйма түрінде болуға тиіс.

Азаматтық құқықтардың объектісі ретінде тазартылған алтын белгілі бір реквизитерді қою әдісімен зат ретінде дараланады. Басқа жағдайларда валюталық құндылық ретінде алтынға тектік белгілерімен ғана анықталған заттар режимі қолданылады.

**Валюта** - бұл мемлекеттердің заңды төлем құралы ретінде қабылданған ақша бірлігі немесе банкноттар, қазыналық билеттер мен тиындар, оның ішінде бағалы металдардан жасалған (айналымнан алынған немесе алынатын, бірақ айналымда - жүрген ақшалармен айырбастауға жататынын қоса есептегенде) түріндегі, қолма-қол және аудару нысандарындағы құндардың ресми стандарттары, сондай-ақ есеп-шоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражаттар ("Валюталық реттеу туралы" ҚР заңының 1-бабын қараңыз).

Бірден-бір төлем құралы ұлттық валюта "тенге" болып табылатындықтан, заң резиденттер арасындағы барлық келісім-шарттар мен операциялар, валюта операцияларын жүргізу ережелерінде көзделген жағдайлардан басқа реттерде, тек ҚР валютасымен жасалын, жүзеге асырылуға тиіс деп белгілеген. Заң шығарушылар меншік құқығының және өзге құқықтардың валюталық құндылықтарға өтуін валюталық операциялар деп түсіндіреді.

Экономистер халықаралық экономикалық қатынастарда пайдаланылатын ақшаны валюта деп түсіндіреді.

Заң тұрғысынан қарағанда, шетел валютасы, ақша секілді азаматтық құқық объектісі болып табылады (АК 115-б. 2-т.). Ақша— бұл тектік ұғым, ал валюта - түрлік ұғым.

Сонай бола тұрса да, шетел валютасы, өзге мемлекеттің ақша белгісі, заңда (мысалы, "Валюталық реттеу туралы" ҚР заңында) көзделген жағдайлардан басқа реттерде әміттен-мемлекеттен тысқары жерде өзінің төлем құралы функциясын жүзеге асыра алмайды.

Нормативтік актілерде шетел валютасын "пайдаланудың" мүмкін болатын жағдайлары көрсетіледі. Мысалы, "Валюталық реттеу туралы" заңның 7-бабы резиденттерді шетел валютасын олардың уәкілетті банктердегі шотына салуға міндеттейді "Резиденттер ҚР Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен уәкілетті берілген банктерде шетел валютасындағы есеп-шоттар аша алады. Егер ҚР Ұлттық Банкінен алған лицензиясында өзгеше көзделмеген болса, резиденттерін тауарлар мен қызметтер үшін төлем ретінде, сондай-ақ несие ретінде алатын шетел валютасы уәкілеттік берілген банктердегі есеп-шоттарына міндетті түрде есептелуге тиіс". Мұның өзінде, шетел валютасын резидент өмістермен (шетелдік фирмалармен, адамдармен және т.с.с.) есеп айырысу үшін ғана пайдалануға болады. Оның үстіне, уәкілетті банктер мен уәкілеттігі жоқ қаржы мекемелерінен тыс жағдайда шетел валютасын сатып алуға, салуға және айырбастауға тыйым салынған.

"Валюталық реттеу туралы" заңның 8-б. сәйкес, резидент валюта түсімін де уәкілетті банктер арқылы өзінің валюталық есепшотына аударуға міндетті.

АК 129-б. сәйкес мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалардың және басқа белгілердің жиынтығы бағалы қағаз болып табылады. Бағалы қағаздар, ең алдымен, мүліктік құқықтарды куәландырады, бұл атап айтқанда, олардың құндылығын айқындайды.

Бағалы қағаз - қатаң белгіленген жазба болып табылады. АК 131-б. сәйкес, бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаштар бұл құжаттырамен немесе соңарда белгіленген тәртіп бойынша белгіленеді. Бағалы қағаздың міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады.

Құжаттық бағалы қағазды ұсынғанда ғана бағалы қағаз куәландырыған құқықтарды жүзеге асыруға болады. Алайда, заң құжаттарында көзделген реттерде бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру және беру үшін арнайы (жай немесе компьютерленген) тізілімде бекітілген бағалы қағаз шығарушы жүзеге асырушы және онда айтылған міндеттемелер бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына қосықой қатасушылардың жауап беретін адамы - әміттенгінің айғағы жеткілікті.

Бағалы қағаздарды шығару және пайдалану жөніндегі қатынастарды Азаматтық кодексе (Жалпы бөлім), 2003 ж. 2 шілдедегі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заң, Акционерлік қоғамдар туралы заң, Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы жарлық, басқа да заңдар, бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның өзге де нормативтік құқықтық актілері, басқа да заңға сәйкес актілер реттеп отырады.

**Бағалы қағаздардың түрлері.** АҚ бағалы қағаздардың: 1) ұсынбалы; 2) атаулы 3) ордерлік түрлерін ұсынады (129-б. 2-т.).

**Ұсынбалы бағалы қағазда** мұндай қағаз бойынша міндеттемені талап ету құқығы бар адам көрсетілмейді. Оның иесі ұсынбалы бағалы қағаз бойынша міндеттемені талап етуге уәкілетті, тиісінше ұсынбалы бағалы қағаз бойынша құқықтарды беру үшін қағаздың өзін ұсыну жеткілікті болады.

**Атаулы бағалы қағазда** бағалы қағаз куәландырған міндеттемелердің орындалуын талап ету құқығы бар адам көрсетіледі. Атаулы бағалы қағаз куәландырған құқықтар талаптан қайту (цессия) үшін белгіленген тәртіп бойынша беріледі. Сондықтан осындай бағалы қағаз бойынша құқығын беретін адам мен оның құқық; мирасқоры арасындағы қатынастарға АҚ-ның 347-бабының нормасы таралады, ол бойынша талап етуді берген бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында оған берілген талаптардың жарамсыздығы үшін жауап береді, бірақ бұл талапты борышқордың орындамағаны үшін бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында борышқор үшін кепіл болуды өзіне алғаннан басқа жағдайда жауап бермейді.

**Ордерлік бағалы қағаз** – ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға, ал оларға осы құқықтар индоссамент арқылы берілген, жағдайда, басқа тұлғаға тиістілігін растайтын бағалы қағаз. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтарды беру осы қағазға берілген жазу - индоссамент арқылы беріледі. Берілетін жазулар, әдетте, құжаттық бағалы қағаздың сыртқы бетіне белгіленген нысанда түсіріледі, не электронды жазба түрінде арнайы парақпен бағалы қағазға қоса ұсынылады.

Индоссаментте, әдетте, оған немесе оның бұйрығына бағалы қағаз жөніндегі құқық берілетін адам (индоссат) көрсетіледі. Оған немесе оның бұйрығына ордерлік бағалы қағаз жөніндегі құқық берілетін адам көрсетілмеген индоссамент бланкілік индоссамент деп аталады. Бланкілік индоссамент оны беруші адамның (индоссанттың) ғана қойған қолынан тұруы мүмкін. Бланкілік индоссаменті бар ордерлік бағалы қағазбен куәландырылған құқықтар ордерлік бағалы қағаздың құқық мирасқорына қолма-қол тапсырылуы мүмкін. Ордерлік бағалы қағаздардың кейбір түрлеріне бланкілік индоссамент берілмейді. Мәселен, Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы жарлықтың 16-бабына сәйкес, ипотекалық куәлік бойынша құқықтарды тапсыруда беру жазуында ипотекалық куәлік бойынша құқықтар берілетін адамның аты-жөні дәлме-дәл әрі толық көрсетілуі тиіс. Ипотекалық куәліктегі бланкілік беру жазулары жарамсыз деп есептеледі..

Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам - индоссант индоссатқа берілген талап ету құқығының жарамдылығына ғана емес, сондай-ақ оның орындалуы үшін де жауапты болады.

Тиісті бағалы қағаздың түрін осындай бағалы қағазды шығаруды реттеп отыратын заң актісі айқындайды. Мәселен, акциялар тек атаулы, ал ипотекалық куәлік - ордерлік бағалы қағаз болуы мүмкін.

Бұған қоса, эмиссиялық және эмиссиялық емес бағалы қағаздар болады. Бір эмиссия (шығарылым) шегінде осы эмиссия үшін бірдей

жағдайларға орналаспайрылғанын және пайдаланылатын біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар эмиссиялық бағалы қағаздарға жатады ("Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңның 1-б. 88-т.). Эмиссиялық бағалы қағаздарға, атап айтқанда, акциялар мен облигациялар жатады. Мұндай бағалы қағаздар эмиссиясы (мемлекеттіктен басқалары) "Бағалы қағаздар туралы" заңда көзделген тәртіппен жүргізіледі және, әдетте, тіркелуге жатады. эмиссиялық атаулы бағалы қағаздар үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тәліміні жүргізу міндетті болып табылады.

Бағалы қағаздар мемлекеттік және жеке бағалы қағаздарға бөлінеді.

Егер бағалы қағазды шығару шарттары бойынша оны осы эмитенттің басқа түріндегі бағалы қағазға ауыстыру құқығы көзделген болса, ол айырбасталатын бағалы қағаз деп аталады. Мәселен, артықшылықты аяқталған кесінде оны акция эмиссиясында айқындалған жағдайларда осы аяқталған кесінде жай акциясына айырбастау құқығы болуы мүмкін. Айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару акционерлік қоғамның жарғысында көзделуге тиіс (Акционерлік қоғамдар туралы заңның 30-б. 1-т.).

Объектісі басқа бағалы қағаздар болып табылатын құқықты куәландыратын бағалы қағаздар туынды бағалы қағаздар деп аталады. Мәселен, опцион туынды бағалы қағаз болып табылады (Акционерлік қоғамдар туралы заңның 29-б. 1-т. 15-т-ша).

АК-ның 129-бабы облигацияны, коносаментті, акцияны бағалы қағаздарға жатқызады, және ол заң актілерімен толықтырылуы мүмкін. Атап айтқанда, Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы жарлықтың 12-бабына сәйкес, ипотекалық куәлік өрдерлік бағалы қағаз болып табылады.

Чек пен вексельде бағалы қағаздың барлық белгілері сақталып, олар дәстүрлі түрде бағалы қағаздарға жатқызылғанымен, олар 1997 ж. 11 шілдедегі Заң арқылы АК-ның бұрынғы 130-бабындағы бағалы қағаздар тазбесінен алынып тасталды.

Оны иеленушінің (облигационердің) облигация шығарған тұлғадан (эмитенттен) онда көзделген мерзімде облигацияның атаулы құнын немесе өзге де мүлкілік баламасын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз облигация түрінде танылады. Тиісінше, облигация дегеніміз заем қатынастарын куәландыратын борыштық құжат болып табылады. Облигация, әдетте, өзін ұстаушыға онда көрсетілген, облигацияның (купондық облигация) атаулы құнынан есептелген сыйақы (мүдде) алуға құқық береді. Дисконттық облигацияны эмитент атаулы құнынан төмен бағамен өткізеді, ал атаулы құны бойынша жояды. Облигация шығару жағдайлары бойынша облигационерге онда атаулы құнының (мақсатты облигациялар) мүлкілік баламасын алуға құқық берілуі мүмкін. Облигациялар эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

Өз ұстаушысының (Акционердің) акционерлік қоғамның таза табысының бір бөлігін дивидендтер түрінде алуына, Акционерлік қоғамның істерін басқаруға қатысуға және ол таратылғаннан кейін қалған мүлкінің бір бөлігіне құқығын куәландыратын бағалы қағаз акция деп танылады (АК 139-б. 1-т.).

Зандарға сәйкес, Акционерлік қоғам құжатталмаған не құжатталған нысанда атаулы акцияларды ғана шығара алады. Акциялар жай және артықшылықты акцияларға бөлінеді. Жай акция өзінің иесіне барлық жағдайларда қоғамды басқаруға құқық береді. Артықшылықты акциялар дегеніміз Акционерлік қоғамдар туралы заңда тікелей белгіленген жағдайлардан басқа реттерде дауысы жоқ, дивидендтерінің мөлшері ең аз акциялар болып табылады (13-баптың 2-4-тармақ; ілалары). Дауысы жоқ артықшылықты акциялардың иелері акционерлердің жалпы жиналысына және құн тәртібіндегі мәселелерді талқылау үшін қатысуға құқылы. Мұндай акция бойынша берілетін дивидендтердің ең аз мөлшері және оларды төлеу тәртібі шығару перспектисінде көрсетіледі. Артықшылықты акцияларды иеленушілердің (басқа акционерлермен салыстырғанда) акционерлік қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін алуға басым құқығы болады. Артықшылықты акциялар акционерлік қоғамның жарияланған акцияларының 25 пайызынан аспайтын сомаға шығарылуы мүмкін.

Акционерлік қоғамның құрылтайшылары "алтын акция" деп аталатын акция енгізуі мүмкін, оның иесі жарғылық капиталды қалыптастыруға қатыспайды және дивидендтер алатын құқығы болмайды. "Алтын акция" иесінің қоғам органдарының жарғыда анықталған мәселелер бойынша шешімдеріне тыйым салу құқығы ғана болады. "Алтын акция" бағалы қағаз емес және басқа тұлғаларға беруге жатпайды.

**Коносамент** көбінесе жүктерді теңіз тасымалдауы кезінде пайдаланады және тауарға билік ету құжаты болып табылады. Коносаментті иеленуші коносаментте белгіленген жүкпен билік етуге және жүк жеткізілгеннен кейін оны алуға құқығы бар. Коносамент жүкті тасымалдаушыдан беруді талап ету құқығын қуаландырады. Коносамент атаулы, ұсынбалы, ордерлік болуы мүмкін.

### **5. Мүліктік емес жеке құқықтар**

АК 115-б. сәйкес, азаматтық құқықтар объектілеріне мүліктік емес жеке игіліктер мен құқықтар жатқызылған: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпау құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Бұл арада мүліктік емес жеке құқықтардың есім алу құқығы, жүріп-тұру және тұрғылықты жерді тандау құқығы АК-ның 15 және 16-баптарымен реттеледі.

Мүліктік емес жеке құқықтардың негізгі белгілері мыналар:

1) олар абсолютті,

2) олар бөгделенбейді, яғни бір субъектіден екіншісіне ауыспайды.

Мәселен, АК 116-б. 4-т. сәйкес "Мүліктік емес жеке игіліктер мен құқықтар заң актілерінде белгіленген реттерді қоспағанда, өзге әдіспен берілмейді және ауыспайды". Заңда көзделген жағдайларда және тәртіпте басқа заңды тұлғаға берілуі мүмкін фирмалық атау, тауар белгісі және т.с.с заңды тұлғаға тиесілі игіліктер ғана бұл қағидаға жатпайды;

3) олар мүліктік емес сипатта болады.

4) олар азаматтың немесе заңды тұлғаның жеке басымен тығыз байланысты және ажырамас болады.

5) бұл иіліктер азаматтық-құқықтық мәмілелердің нысанасы бола алмайды. Өйткені өркениетті қоғам жағдайларында жеке адамның өмірі, денсаулығы, өсімі, ар-намысы, қадір-қасиеті тауар бола алмайды.

Сонымен, мүліктік емес жеке құқықтар дегеніміз - бұл мүліктік емес сипаттағы иілікке құқық. Олар негізінен алғанда, жәбірленушінің бұзылған мүліктік жағдайын қалпына келтіруді мақсат етпейтін әдістермен қорғалады. АҚ-ның 9-бабына сәйкес мұндай әдістерге мыналар жатады: құқықтарды мойындау, құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру, құқықты бұзатын немесе оның бұзылу ауытқи туғызатын әрекеттерге тыйым салу. Бірақ мүліктік емес жеке құқықтары бұзылған адамның, бұдан басқа, АҚ 141-б. 1-т. сәйкес, моральдық зардаптарын өтеуді талап етуге құқығы бар.

Көп мағынада алғанда, жеке адамға оның құқықтарын бұзатын іс-әрекеттер арқылы тән азабын немесе жан азабын келтіруді моральдық зиян деп түсінеді.

ҚР Жоғарғы Соты "Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңдарды қолдануы туралы" 2001 ж. 21 шілдедегі №3 Нормативтік қаулысының 3-тармағында былай деп айтылған: "азаматтың мүліктік емес жеке құқықтары мен иіліктерін құқыққа қайшы жолмен бұзу, негізсіз немесе олардан айыру нәтижесінде оның шегетін жан азабын немесе тән азабын моральдық зиян деп түсіну керек". Жәбірленуші өзіне қарсы жасалған құқық бұзушылықтар нәтижесінде бастан кешетін қорқану, ашулану, қысымшылық көру, ашу-ыза, уят, түңілу, залал шегу, жайсыздық сезімдерін адамның сезімдік-ерік толғаныстары ретіндегі жан азабы деп түсінен жөн. Азаматтың өзіне қарсы құқыққа қайшы әрекеттен ауытқи қолдану немесе денсаулығына нұқсан келтіру арқылы жасалған әрекеттен қиналуын тән азабы деп түсіну керек.

Моральдық зиянды өтеу материалдық емес иіліктер мен мүліктік емес жеке құқықтарды қорғау құралдарының бірі болып табылады. Моральдық зиян тек ақшалай түрде өтеледі, ал өтемінің мөлшерін сот анықтайды және ол іс жүзінде белгілі бір қиындықтар тудырады. ҚР Жоғарғы Сотының №3 Нормативтік қаулысында былай айтылған: моральдық зиян өтемінің ақшалалай мөлшерін анықтауда судьялар жәбірленушіге келтірілген жан азабының немесе тән азабының ауырлығына берілетін субъективтік бағаны, сондай-ақ объективтік маңыздылықтарды да, атап айтқанда: біріншіден, мүліктік емес жеке құқықтар мен иіліктердің өмірлік маңыздылығын (адамның өмірі, денсаулығы, ар-намысы және қадір-қасиеті, жеке бостандығы, тұрғын үйге қол сұқпаушылық т.с.с.); екіншіден, жәбірленушінің бастан кешкен азабының дәрежесін және құқық бұзушылық зардаптарының ауырлық дәрежесін (кісі өлтіру немесе денеге зақым келтіру, бас бостандығынан немесе жұмыстан айыру, жақын туыстарынан айрылу және т.с.с.); үшіншіден, моральдық зиянды өтеу үшін оның болуы қажетті жағдайларда зиян келтірушінің

кінәсының нысанын (қасақана істеу немесе абайсыздық) да назарға алуы тиіс.

Егер моральдық зиянды өтеу мөлшерін анықтауда сот азаматтың мүліктік емес жеке құқықтарының бұзылуына байланысты нақты мән-жайлардың барлығын ескерген болса, моральдық зиянды ақшалай өтеу мөлшерін әділ әрі жеткілікті деп есептеу керек.

АК 143-б. 6-т. сәйкес, азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге, олардың таратылуы арқылы өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Мүліктік емес жеке және мүліктік құқықтар бір мезгілде бұзылған жағдайда мүліктік емес өзіндік құқықтардың бұзылғаны үшін жәбірленушіге тиесілі өтем ескеріле отырып, мүліктік зиянның орнын толтыру мөлшері ұлғаяды (АК 142-б.).

Сонымен қатар, олардың қандай мән-жайларда немесе қандай әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілгенін; зиян келтірушінің кінәсының дәрежесін, оның денсаулық жағдайын, отбасылық, тұрмыстық, материалдық және назар аударуға тұрарлық басқа да жағдайларды анықтау қажет.

АК 187-б. 1-т. сәйкес, моральдық зиянды өтеу жөніндегі талаптарға талап қою мерзімі таралмайды, өйткені олар мүліктік емес өзіндік құқықтардың бұзылуынан туындайды.

Өзін қорғау туралы талап қойған адам өзінің мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуы фактісін дәлелдеуге тиіс. АК 141-б. 4-т. жәбірленушіге мүліктік емес жеке құқықтары бұзылуының зардаптарын жоюды таңдау құқығын береді. Жәбірленуші өзінің қалауы бойынша:

- құқық бұзушыдан бұзылу зардаптарын жоюды; - не құқық бұзушының есебінен өз бетінше қажетті әрекеттер жасауды; - не олардың орындалуын үшінші жаққа тапсыруды талап ете алады.

Мұндай құқық қорғау құралдардың тібесі АК 143-бабында келтірілген. Мәселен, азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматтарды таратушы адам олардың шындыққа сай екенін дәлелдей алмаса, сот арқыны теріске шығаруды талап етуге құқылы. Мұнда жәбірленуші ақталуға тиісті емес. Керісінше, мұндай мағлұматтарды таратқан адам оның шындыққа сай келетінін дәлелдеуге міндетті. Егер осындай мағлұматтарды таратқан адам оның шындыққа сай келетінін дәлелдесе, онда жәбірленуші тарап беретін талап сотта қанағаттандырылмай қалады. Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау жөніндегі талаптарды сот қана қарайды.

**Ар-намыс дегеніміз** - бұл адамға берілген қоғамдық баға, оның рухани және әлеуметтік қасиеттерінің өлшемі.

**Қадір-қасиет дегеніміз** - адамның өз қасиеттеріне, қабілеттеріне, дүние танымына, өзінің қоғамдағы маңызына өзі іштей беретін баға.

**Іскерлік бедел дегеніміз** - адамның іскерлік (өндірістік кәсіби) қадір-қасиетіне қоғамдық пікір беретін тұрақты оң баға. Заң ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтарды теріске шығару жолымен жеке адамды қорғауды көздейді.

"Сот тәжірибесінде азаматтар мен заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңдардың қолданылуы туралы" 1992 ж. 18 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы Соты Пленумының №6 Қаулысында аталған жағдайлардың әрқайсысын қалай түсіну керектігі баяндалған.

Егер кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпараттық құралдарында таратылса олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуы тиіс. Бұған қоса, бұқаралық ақпарат құралдарында оның құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін мағлұматтар жарияланған азамат немесе заңды тұлға нақ осы бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауабын тегін жариялауға құқылы болады.

Егер бұқаралық ақпарат құралы бұлайына жариялаудан бас тартатын болса, не оны бір ай ішінде жарияламаса, не оны жойып жіберсе, онда азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруды жариялау туралы сотқа талап қоюға құқылы және ол сотта қарылуы тиіс. Егер соттың шешімі орындалмаса, онда сот тәртіп бұзушыға бюджеттің кірісіне алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Оны төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды (АК 143-б. 5-т.).

Егер ұйымның шығатын құжатта азаматтың заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар болса, мұндай құжат алмастырылуы немесе хабар иесіне бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіні туралы міндетті түрде хабарлау арқылы қайтарып алынуы тиіс. (Мысалы, егер заңды тұлға туралы қате мағлұматтар хабарланса немесе азаматқа жуыспайтын мінездеме берілген болса.)

Ой жөнінде оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған азамат немесе заңды тұлға мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен қатар, мағлұматтар тарату арқылы келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Егер осындай мағлұматтарды таратқан адам беймәлім болса және оны анықтау мүмкін болмаса, онда өзі жөнінде мәліметтер таратылған азамат немесе заңды тұлға таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

Азаматтың жеке бастың құпиясын сақтау, оның ішінде хат алысу, телефон арқылы сөйлесу, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, бала асырап алу, туу құпиясын, дәрігерлік және адвокаттық құпияны, банктік салымдар құпиясын сақтау құқығы бар (АК 144-б.). Күнделіктерді, естеліктерді, жазбаларды және басқа құжаттарды жариялауға автордың келісімімен ғана, ал хаттарды




жариялауға - олардың авторы мен адрес иесінің келісуімен ғана жол беріледі. Аталған адамдардың біреуі қайтыс болған жағдайда құжаттар оның артында қалған жұбайының және балаларының келісуімен, ал егер тірі жұбайы немесе балалары жоқ болса — басқа туыстарының не осы өзіндік заттар қолында сақталған адамдардың келісімімен жариялануы мүмкін.

АК-да, сонымен қатар, өз бейнесіне құқықты қорғайтын нормалар бар. 145-бапта былай деп айтылған: "Қандай да бір адамның суреттік бейнесін оның келісуінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда - мұрагерлерінің келісуінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ". Басқа адам бейнеленген бейнелеу туындыларын (сурет, фотосурет, кинофильм) - бейнеленген адамның келісуімен, ал ол қайтыс болғаннан кейін - оның балалары мен артында қалған жұбайының келісуімен ғана жариялауға, қайта шығаруға және таратуға жол беріледі. Бұған мынадай екі жағдай кірмейді: біріншісі - бейнелеу туындысын жариялауға, қайта шығаруға белгіленген заң актілері жол беретін жағдайда; екіншісі - бейнеленген адам ол үшін ақы алып кескінделген жағдайда. Бұл екі жағдайда бейнеленген адамның келісуі талап етілмейді. АК-ның 146-бабына сәйкес, азаматтың тұрғын үйіне қол сұғылмау құқығы бар, яғни заң құжаттарында көзделгеннен басқа реттерде (мысалы, егер тінту жүргізуге прокурордың рұқсаты не мүлікті тәркілеу туралы соттың шешімі болса) азаматтың тұрғын үйіне өзінің еркінен тыс баса-көктеп кірудің кез келген әрекетін тыюға құқығы бар. Қалған жағдайлардың барлығында онда тұратын адамдардың еркінен тыс тұрғын үйге баса-көктеп кірудің кез келген әрекеті заңмен жазаланады.

Сызба 3

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ



## Бакылау сұрақтары:

1. Азаматтық айналымнан алынып тасталған заттардың түсінігі
2. Коносамент түсінігі
3. Кәсіпорны азаматтық құқықтың объектісі ретінде
4. Акция ұғымы
5. Индоссамент арқылы берілетін бағалы қағазда
6. Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы мен түрлері
7. Материалдық игіліктер
8. Азаматтық құқықтағы мүлік ұғымы
9. Заттар және олардың классификациясы
10. Жұмыстар, қызмет көрсету
11. Ақша және бағалы қағаздар
12. Материалдық емес игіліктер
13. Интеллектуалдық ой еңбегінің нәтижелері
14. Ақпарат
15. Интеллектуалдық меншік

## Есеп

1. Бірлестіктің мал шаруашылық кешенімен жасасқан шарты бойынша соңғысы Бірлестікке 60 бұзау мен 50 торайды өткізуді міндетке алады. Малды жіберуден 1 күн бұрын кешен директорының тапсырмасымен торайлар іріктеліп, бөлек тұрған қораға жабылады. Найзағай соққысының нәтижесінде торайлар тұрған қора өртеніп, бүкіл 50 торай мерт болады. Осымен байланысты малшаруашылық кешені Бірлестікке тек 60 бұзауды ғана бермекші болады да, ал өздеріндегі торайлар олардың санын өсіру үшін өздеріне қажет дегенге сілтеп, торайларды беруден бас тартады. Бірлестік талап арызбен сотқа барады. Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Осы дауды шешу үстінде заттардың қандай классификациясы қолдануы тиіс? Егер сатып алушы бұзау мен торайларды қабылдауға белгіленген мерзімінен 3 күнге кешігіп келетін болса, ал торайлар сатып алушының келуінен 1 күн бұрын мерт болса, шешім өзгерер ме еді?

2. Некені бұзуға байланысты ерлі-зайыпты Қуанышевтар арасында бірге жиған-терген мүлікті бөлу жайында дау туады. Асан Қуанышев жиһаз гарнитурасы, асханалық және шай сервиздері, көркем әдебиет кітапханасын және басқа да мүліктің бағасын ескере отырып, теңдей етіп бөлуін талап етеді. Нәтижесі заттардың құнсыздануына әкелетіндіктен Сабира Қуанышева ондай бөліске қарсылық білдіреді және Қуанышевқа жиһаз гарнитурасын алып, ал оған асханалық және шай сервиздерін беруді ұсынады. Кітаптарды болса авторлар бойынша бөліп алуға келіседі. Бірақ М.Әуезов шығармалар жинағының хаттары жарыққа шығарылған соңғы томын беруді сұрайды. Пайда болған дауды шешу кезінде заттардың

қалай классификациясын ескеру қажет және істің сотқа берілуіне қалай қатынаста көрсетілген мүлік қалай таратылуы тиіс?

## 8. Тақырып МӘМІЛЕЛЕР

### 1. Мәміле ұғымы және мәміленің түрлері

### 2. Мәміленің нысаны және оның маңызы

### 3. Жарамсыз мәмілелер

### 4. Мәмілелердің жарамсыздығының салдары

#### 1. Мәміле ұғымы және мәміленің түрлері

Мәміле заңды фактілерінің бірі болып табылады. Мәміле - бұл заңды іс-әрекет, АҚ 147-б, сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады.

Демек, субъектілердің мақсатты әрекеттері мәмілелер деп танылады.

Мәмілелер оларды жасаушыларда азаматтық құқықтар мен міндеттер туғызады. Мәмілелер - бұл саналы түрде жасалатын әрекеттер, оларда әрекет ететін тұлғалардың еркі байқалады.

Іш (АҚ-нің 148-бабы) мәмілелердің екі түрін ажыратады: бір жақты мәмілелер және шарттар. Бір жақты мәміле бір тараптың еркін білдіреді және оған басқада азаматтың немесе заңды тұлғалардың қалай қатынаста қарамастан қолданыла береді. Мысалы, азаматтың өзіне тиесілі құқығынан бас тартуы. Екі жақты мәмілені немесе шартты жасау үшін екі тараптың не үш немесе одан да көп тараптардың (көп жақты мәміле) келісетін ері білдіруі қажет.

Мәмілелердің жасалу негіздеріне байланысты олар казуалдық және абстракттық болып бөлінеді.

Мәмілелердің өзара қатынас сипатына байланысты олар негізгі және қосымша (акцессорлық) мәмілелер (шарттар) болып бөлінеді.

Бір тараптың міндетіне басқа тараптың қарсы міндеті сәйкес келуіне орай, мәмілелер ақыллы және ақысыз болып бөлінеді.

Егер мәмілені жасау үшін тараптардың келісімі жеткілікті болса, бұл - консенсуалды мәміле. Егер де әрі, мәміле нысанасы болып табылатын мүлікті беру талап етілсе, бұл - реалды мәміле (заем, сыйға тарту шарты және т.б.).

Кез келген шарт - бұл мәміле, ал кез келген мәміле - шарт емес. Шарттар мәмілелердің басым бөлігін құрайды.

АҚ 150-бабы шартпен жасалатын мәмілеге арналған. Бұл ретте шарттардың құқықтары мен міндеттерінің туындауын не тоқтатылуын

басталу-басталмауы белгісіз етіп мән-жайға байланысты етіп қойлады. АҚ-ның 150-бабы кейінге қалдырылатын шартпен жасалған мәмілені және күші жойылатын шартпен жасалған мәмілені ажыратады. Міндетті түрде туатын шарт, мәмілені шартты емес, мерзімді етеді .

АҚ-ның 156-бабында көзделген биржалық мәмілелер мәмілелердің ерекше түріне жатады. Биржада жасалатын мәмілелерді биржалық мәмілелер деп түсінеді. Олардың бірқатар ерекшеліктері бар, бұл биржалық мәмілелерге қатысушылардың құқықтық жағдайына, мәміленің нысанасына, оларды жасасу және рәсімдеу тәртібіне, олардың орындалуын және биржалық даулардың шешуін қамтамасыз етуге қатысты болады.

## 2. Мәміленің нысаны және оның маңызы

АҚ 151-бабы мәміленің ауызша және жазбаша түрлерін ажыратады. Ал жазбаша түрі, өз кезегінде, жай және нотариалдық болуы мүмкін.

Сөз жүзінде жасалатын мәмілелер ауызша түрде жасалған мәмілелер деп есептеледі. Қатысушының еркі тікелей, шарт жасасуға бағытталған конклюденттік әрекеттер арқылы білінетін мәмілелер (мысалы, тандап алған тауар үшін сатушыға ақша беру) де, сондай-ақ қатысушының еркі үндемеу арқылы білінетін мәмілелер де ауызша түрде жасалатын мәмілелерге жатады. Бірақ заңдарда тікелей белгіленетін жағдайларда немесе тараптардың келісуімен ғана үндемей қалуға осындай маңыз беріледі.

АҚ-ның 151-бабына сәйкес, мәміленің ауызша түрі ол жасалған кезде атқарылатын жағдайда қолданылады және ол мәміле сомасына байланысты емес. Мәміле жасалғаны және оның шарттарының қандай болғаны жөнінде дау туса мұндай мән - жайлар кез келген заңды жолдармен, оның ішінде кұәлардың айғақтарымен дәлелденуі мүмкін.

АҚ 151-б. 3-тағы жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәмілелерді ауызша түрде жасалған мәмілелерге жатқызады. Мұндай мәмілелердің жасалуы мен мазмұны кұәлардың айғақтарымен дәлелденуі мүмкін.

АҚ 152-бабына сәйкес мынадай мәмілелер жазбаша түрде жасалуы тиіс:

1. егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше жағдай арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет еркінің әдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;

2. мәмілелердің жасалу кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, 100 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға;

3. заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде.

Мәміленің жазбаша түрінің тиімділігі - ол мәміленің болуын да, оның мазмұнын да неғұрлым дұрыс көрсетеді. Бұл мәмілеге қатысушылардың мүдделерін барынша сенімді қорғауды және бухгалтерлік есеп жүргізудің барынша дәл жүйесін жасауды қамтамасыз етеді.

Заң құжаттарында немесе тараптардың келісімімен белгіленген реттерде жазбаша мәмілелер оларды **нотариат қуәландырғаннан** кейін жасалаы деп сипаттанды (АК 154-бабы). Заң мұндай талаптарды мәмілелердің нақты түрлеріне ғана қояды. Мысалы, АК-ның 58-бабының 3-тармағы шарушылық серіктестік құру жөніндегі құрылтай шартын нотариалдық қуәландыруды талап етеді.

Заң талап етілетін нысанды оны қарапайымдату жолымен бұзуға тыйым салады. Керісінше, мәмілеге қатысушылардың өзара келісуімен, белгіленген нысаннан оны күрделендіруге жол беріледі.

Заң бірқатар жағдайларда жасалған мәмілелерді тіркеуді талап етеді (мысалы, АК 118, 238-б.). Заң бойынша тіркеуді керек ететін мәміле осындай тіркеуді тиісті тіркеу органында жасағаннан кейін ғана заңдық күшіне енеді (155-бап).

Мәміленің жазбаша түрінің бұзылуы оның жарамсыздығын туғызбайды. Егер тараптар оның жасалуы және мазмұны туралы фактінің төңірегінде дауласпаса, мәміле заңдық күшін сақтайды. Мәміле орындалуға тиіс және оның бұзылуы жалпыға белгілі жауаптылықты туғызады.

Мәміленің жазбаша нысанын сақтамаудың салдары болып: қатысушылардың біреуі мәміле жасасқанын мүлде теріске шығаратын немесе оның мазмұнында келесі тарап талап ететін шарттардың бар екенін мойындамайтын жағдайда оның орындалуын талап ететін тұлға өзінің дұрыстығын растайтын куәгерлік **айғақтарды келтіре алмайды**. Бірақ басқа, көбіне - жазбаша дәлелдерді келтіре алады.

Егер, заң арқылы немесе тараптардың келісімімен мәміленің жазбаша нысанын бұзу мәмілені жарамсыз етуге әкеп соқтыратыны жөнінде сөз қосылса, ол нысан бұзылатын ретте ол жарамсыз болады. Сондықтан бұл жағдайда мәмілеге қойылатын міндетті талаптар бұзылуының жаңшы зардаптары қолданылады - мәмілеге қатысушының (немесе қатысушылардың) мәміле бойынша келесі қатысушыға бергенінің бәрін қайтаруды және оларды қайтармауы не ішінара (тиісінше емес) қайтаруы арқылы келтірілген залалдың орнын толтыруды талап ету құқығынан туындайтын оның жарамсыздығы яғни екі жақты қалпына келтіру (**реституция**) деп аталатын салдары қолданылады.

Сыртқы экономикалық мәміле, яғни қазақстандық және шетелдік азаматтар немесе заңды тұлғалар арасындағы коммерциялық мәміле жай жазбаша түрде жасалуы тиіс. Бұл талап сақталмаса мәміле жарамсыз деп танылады (АК 153-б. 3-т).

Заң талап ететін мәмілені нотариалдық куәландыруды орындамау оның жарамсыз болуына әкеп соқтырады. Егер тараптар оны толығымен немесе ішнара орындаған болса, олар мәміле бойынша алғандарының бәрін қайтарып беруге міндетті (АК 157-б).

Алайда АК 154-б. 2-тармағы бұл жалпы ережеге де ерекшелікті көздейді, айталық егер нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілені тараптар немесе тараптардың бірі іс жүзінде орындаған болса, ол өзінің мазмұны жағынан заңдарға қайшы келмесе және үшінші жақтардың құқықтарын бұзбаса, сот мүдделі тараптың арызы бойынша мәмілені жарамды деп тануға құқылы.

Тіркелуге тиіс мәміле ол тіркелгеннен кейін ғана жасалған болып есептеледі. Демек, тіркелуге дейін мәміленің, ол тиісті дәрежеде ресімделсе де толық заң күші болмайды. 155-баптың 2-тармағы бұл жөнінде былай дейді: "Егер мемлекеттік тіркеуін керек ететін мәміле тиісті нысанда жасалса, бірақ тараптардың бірі оны тіркеуден жалтарса, сот екінші тараптың талап етуімен мәмілені тіркеу туралы шешім шығаруға құқылы. Бұл ретте мәміле соттың шешіміне сәйкес тіркеледі".

### 3. Жарамсыз мәмілелер

АК 157-бабы мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мүдделі адамдардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талабы бойынша мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін деп көрсетеді.

Сонымен, егер мәміле мынадай талаптарды бұзатын болса, мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін: а) оның шарттарының заңдылығы туралы, яғни оның мазмұнының заңдылығы туралы; б) мәмілеге қатысушылардың мәміле жасасу қабілеттілігі туралы; в) олардың ерік білдірушінің бостандығы туралы.

Мәміле мазмұнының заңдылығы туралы талаптардың бұзылуы. Бұл мәміленің қылмыстық жасалуын, заңның бұйрық ережелерін орындаудан жалтаруды, айналымнан алынған заттарды жске адамдарға сатуы және т.с.с. көздейтін жағдайлар болуы мүмкін.

Алайда, заңда белгілі бір мәмілені жасауға рұқсат ететін норманың болмауы оны жарамсыз ете алмайды. Мазмұны заңда тыйым салынған қағидаларды бұзатын мәміле жарамсыз деп танылуға тиіс.

Көпе-көрінеу құқықтық тәртібінің негіздері мен адамгершілікке қарсы бағытталған мәмілелер заңға қайшы мәмілелерге теңестіріледі. Мысалы, баланы сату туралы мәмілені айтуға болады. Келесі мысал. Салық төлеуге жататын кірістерді қолдан азайту мақсатында еншілес акционерлік қоғам өзі еңгізетін шешімді негізгі қоғамға қасақана - төмендетілген бағамен сағады.

Осы негіз бойынша мәміленің жарамсыздығын тануда айрықша абай болуды қажет етеді және мұндағы негіз айтарлықтай дәлелді болуға тиіс.

Мәмілеге қатысушылардың оның заңға қайшы немесе моральға қарсы бағытталатын жақсы түсінудің дәлелдемесі қажет болады.

АК 158-б. 2-тармағы заңның ұйғарымдарын, заңды тұлғаның жарғысын не оның органдарының күзиретін бұзатын, мәмілені қасақана жасаған адам, егер мұндай талап пайдакүнемдік мақсаттармен немесе жауапкершіліктен жалғару ниетімен жасалатын болса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы болмайтынын көздейді.

Мәміле жасау кезінде заңды саналы түрде бұзған, одан соң өзінің бұл құқық бұзушылығына сүйеніп, мәмілені жарамсыз деп тануды талап ететін және және заңды тұлғаның талаптарын қанағаттандыруға аталған себептер бойынша жол берімейді.

Жария мүдделге ықпал ететін құқық бұзушылық жария мүдделерді білдіретін тұлғалар мен органдардың (лицензиялық орган, салық органы, прокуратура) талап етуі бойынша мәмілені жарамсыз деп тануға негіз болуы мүмкін.

АК 158-б. 3-тармағына сәйкес мәміле тұлғаның міндеттемелерді орындаудан жалғаруы мақсатында не үшінші жақтың немесе мемлекеттің алаңдатып жауапкершіліктен жалғару мақсатында жасалса, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мүлікті сату, сыйға тарту немесе оны иеліктен шығарудың басқа да түрлері болған мысал болады, өйткені меншік иесі күдіктенетіндей, ол беріліс үшін өтем, тәркілеу нысанасы болуы мүмкін. Банкроттық туралы іс қозғалатын күтуге байланысты не жалған банкроттық істеу мақсатында АК-ның 158-бабының 3-тармағында көрсетілгендей мәміле жасау жағдайлары да кездеседі. Мәміленің екінші қатысушысының (мүлік алушының) лайықсыз әрекеттері осы норманы қолданудың қажетті шарты болып табылады. Сондықтан мұндай қатысушы мүлікті иеліктен шығарушының ниеті туралы білмейтін және істің мән-жайы бойынша білуге тиіс те емес жағдайда мәміле жарамсыз деп танылмауы тиіс, өйткені бұл нәтижеден шығарылған мүлікті алушының заңды мүдделерін бұзған болар еді.

Аталған себептер бойынша мәмілені жарамсыз деп тануға бағытталған талапты көп ретте рим заңгерінің атымен Паулиан талабы деп атайды.

АК 159-б. 1-т. қажетті лицензия алмай не лицензияның қолданылу күшінің мерзімі бекіткеннен кейін жасалған мәміле жарамсыз болады деп көрсетеді. Лицензия берілген мерзім аяқталғанда, лицензия мерзімінен бұрын қайтарып алынғанда, тұлғалардың қызметі аяқталғанда немесе жарамсыз деп танылатын жағдайларда жасалған мәміле де осындай құқықбұзушылық деп танылуға тиіс (Лицензиялау туралы Жарлықтың 21, 22-баптары). Лицензиялау шарттарын бұзатын мәміле жарамсыз болып табылады. Мәміленің екінші қатысушысы лицензияның жоқтығы, қолданылу мерзімінің аяқталғаны, мерзімінен бұрын қайтарып алынғаны, жарамсыз деп танылғаны жөнінде білмейтін және істің мән - жайы



бойынша біле алмайтын жағдайлар белгілі бір қиындықтар туғызады. Мұндай жағдайларда мәмілеге қатысушыны жазалау орынсыз болар еді.

АК 159-б. 2-тармағы теріс пиғылды бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәміле жарамсыз болады деп таниды. Мұнда АК-ның 11-бабына сай келмейтін мәміле туралы сөз болып отыр. Мұндай істер бойынша мәміле жасау нәтижесінде мүдделері бұзылған тұлғалар ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік монополияға қарсы органдар да талапкер болуы мүмкін.

**Мәмілеге қатысушылардың мәмілеге қабілеттілік талаптарының бұзылуы.** Азаматтық заң күшін иеленетін, заң жүзінде танылатын мәміле жасау мүмкіндігі - оның мәмілеге қабілеттілік болып табылады. Азаматтық кодексте белгіленген кейбір ерекшеліктерді ескермегенде, әрекетке қабілеттілігі барлық азаматтардың мәмілеге қабілетті болады. Мұндай ерекшеліктер АК-ның 159-бабының 3-7-тармақтарында ескерілген.

Кәмелетке толмағандар өз бетінше жасауға құқықты болатын ұсақ мәмілелерден басқа, 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер жасаған мәміле орындалмауға тиіс (АК 23-б.). Мәмілені осындай жасөспірімнің, атынан оның ата-аналары (асырап алушылары, қорғаушылары) жасайды.

14 жастағы кәмелетке толмағандар мәмілені ата-аналарының (асырап алушыларының, қорғаншыларының) келісуімен өздері жасайды. Келісім мәміле орындалғаннан кейін берілуі де мүмкін. Мұндай жасөспірім кейбір мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы (22-бап).

Егер 14 жастағы кәмелетке толмағандар мәмілені ата-аналарының (асырап алушыларының, қорғаншыларының) келісімінсіз жасайтын болса, ол ата-аналарының (асырап алушыларының, қорғаншыларының) талап етуімен ғана жарамсыз деп танылады. Мұндай талап қойылмаса - заңдық күшін сақтайды.

Кәмелетке толмағанмен мәміле жасайтынын білген немесе білуге тиісті кәмелетке толған мәміле жасаушы, яғни заңмен тыйым салынған мәмілені жасағаны үшін кінәлі адам мәмілеге қатысты шығындарды кәмелетке толмағанға қайтару жөнінде қосымша жауапты болады. Мысалы, кәмелетке толмағанға қайтарылатын мүліктің көлік шығындары, тасымалдау кезінде бүлінген мүлікті жөндеуге жұмсалатын қаражат және т.с.с. Мәміленің кәмелетке толған қатысушысының жасы шамаланады, сондықтан қосымша шығындардан құтылу үшін ол жасөспірімен мәміле жасағанын білмегенін және істің мән-жайы бойынша білуге тиіс еместігін дәлелдеуге тиіс.

Соттың шешімімен жүйке ауруымен ауырады немесе ақыл-есі кем деп танылған әрекетке қабілетсіз адамдардың еркін білдіруінің заңдық маңызы жоқ (АК 26-бабы), сондықтан олардың жасасқан мәмілесі жарамсыз болып табылады (АК 159-б. 5-т.). Бұл мәмілеге қорғаншының қатынасы оның жарамсыздығына әсер етпейді.

Осы негіз бойынша мәмілені жарамсыз деп тану жөніндегі мәселені шешуде сот мәміле жасалатын сәтте әрекетке қабілетсіз адамның қандай

психикалық күйде болғанын анықтамайды. Тіпті осы кезеңде оның психикалық саулығы жақсару үстінде болса да, мәмілені жарамсыз деп тану үшін сот адамды қайтадан әрекетке қабілетсіз деп танытын күнге дейін састалады.

Алайда, АҚ 159-бабы бұл тұста ерекшелік жасайды. Әрекетке қабілетсіз адамдар жасаған, сондай-ақ 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер жасаған мәмілелер, егер олар аталған адамдардың пайдасына қарай жасалған болса, жарамды деп танылуы мүмкін.

Егер мәміле жасауға аталған адамның қорғаншысының келісімі алынбаған болса, мискүнөмдікке немесе нашақорлыққа салыну салдарынан әрекет қабілеттігі шектелген адамның жасасқан мәмілесі жарамсыз деп танылуы мүмкін (27-бап). Мұндай шектеу оның жалақысына билік етуге де таралады. Қорғаншының талап етуімен ғана мәміле жарамсыз деп танылады.

Азамат мәміле жасалатын кезде спирт ішімдіктеріне немесе нашарлыққа салынуы тоқтатқан күннен өзі де, оның әрекет қабілеттілігіне қойылған шектеуді сот алып тастамайынша, мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Алайда АҚ 159-бабы тиісті жастағы және сот арқылы әрекет қабілеттілігінен айрылмаған, бірік іс жүзінде мәміле жасай алмайтын адам жасаған мәмілені жарамсыз деп танытын жағдайларды да көздейді. Бұл адам әрекетке қабілетті болғанымен, мәміле жасауға қабілетсіз. Мәселен, 139-б. 3-т. да кейіннен әрекетке қабілетсіз деп танылған, мәмілені жасау кезінде психикалық шатасу жағдайында болған азамат жасасқан шартты қорғаншының талабы бойынша жарамсыз деп тану мүмкіншілік туралы айтылады.

АҚ 159-б. 7-т. бойынша, әрекет қабілеттігі болғанымен, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерімен мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін жағдайда болған азамат жасасқан мәмілені сот сол азаматтың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін. Мысалы, уақытша психикалық шатасу ауруы, мастықкүй және т.б. Мәмілені жарамсыз деп тануды талап еткен адам уақытша психикалық шатасуды және оның дәрежесін дәлелдеуі тиіс.

Мәміле жасайтын адамның еркін білдіру бостандығы. АҚ 159-б. 8-10-тармақтарында көзделген мән-жайлар адамның еркін білдіру бостандығын бұзу себептері бойынша мәмілені жарамсыз деп тануға негіз болады.

АҚ 159-б. 8-т. елеулі мәні бар жаңылысу салдарынан жасалған мәмілені сот жаңылысу әсерімен әрекет еткен тараптың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін дейді. Мәміленің табиғатына, ұқсастығына немесе оны өз мақсатына пайдалану мүмкіндігін айтарлықтай төмендететін мәнінің сапасына қатысты жаңылысудың елеулі мән болады.

Адамның өзі жасайтын мәміленің сипаты мен элементтері туралы теріс, қате түсінігінің болуын жаңылысу деп түсінеді. Мысалы, азамат шартты сатып алуда оны сирек кездесетін данаға жатады деп ойлайды.

Сатушы да осылай ойлайды. Алайда, мамандар олардың қателігін анықтайды.

Кез келген жаңылысу емес, тек мәнді жаңылысу ғана мәмілені жарамсыз деп тануға негіз болуы мүмкін. Жаңылысудың мәнді объективті сипатта болуға тиіс және мәміле туралы онсыз шаруашылық айналымның әдеттегі қатысушысы мұндай мәмілені жасаспайтындай түсініктің бұрмалануына әкеп соқтыруы тиіс деп ойлаймыз.

Адам мәміле жасау кезінде басшылыққа алған себептерден жаңылысу оны жарамсыз деп тануға негіз бола алмайды, өйткені ол мәміленің субъектілеріне де, сипатында, шартына да жатпайды. Мысалы, азамат басқа қаладан жұмыс табамын деп қателесіп, кетуге дайындалады да, жиһаздарын сатып жібереді. Кейін жұмысқа орналаса алмадым деп, көшу жоспарын өзгерді деген желеумен жиһазды сату шартын жарамсыз деп тануды талап етуге болмайды.

АК-ның 159-бабы дәлелдерден жаңылысу кейінге қалдыру немесе күшін жою шарты ретінде, мәміленің мазмұнына осындай дәлелді енгізген кезде ғана мәміле жарамсыздығының негізі бола алады деп тікелей айтады. Мысалы бірлескен кәсіпорындар құру туралы құрылтай шарттарын атауға болады, оларға шетелдік қатысушылар өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтаған соң, егер Қ.Р Үкіметі шарттың талаптарын қолдаса немесе қажетті банк несиесі алынатын болса, олар жүзеге асырылатын болады деп уағдаласады.

АК 159-б. 9 және 10-т. негіздер мәміле жасайтын тараптың ішкі еркінің сыртқы көрінісінен алшақтығын қамтиды, оның үстіне, мұндай алшақтықта әдетте кінәлі келесі жақ болып табылады. Аталған баптың 9-тармағы, ең алдымен, мәміле жасауға мәжбүрлеу үшін қолданылатын алдау, қорқыту және зорлық-зомбылық жасау туралы айтады.

Алдау дегеніміз мәміле жасауға мәжбүрлеу құралы ретінде оның қатысушысында мәміленің сипаты, субъектілері, нысанасы немесе өзге де жағдайлары туралы саналы түрде теріс түсінік қалыптастыру болып табылады. Мысалы, мәмілеге қатысушылардың біреуі өзінің көшірме ұсынатынын жақсы біле тұра, екінші қатысушыны оған түпнұсқа картинаны сататынына ойландырады.

Алдау белсенді іс-әрекеттер жасаудан (заттың бойында жоқ қасиеттерге ойландыру, жалған құжаттар ұсыну және т.с.с.) не мәміленің бір қатысушысы екенінің қателескенін түсіне тұра, бұл қатені өз мүддесі үшін пайдаланатын саналы әрекетсіздіктен тұруы мүмкін.

Алдаудың жаңылысудан (8-тармақша) айырмашылығы, ол қашан да мәміле туралы саналы түрде теріс түсінік қалыптастыру болып табылады.

Адамды алдау арқылы оны өзі үшін пайдасыз мәміле жасауға мәжбүрлеу алдаушыны алаяқтық жасағаны үшін жауапқа тартуға әкеп соқтыруы мүмкін. Қылмыстық жауапқа тарту АК 159-б. 6-т. ережелері бойынша мәмілені жарамсыз деп тануға ұштасады.

**Зорлық-зомбылық жасау** адамды оның өзі үшін тиімсіз мәміле жасауға мәжбүрлеу құралы ретінде оған күш көрсетуден (ұрып-соғу,

жақын адамдарымен қатынас мүмкіншілігінен айыру, бостандығын шектеу және т.с.с.) тұрады. Зорлық-зомбылық көрсету мәміле жасасатын адамға ғана емес, сондай-ақ оның жақын адамдарына да қолданылуы мүмкін. Қорқыту дегеніміз қорқытушы адам мүдделі болып отырған мәмілені жасау үшін психикалық ықпал ету шарасы. Мүлікті бүлдіру, мәміле жасасатын азаматты, оның жақындарын қаралайтын мәліметтерді жария етуге және т.с.с. бағытталған қорқыту жағдайлары.

АК 159-б, 9-т/да сондай-ақ басқа тарап пайдаланған жағдайларға қарағанда адам өзі үшін мүлде тиімсіз ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болған мәмілені (кіріптарлық мәміле-кабальная сделка) сот жәбірленушінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін деп көрсетілген.

Бір мәмілде бірнеше мән-жай қатар кездесетін реттерде кіріптарлық мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін: а) мәміленің шарттары тараптардың біреуі үшін өте тиімсіз болуы; б) тарап ауыр мән-жайлардың қысымымен ғана мәміле жасауы (мысалы, аштық, тез арада қымбат тұратын өкі қабылдау қажеттілігі); в) осындай мән-жайларды біле тұра, басқа тарап оны пайдаланатын жағдайда.

Бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісу ниетімен жасалған мәмілені сот жәбірленуші тараптың талап етуі бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін (АК 159-б, 10-т.). Мысалы, басқа жаққа жетіп бара жатқан азамат танысына өзінің үйін сатуды тапсырады, яғни өзін өкілдік береді (АК-ның 163-бабы). Өкіл үй үшін 190 мың теңге төлеуге аяқ сатып алушына табыды да, одан 170 мың теңге алатын болып, өз шартын, мәмілде 150 мың теңгені көрсетуге уағдаласады. Сөйтіп, сатып алушы да, өкілі де сатушының есебінен 20 мың теңгеден пайда табады.

Мұнда өкіл өзіне өкілдік берген адам үшін неғұрлым тиімді жағдайларға мәміле жасау мүмкіндігіне ие болса тұра өзінің зұлым ниетімен өкілдік берушінің мүдделеріне нұқсан келтіретін жағдайларды тарап алатын ретте келісімі зұлымдық ниетпен жасалған деп танылуы мүмкін.

АК 44-бабына сәйкес заңды тұлға үшінші тұлғалардың алдында заңды тұлғаның органы құрылтай құжаттарында белгіленген өз өкілеттігін осыра пайдаланған қабылдаған міндеттемелері бойынша жауап береді, бұған АК 159-б, 11-т/да көзделген жағдайлар қосылмайды.

АК 159-б, 11-т/да заңды тұлғаның осы кодексте, өзге де заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін етіп жасаған, не оның органының жарғылық құрамын бұзып отырып жасаған мәмілесі, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай жолсыздықтар туралы білгені немесе күні бұрын білуге тиіс болғаны дәлелденсе, заңды тұлғаның ғана емес, сондай-ақ мүлік иесінің ауыспамы бойынша, яғни егер заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын болса, онда уәкілетті мемлекеттік органның талап етуі бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мәміле жарамсыз деп танылатындықтан, аталған

жағдайларда заңды тұлға өз органының өкілеттік шегінен шығып кететін іс-әрекеттері үшін мәміленің басқа қатысушылары алдында жауап бермейді.

АК 160 - б. сәйкес заңдық салдар ниетін көздемей, тек көз алдау үшін жасалған жалған мәміле жарамсыз болады. Егер мәміле екінші бір мәмілені (кулыкпен) бүркемелеу ниетімен жасалса, тараптар шын мәнінде ойлаған мәмілеге қатысты ережелер қолданылады.

АК-ның 157-бабының 2-тармағы мәміле жарамсыздығының негіздемелері, сондай-ақ оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдардың тізбесі осы Кодексте не өзге де заң құжаттарында белгіленеді деп көрсетеді.

#### 4. Мәмілелердің жарамсыздығының салдары

Мәмілелердің жарамсыздығының салдарын айқындайтын негізгі ережелер АК 157-бабында белгіленген.

АК 157-б. 3-т. сәйкес, екі жақты реституция, яғни мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда құнын ақшалай өтеуге міндетті.

Егер мәміле ол орындала бастаудан бұрын жарамсыз деп танылса, онда ол орындалмауға тиіс. Егер мәміле орындала бастаса не толығымен орындалған болса, онда әрбір тарап өзінің мәміле кезінде алғандарын келесі жаққа қайтарып береді. Қайтарып беру мүмкін болмаса, оның өтеуі ақшамен толықтырылады.

ҚР АК 157-б. 4,5 т. бір жақты реституцияны қолдануды не реституцияға жол бермеуді белгілейді.

"4. Егер мәміле, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталып, екі тарапта да жымысқа ниет болған жағдайда олардың мәміле бойынша алғандарының немесе алуға тиісті болғандарының бәрі соттың шешімі немесе үкімі бойынша тәркіленуге тиіс. Мұндай мәмілені бір тарап орындаған ретте, екінші тараптан алғандарының бәрі және одан мәміле бойынша бірінші тарапқа тиесілінің бәрі тәркіленуге тиіс. Егер тараптардың ешқайсысы да орындауға кіріспеген болса, мәміледе орындалуы көзделгеннің бәрі тәркіленуге тиіс.

5. Қылмыстық мақсатқа жету жөнінде жымысқа ниет тараптардың бірінде ғана болған жағдайда оның мәміле бойынша алғандарының бәрі екінші тарапқа қайтарылуға тиіс, ал соңғысының алғаны не оған мәміле бойынша тиесілі тәркіленуге тиіс.

6. Нақты мән-жайларды ескере отырып, сот осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген салдарды, жарамсыз мәміле бойынша алынған, не алынуға тиіс мүлікті тәркілеуге қатысты бөлігінде ішнара не толық қолданбауға құқылы. Бұл бөлікте екі жақты реституция қолданылады.

Келесі тараптың қылмыстық әрекеттері салдарынан жарамсыз деп танылған мәміледегі кінәсіз жәбірленуші тарап келесі тараптан мәміле

бойынша берілген мүлікті қайтаруды ғана емес, сондай-ақ мәмілені жарамсыз деп таныу фактісінен туындаған залалдардың орнын толтыруды да талап етуге құқылы.

АҚ-ның 160-бабы жалған және қулықпен жасалған мәміле ұғымын анықтап, олардың салдарын көрсетеді. Заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін жасалған мәміле жалған мәміле деп аталады. Мысалы, өзінің үстінен қылмыстық іс қозғалған адам мүлкінің тәркіленуінен қауіптеніп, үйіндегі бағалы заттарын туысына "сатады" да, оған ақшаны алмай, заттарымды алғашқы келісім бойынша қайтарасын деп уағдаласады. Жалған мәміле кейде өтірік мәміле деп те аталады.

Мәміленің өтірік жасалғанын дәлелдеу міндеті осындай тұжырымды ұсынуы алағға жүктеледі.

Жалған мәміледен өзгеше, қулықпен жасалатын мәміледе тараптардың еркі айналдағылар үшін сырттай көрінетін емес, өзге тараптардың ойындығы азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтауға бағытталады. Қулықпен жасалатын мәміледе: а) басқа мәмілені бүркеп тұратын сыртқы, қулықпен жасалатын мәмілені; б) мәмілені бүркеп тұратын, яғни, қулықпен жасалатын мәмілені ажырату керек.

Қулықпен жасалатын мәміле көбіне заңның тыйым салған тұстарын бұзатын етуге бағытталған. Алайда, айналдағы тараптардың шынайы ниеті туралы жалған түсінікті туғызғанымен, заңға қайшы нәтижеге жетуге бағытталмаған қулықпен жасалатын мәмілелер де болады. Мысалы, азамат өзінің басқа адаммен ерекше қатынасын көпшілікке жария еткісі келмейді. Сондықтан оған бағалы мүлікті сый ретінде бере отырып, азамат іс жүзінде мүлікті үшін ақша алмайтын болса да, оны сатып алу-сату шартымен ресімдейді. Кейде қулықпен жасалатын мәміле барынша заңды уағдаластықты дұрыс ресімдей білмейтін тараптардың заңдық бейқабарлығынан пайда болады.

Қулықпен жасалатын мәміледе екі мәмілені айыруға болатындықтан, олардың арнайысы өз бетінше бағалауды керек етеді. Басқа мәмілені бүркеп тұратын мәміле қашан да жарамсыз болады. Тараптар іс жүзінде бұған тырыспағандықтан, оның ешқандай салдары болмайды.

Тараптар шын мәнінде қулықпен жасаған мәмілеге келетін болсақ, оның заңдылығы немесе заңсыздығы нақты белгілері бойынша анықталады. Егер тараптар мұндай белгілер бойынша заңды бұзса, қулықпен жасалған мәміле де жарамсыз болады.

Мемлекеттің және үшінші жақтың заң жүзінде қорғалатын мүдделерін бұзбайтын толығымен заңды мәміле бүркемеленетін жағдайда ол жарамды деп танылады және оның орындалуы тараптар үшін әлде бір қолайсыз салдар туғызбайды.

Егер мәмілені оның жарамсыз белгісін еңгізбей-ақ жасауға болар еді деп ойлау мүмкін болса, мәміленің бір бөлгінің жарамсыздығы оның басқа бөлгістерінің жарамсыз болуына әкеп соқтырмайды (АҚ-ның 161-бабы). Мысалы, тараптар тұрғын үйді сатып алу-сату жөнінде уағдаласты, оның үстіне, сатушы үйді сатып алушыға өткізгенге дейін асүй мен дәлізді қайта

жоспарлау міндетін өзіне алады. Қайта жоспарлау жобасын қарастырғанда оның міндетті құрылыс салу нормаларын бұзатыны анықталады. Мұнда қайта жоспарлау туралы шартты ғана жарамсыз деп тануға болады, ал қалған тұсында - мәмілені кедергісіз орындау керек.

АК-ның 162-бабы мәмілелердің жарамсыздығы туралы дауларға қатысты кейбір талап қою мерзімдерін есептеу ерекшеліктерін белгілейді. Атап айтқанда, АК-ның 159-бабының 9 және 10-тармақтарында көзделген негіздер бойынша мәміленің жарамсыздығымен байланысты даулар бойынша талап қою мерзім оның ықпалымен мәміле жасалған зорлық-зомбылық немесе қорқыту тоқталған күннен бастап не талапкер 9 және 10-тармақтарда көзделген және мәмілені жарамсыз деп тану үшін негіз болатын өзге де мән-жайлар жөнінде білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 1 жыл болады. Мәмілелердің жарамсыздығы жөніндегі даулар бойынша қалған жағдайларда, егер заң актілерінде өзге мерзім көзделмесе, талап қою мерзімінің жалпы үш жылдық мерзімі қолданылады.

### **Бакылау сұрақтары:**

1. Мәміленің ұғымы мен мәні, олардың заң фактілері жүйесіндегі орны
2. Мәмілелердің түрі
3. Мәмілелердің жарамдылығының алғы шарттары
4. Мәміле жарамсыздығының ұғымы мен түрлері
5. Мәмілелер жарамсыздығының салдары
6. Мәмілелерді жарамсыз деп тану және мәмілелер жарамсыздығының салдарын қолдану кезіндегі талап қою мерзімі
7. Біржақты мәміле ұғымы
8. Жазбаша нысанда жасалған мәмілеге теңеседі
9. Заңмен талап етілген мәміленің жай жазбаша түрін сақтамаудың салдары
10. Консенсуалды мәміле ұғымы

### **Есеп**

1. Институтта ұзақ уақыт ғылыми аға қызметкер болып істеген Уәлиев, өмір бойы жинаған арнайы әдебиет кітапханасын институтқа сыйлайды. Өз сыйлығы туралы ол Институттың Ғылыми кеңесінде және де институттық көп тиражды басылымында жария етеді. Кітаптардың көп болуынан және оларды бірден тасымалдаудың қиынға соғуынан Уәлиев оларды кішкене партиялармен тасымалдайды. Барлық кітаптарды көшіріп үлгермей, Уәлиев қайтыс болады. Заң бойынша жалғыз мұрагері болып табылатын оның ұлы институт директорының қалған кітаптарды беруді сұрағанына жауап ретінде оның әкесі мен институт арасындағы шарт тиісті түрде

жасалмағанына сілтей отырып, әкесінің бұрынғырақ берген кітаптарының бәрін қайтару талабын қояды. Осы дау қарастырылып жатқан сотта институт кітапханашысы қол қойған және институт директоры бекіткен Уағдесінің сыйға тартқан кітаптарын балансқа қабылдау актісін ұсынады. Пайла болған дауды қалайша шешу қажет?

2. Насырова мұра бойынша "Жиғулиц автокөлігі өтеді. Өзінің досы Масановқа бұрынғы көрсеткен қызметтерін ескере отырып, және автокөлігі айдап алмағандықтан, Насыров Масановпен шарт жасасады. Ол шарт бойынша Насыров автокөлікке құқық белгілейтін құжаттарды ала салысымен тез арада "Жиғулиц автокөлігін Масановқа сыйлауды міндеттенеді. Шарт нотариуста куәландырылады. Масанов автокөліктің профилактикалық жөндеу жұмыстарын бастайды және оның жөнделуіне бірнеше көп сома жұмсайды. Алайда тиісті құжаттарды алған соң Насыров Масановқа автокөлікті сыйшудан бас тартады. Масанов автокөлікті беру жөніндегі талабымен сотқа арыл ұсынады.

Бұл шешініздер.

## 9 тарауы. Өкілдік. Сенімхат

### 1. Өкілдік ұғымы мен түрлері

#### 1. Сенімхат

### 1. Өкілдік ұғымы мен түрлері

Өкілдік (163-бап) Өкілдік берушінің атынан өкілдің сенімхатқа, заңдарға, еріт шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасалған мәмілесі өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызып, өзгертеді және тоқтатады. Сонымен бірге өкілдік сияқты осы бапта анықталғаннан да кеңірек. Мәмілелерді жасасудан тыс өкіл өзге де заңи іс-қимылдарды жасай алады.

**Өкілдік субъектілері:** 1) Өкілдік беруші 2) Өкіл 3) Үшінші тұлға, яғни бұл тұлғамен өкілдік берушіде өкілдің әрекеттері арқылы құқықтық байланыс орнайды.

Өкілдік беруші-өзінің атынан және өзінің мүддесінде мәмілелерді жасалатын тұлға. Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері құқықабілеттілігі бар немесе жоқ адам заңды тұлға да өкілдік беруші бола алады.

Өкіл-өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде әрекет ететін тұлға. Азаматтық әрекетқабілеттілігі бар кез келген тұлға кейбір жағдайларды қоспағанда, өкіл бола алады.



Үшінші жақ-өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде өкілдің мәміле жасасатын тұлғасы, азамат немесе заңды тұлға. Кез келген құқыққабілеттілігі және әрекетқабілеттілігі бар азамат үшінші тарап бола алады.

Заңда кейбір мәмілелердің өкіл арқылы жасалмайтындағы көрсетілген өзінің сипатына қарай міндетті түрде азаматтың өзі жеке орындауы тиіс. Мысалы өсиет қалдыру.

Өкілдік институты азаматтық айналымды кең таралған. Оның қажеттілігі өкілдік берушінің өзі заң күшіне орай (мысалы, әрекет қабілеттілігінің жоқтығы) немесе нақты өмірлік жағдайларға байланысты (мыс, ауырып қалуына, іс сапарға кетуіне, қолының тимеуіне және т.с.с.) туындайды. Сипаты жөнінен тек жеке өзі ғана жасауға болатын мәмілені, сондай-ақ заң құжаттарында көзделген реттердегі басқа да мәмілелерді өкіл арқылы жасауға жол берілмейді.(165 бап). Мысалы, өсиеттерді құруды, сенімхатты беруді, өмір бойы асырауда ұстау шартын жасауды және т.б. тұлғаның жеке өзі жүзеге асыруы қажет.

Өкілдік кезінде құқықтық байланыстардың құрылымы күрделі және келесі үш қатынастардан құралады:

1) өкілдік беруші мен өкіл арасында;

2) өкіл мен үшінші тұлға арасында;

3) өкілдік беруші мен үшінші тұлға арасында. Бұл қатынастардың алдыңғы екеуі өкілдіктің ішкі және сыртқы жақтарын құрайды. Өкілдік беруші мен үшінші тұлға арасындағы қатынас өкілдікті жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады.

Өкіл тек қана құқықтарды ғана емес сонымен бірге міндеттерді де иеленеді. Ол жасалатын мәміленің сипаты жөніндегі өкілдік берушінің нұсқауларын қатаң сақтауға тиіс. Мәміле жасауға уәкілдік берілмеген адамның басқа адам атынан немесе өкілеттілігін асыра пайдаланып жасаған мәмілесі өкілдік беруші осы мәмілені кейіннен мақұлдаған ретте ғана ол үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады өзгертеді және тоқтатады. Егер ол кейіннен ондай мәмілені мақұлдасамса онда оның жағымсыз салдарлары өкілетсіз әрекет еткені үшін өкілдің өзіне жүктеледі.

Өкілдік беруші ретінде азаматтық құқықтың кез – келген субъектісі- заңды тұлға немесе азамат (әрекет қабілеттілік жағдайына байланыссыз) бола алады. Өкіл ретінде бола алатын тұлғалар біршама шектелген. Біріншіден, өкіл ретінде болатын азаматтар әдетте толық әрекет қабілеттілігіне ие болуы қажет. Екіншіден, заңды тұлғалар, егер бұл олардың құрылтай құжаттарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қайшы келмесе, өздеріне өкілдердің функцияларын қабылдай алады. Үшіншіден, заңнама азаматтық құқықтың кейбір субъектілерінің өкілдік функцияларын орындауға қатысты тікелей тыйым салуларды белгілейді. Мысалы, АІЖК 60-бабына сәйкес судьялар, тергеушілер, прокурорлар мен өкілді органдардың депутаттары, олардың процеске тиісті ұйымдардың уәкілеттік берілген адамдары немесе заңды өкілдері ретінде қатысу жағдайынан басқа жағдайда сотта өкіл бола алмайды.

Ошанмен өкілдік беруші өкілдің көмегімен азаматтық – құқықтық мәміле немесе өзге заңды әрекет жасайтын үшінші тұлға ретінде азаматтық құқықтың көз – көлген субъектисі болуы мүмкін.

Ішкі өкілге өкілдік берушінің атынан жеке өзіне қатысты, сонымен бірге өзі өкіл болып табылатын басқа адамға қатысты мәмілелер жасауға тыйым салынады (АҚ 163 б. 3-т) Мысалы, өкіл оған өкілдік беруші сатуды талаптарын мүлікті өті сатып ала алмайды.

**Өкілдіктің түрлері:** 1. Өкімшілік құжатқа негізделген өкілдік, яғни өзі өкілдік берушінің өкімшілік бұйрығына орай оның атынан әрекет етуге міндеттенеді. Бұл өкілдік түрі өкілдік берушінің еркіне қарамайды. 2. Заңды өкілдік, яғни өкілдік қатынастар заңда тікелей белгіленуіне орай туындайды. Мысалы кәмелетке толмаған балалардың заңды өкілдері болып олардың ата-аналары саналады. Бұл өкілдік түрі өкілдік берушінің еркіне қарамайды. 3. Шартқа негізделген өкілдік. Ол өкілдік беруші мен өкіл арасында жасалатын шарт (әдетте тапсыру шарты) негізінде пайда болады. Бұл өкілдік өкілдік берушінің еркі бойынша туындайды. 4. Коммерциялық өкілдік, яғни мұндайда кәсіпкерлердің атынан олар шарт жасасқан кезде үнемі және дербес өкілдік етуші тұлға коммерциялық өкіл әрекет жасайты (ерікті өкілдік).

## 2. Сенімхат

**Сенімхат (187 бап)** - Бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі.

Мүлікке билік жасауға және нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілелер жасауға берілетін сенімхатта, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, нотариат куәландыруы тиіс. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерім көрсетілсе ол 3 жыл бойы, ал егер қолдану көрсетілмесе берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады. Егер сенімхаттың берілген күні көрсетілмесе ол жарамсыз болып танылады.

**Сенімхат нысаны (187б):**

- Жалпы ереже бойынша жай жазбаша нысанда жасалады.
- Сенімхаттың нотариалды куәландырылған нысаны ол мүлікке билік етуге немесе нотариалды куәландыруды талап ететін мәмілелер жасауға берілген жағдайда талап етіледі.
- Нотариат куәландырылған сенімхаттарға мыналар теңестіріледі:

Сенім білдіруші	Куәландырушы тұлға
Госпитальдарда, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінде емделін жатқан әскери қызметшілер және өзге адамдар.	Госпитальдар, санаторийлер мен басқа д әскери-емдеу мекемесінің бастығы, оның медицина бөлімі жөніндегі орынбасары, аға және кезекші дәрігер.
Бас бостандығынан айыру орында-	Бас бостандығынан айыру орнының

рындағы адамдар.	бастығы.
Халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі кәмететке толған әрекет қабілеттігі бар азаматтар.	Сол мекеменің немесе тиісті әлеуметтік қорғау органының басшысы.
Нотариалдық жок әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің және әскери оқу орындары орналасқан мекендердегі әскери қызметшілер сондай-ақ жұмысшылар қызметшілер, олардың отбасы мүшелері, әскери қызметшілердің отбасы мүшелері.	Сол бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің және әскери оқу орындарының командирлері (бастықтары).

Хат-хабар, соның ішінде ақша және сәлемдеме алуға, жалақы және азаматтар мен заңды тұлғалардан өзгеде төлемдер алуға сенімхатты сенім білдіруші тұратын аумақтың жергілікті басқару органдары, ол жұмыс істейтін немесе оқитын ұйым, тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй пайдалану ұйымы, ол емделіп жатқан тұрақты емдеу мекемесінің әкімшілігі куәландыруы мүмкін.

Заңды тұлға атынан сенімхат оның басшысы немесе бұған оның құрылтай құжаттарымен уәкілдік берілген өзгеде адамның қолы қойылып беріледі және сол ұйымның мөрімен бекітіледі. Мемлекеттік органның, коммерциялық ұйым мен коммерциялық ұйым емес атынан ақша және басқа бағалы мүлікті алуға немесе беруге қатысты берілетін сенімхатқа сол ұйымның бас (аға) есепшісі қол қоюға тиіс.

**Сенімхаттың тоқтатылу негіздері (1706):** 1)сенімхат мерзімінің өтуі; 2)сенімхатта көзделген әрекеттердің жүзеге асуы; 3)сенімхатты беруші адамның оның күшін жоюы;4)сенімхат берген адамның одан бас тартуы; 5)өз атынан сенімхат берген немесе оның атына берілген заңды тұлғаның тоқтатылуы; 6)сенімхат берген адамның немесе оған сенімхат берілген адамның қайтыс болуы, оның әрекет қабілеттігі жоқ, әртүрлі қабілеттігі шектеулі немесе хабар —ошарсыз кетті деп танылуы;

Сенімхат берілген адам, оның құқық мирасқоры сенімхат тоқтатылысымен оны дереу қайтару тиіс.

Сенімнің ауысуы мынадай жағдайларда орындалуы мүмкін:

- 1) Егер өкілге сенімхаттың өзінде осындай құқық берілген болса
- 2) Сенім білдірушінің мүдделерін қорғау үшін қалыптасқан жағдайларға орай сенімді ауыстыруға мәжбүр болса

Өкілдің алған өкілеттігінің көлемі мен мазмұнына қарай **сенімхаттың түрлері:**

1) **Вас (жалпы) сенімхат**, ол өкілді әр түрлі мәмілелер және әдетте өкілдік берушінің қызметінің барлық көлемімен байланысты заңды әрекеттер жасауға уәкілді етеді. Мысалы азаматтың мүлкін басқаруға сенімхат, заңды тұлға филиалын басқарушысының сенімхаты.

2) **Арнайы сенімхат**, ол өкілді белгілі бір салада әрекет жасауға немесе бір төтті мәселелер мен заңды әрекеттер жасауға уәкілді етеді. Мысалы, сотта іс жүргізу үшін адвокатқа берілген сенімхат не жүктерді алу мен айналыста кредиторға берілген сенімхат.

3) **Бір мәрте берілетін сенімхат**, ол бір нақты мәміле немесе заңды әрекет жасауға беріледі. Мысалы, поштадан хатты алуға, бір шартты жасауға және т.б. сенімхат.

#### **Талқылау сұрақтары:**

1. Өкілдік ұғымы
2. Өкілдіктің құқықтық маңызы
3. Өкілдіктің субъектілік құрамы
4. Өкілдіктің оған ұқсас құқықтық қарым-қатынастардан айырмашылығы
5. Өкілдік түрлері.
6. Сенімхат
7. Сенімхат берудің тәртібі
8. Сенімхаттың мазмұны
9. Сенімхат түрлері
10. Өкілеттігі жоқ өкілдік

#### **Есеп**

1. Құрылыс-монтаж тресті (ҚМТ) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен (ЖШС) соңғысының заңсыз иелігінен көтергіш кранды қайтаруы жөнінде талап арыз ұсынады. Үшінші жақ ретіндеіске қатысуға ЖШС-тің кран сатып алған Жабық акционерлік қоғамы (ЖАҚ) тартылады. Соттың мәжілісін ашып, сот келгендерге өз өкілдіктерін растауды ұсынады. Сотқа ҚМТ-ның заңгері іске қатысу сенімхатын ұсынады. ЖШС-тің мүддесін төлқұжаты мен кәсіпорынның тіркелу туралы куәлігі бар оның директоры қорғамақ болады. ЖАҚ атынан директорлар кеңесінің төрағасы сөз сөйлейді, оның қолында құрылтайшылар жиналысының оны көрсетілген міндетіне тағайындау туралы хаттамасы болды. Сот қандай әрекет істеуі тиіс?

2. Ауыр сырқатқа шалдыққан азамат Момынов Жинақ банкісіндегі өзінің ақша салымын бірнеше жыл бойы іс-жүзіндегі некелік қарым-қатынаста болған Нұрланованың қарауына беру туралы сенімхат береді. Сонда

Момынов куәгерлердің көзінше Нұрланова осы қаражат есебінен оны жерлеуге байланысты барлық шығындарын өтеп, ал қалғанын өз еркімен жұмсасын деген тілегін білдіреді. Осы сенімхат та, Нұрлановаға мұра бойынша автокөліктің және үй жабдықтарының өтуі туралы өсиет те, Момыновтың емделіп жатқан ауруханасының бас дәрігерімен куәландырылады. Момыновтың өлімінен кейін әкесімен бірқатар жылдар бойы қатынаспайтын, бірақ заң бойынша Момынов-тың жалғыз мұрагері болып табылатын оның ересек ұлы Нұрлановадан Жинақ банкіде Момынов атында сақталған ақша салымының барлық сомасын беруді талап ете отырып, оған талап арыз ұсынады. Осы талап арыз қаншалықты негізделген деуге болады?

### 10 тақырып Азаматтық құқықтағы мерзімдер

1. Азаматтық құқықтағы мерзімдерді белгілеу ұғымы, түрлері және тәртібі

2. Талап қою мерзімі

1. Азаматтық құқықтағы мерзімдерді белгілеу ұғымы түрлері және тәртібі.

**Мерзім** – бұл олардың басталуы немесе өтуі белгілі бір құқықтық салдарлар әкелетін сәт немесе уақыт кезеңдері.

**Мерзім түрлері (172-б.):** Заңдармен, өзге құқықтық актілермен белгіленген мерзім; мәмілемен белгіленген мерзім; сотпен тағайындалатын мерзім.

**Мерзімнің белгіленуі (172-б):** 1) Күнтізбелік күнмен; 2) Уақыт кезеңін есептеумен (жылдар, айлар, апталар, күндер, сағаттар,) 3) Сөзсіз болуға тиісті оқиғаны көрсетумен белгіленеді.

**Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің басталуы (173-б):** Күнтізбелік күннен немесе мерзімінің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталады.

**Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің аяқталуы**

Немен есептеледі	Қашан бітеді
Жылдармен	Мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді.
Апталармен	Мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде бітеді.
Айлармен	Мерзімнің соңғы айының тиісті

Жарты жылмен	күнінде бітеді.
Жыл тоқсандарымен (тоқсан үшін айға тең, оған есептеу жылдың басынан жүргізіледі)	
Жарты аймен	15 күн өткеннен кейін өтеді

• Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе содан кейінгі ең тауа жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады. (175-б) Мысалы, 1- қаңтарға келетін мерзімнің соңғы кезі 3-ші қаңтарда орын алады деп саналады.

• Егер мерзім қандай да бір әрекет жасауға белгіленген болса, ол әрекет мерзімнің соңғы күніндегі сағат 24:00 дейін орындалуы мүмкін. (176-б) Мысалы, қарғыды осы күннің кез-келген сәтінде төлеу борышқордың өз міндеттерін келісінген мерзімде орындалғандығын білдіреді және міндеттемені тоқтатады. Жоғарыда белгіленген ережеден өзгешілік мекемелерде немесе ұйымдарда жасалатын әрекеттер үшін белгіленген. Мүлкілі жағдайда әрекет жасау мерзімін соңғы күні бұл ұйымдарда жұмыстың не тиісті операцияларды жүргізуді (мысалы, нотариат депозиттік акционерды қабылдау, нотариалды контораның жұмыс күнінің кешкі бөлігіне қарамастан, күндізгі 12-ге дейін жүргізілетіндігі белгіленуі мүмкін) тоқтату сәтінде бітеді.

• Мерзімнің соңғы күнінде сағат 24-ке дейін почтаға, телеграфқа немесе өзге байланыс мекемесіне тапсырған жазбаша мәлімдемелер (мыс, өткізілген тауарлар сапасының лайықсыздығы туралы шағымдар) мен хабарламалар (мыс, мердігердің өткізілген жұмыстарды өткізуге лайықтылығы туралы ) мерзімде жасалған болып есептеледі. (176-б. 2-т.).

## 2.Талап қою мерзімі

**Талап қою мерзімі** – тұлға (адам) құқығының немесе заңмен қорғалатын мүдденің бұзылуынан туындайтын талаптың қанағаттандырылуы мүмкін болатын уақыт кезеңі.(177-б).

**Талап қою мерзімі мыналарға қолданылмайды(187-бап):**

- заң құжаттарында көзделгеннен басқа реттерде материалдық емес иеліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға;
- салымшылардың банкіге банктік салымдарды беру туралы талаптарына;
- азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптарға қолданылмайды. Алайда талап қою мерзімі өтіп кеткеннен кейін қойылған талаптар талап қойыла бастаған соң үш жылдан асырылмай қанағаттандырылады;
- егер құқықты бұзу иеліктен айыруға байланысты болмаса, меншік иесінің немесе өзге заңды иеленушінің өз құқығының кез-келген бұзылуын жою туралы талабына (АК 264, 265-б/р)

♦ заң құжаттарында белгіленген басқа да талаптарға қолданылмайды. (Мыс, банктер және банктік қызмет туралы жарлыққа сәйкес (37 бап) банктердің заем алушыларға несиелік шарттарды тиісті түрде орындамау бойынша талаптарына талап қою мерзімдері қолданылмайтындығы белгіленген).

**Талап қою мерзімінің өтуінің басталуы (180-бап): 1.** Тұлға құқық бұзушылық туралы білген не білуге тиіс болған күннен басталады. Бұл ережеден айыру АҚ-пен және өзге заң құжаттарымен белгіленеді. 2. Орындалуы белгіленген мерзімге байланысты міндеттемелер бойынша орындалу мерзімі аяқталған күннен басталады.

♦ Егер орындалу мерзімі белгіленбеген немесе талап ету кезімен белгіленген міндеттемелер бойынша - міндеттемені орындау туралы талап қойылған кезден басталады, ал егер борышқорға сондай талаптарды орындау үшін жеңілдік мерзімі берілсе - аталған мерзім аяқталғаннан кейін басталады.

♦ Регресстік міндеттемелер бойынша - негізгі міндеттемені орындау кезінен басталады.

♦ Міндеттемедегі тұлғалардың өзгеруі талап қою мерзімі мен оны есептеу тәртібін өзгертуге әкеліп соқтырмайды.

**Талап қою мерзімдері және оның қолданылуы.** Талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл. Арнаулы мерзім (қысқартылған немесе неғұрлым ұзақ) талаптардың жекелеген түрлері үшін заң құжаттарымен белгіленуі мүмкін. (178-б)

**Талап қою мерзімі** заңмен көзделеді, тараптардың келісімімен өзгертілмейді.

♦ Басты талап бойынша талап қою мерзімінің бітуі қосымша талаптар (тұрақсыз төлем, кепіл, кепіл болушылық және т.с.с) бойынша да талап қою мерзімдерінің бітуіне соғады. (179-б)

♦ Бұзылған құқықты қорғау туралы талапты сот талап қою мерзімінің өтіп кетуіне қарамастан өз қарауына алады. (179-б).

♦ Талап қою мерзімі біткеннен кейін міндетін атқарған борышқордың немесе өзге міндетті тұлғаның тіпті сол міндетті атқарған кезінде талап мерзімінің өтіп кеткенін білмесе де, аталған тұлғаның өзі атқарған нәрсесін қайтаруды талап етуге құқығы жоқ (186-б).

♦ Талап мерзімін сот шешімін шығарғанға дейін дауда тарап жасаған мәлімдеме бойынша ғана сот қолданады. (179-б).

♦ Талап қойғанаға дейін талап қою мерзімінің өтіп кетуі соттың талаптан бас тарту туралы шешім шығаруына негіз болады (179-б).

## **Талап қою мерзімін тоқтата тұру:(АК 1826)**

1. Егер талап қоюға төтенше және бұл жағдайда болмай қоймайтын оқиға кедергі жасаса
2. Міндеттемелердің бұл түрін орындау Қазақстан Республикасы Президентінің жариялауымен кейінге қалдыруымен байланысты
3. Егер талапкер немесе жауапкер соғыс жағдайында көшірілген әскери бөлімшелер құрамында болса
4. Егер әрекетшілеттілігі жоқ адамнан заңда өкілі болмаса
5. Тікелей қатынасты реттейтін заңдардың қолданылуын тоқтатуға байланысты тоқтатыла тұрыды

**Талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс. (АК 1836)** Талап қою мерзімінің өтуі белгіленген тәртіппен талап қою, тараптардың медиация туралы шарт жасасуы сондай-ақ міндеткер адамның борышты немесе өзге міндеттерді мобилизацияланған дәлелдейтін әрекеттер жасауы арқылы үзіледі. Үзілістен кейін талап қою мерзімінің өтуі қайтадан басталады, үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

**Талап қою мерзімін қалпына келтіру (АК 1856)** Ерекше жағдайларда талапкердің жеке басына байланысты мән-жайлар бойынша талап қою мерзімі өтіп кетуін себебін сот орынды деп таныған кезде, азаматтың бұнынан құқығы қорғалуға тиіс. Талап қою мерзімінің өтіп кетуі себептері орында болған егер ол талап мерзімінің соңғы алты ай ішінде ұрын алған болса, он егер бұл мерзім алты айға тең немесе алты айдан аз болса талап мерзімінің өтуі кезінде танылады.

Белгілі бір іс бойынша сот шешімін орындаудан бас тартылуына байланысты заң құжаттарына сәйкес талаптардың тап сол іс бойынша жаңа талап қою құқығы пайда болған ретте талап қою мерзімі қалпына келтіріледі және қайтадан өте бастайды.

## **Бақылау сұрақтары:**

1. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің ұғымы, мерзімдерді есептеу және оның түрлері
2. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдері
3. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдері
4. Нарызшылық білдіру мерзімдері
5. Кенілдік мерзімдер
6. Азаматтық міндеттерді орындау мерзімдері
7. Талап қою мерзімі
8. Талап қою мерзімінің ұғымы
9. Талап қою мерзімінің басталу сәті
11. Талап қою мерзімін тоқтату, үзу және қайта жалғастыру



12. Талап қою мерзімінің өту салдары

13. Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар

### Есеп

1. Жасалынған шарт бойынша ет-сүт комбинаты сауда фирмасына тараптардың келіскен ассортиментінде сүт өнімдерін жеткізіп тұрады. Шарт жеткізілген өнімнің ай сайынғы төлемін қарастырады, ол келесі айдың 10-шы күнінен кешіктірілмей, оны төлеу мерзімінен кеш қалған әрбір күні үшін жеткізілген өнім құнының 1%-і мөлшерінде айып төлеумен жүзеге асырылуы тиіс еді. Шарттың бүкіл біржылдық мерзімінде сауда фирмасы жүйелі түрде төлемдерді бір-екі аптаға кешіктіріп, бірақ өз еркімен ол үшін айып төлемегендіктен, комбинат фирмамен жасаған шартын жаңа мерзімге созудан бас тартады. Бір мезгілде директордың тапсырмасы бойынша комбинат заңгері төлемнің кешіктірілу кезеңдерінің қосындысын шығарады, ол 136 күн болып шығады, және шарт қысқартылғаннан 2 ай өткен соң фирмаға айып төлеу жөнінде талап арызын ұсынады.

Талап арыз қанағаттандырылуға тиіс пе?

2. Кенебаев Хасеновадан үлкен сомаға ақшаны қарызға алып, 2 айдан соң, яғни 1991 жылдың 15 тамызынан кеш қалдырмай қайтаруға міндеттенеді. Көрсетілген мерзімде ақша қайтарылмайды. Ақша орнына Кенебаев Хасеноваға 50%-ке өсірілген соманы 1991 ж. 1 желтоқсанынан қалдырмай төлеуге міндет алынған жаңа қолхат береді. 1991 ж. қараша айында Кенебаев алыс шекара гарнизонында әскери қызметке шақырылады. 1993ж. қараша айында әскерден қайтқан соң Кенебаев теңіз жағалауындағы қалаға тұрақтап, ке-ме шаруашылығына жұмысқа кіріп, үйіне қайтпайды. Кенебаевтің туыстарынан оның мекен-жайын біліп Хасенова оған қарызы туралы ескертіп хат жазып жібереді, бірақ жауап алмайды. 1995 ж. 15 қаңтарында Хасенова Кенебаевтан қарыз сомасын алып беру жөнінде сотқа талап арызын береді. Кенебаев Хасенованың талап қою мерзімінің өскіргенін сілтеп, талапты мойындамайды. Хасенова Кенебаевтың әскердегі қызмет уақыты талап қою мерзімінің өскіруіне кірмеуі тиіс деген оймен, оның өскіруі өткен жоқ деп санады. Сонымен қатар, Хасенова 1994 жылдың 3 қыркүйегінен 5 қарашасына дейін ауруханада жатқандығын растайтын медициналық құжаттарды сотқа ұсынады. Бұл дауда кімдікі дұрыс? Егер Кенебаев Хасенованың хатына жауап беріп, қарызды қандай да бір жаңа мерзімге қарай қайтарып беруді уәде етсе, есептің шешімі өзгерер ме еді?

## Штаткырып, МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1. Заттық құқықтардың түсінігі және түрлері.
2. Мәншік құқығының түсінігі мен мазмұны.
3. Мәншік құқығының нысаны мен түрлері.
4. Ортақ мәншік құқығы.
5. Мәншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтатылуы.
6. Мәншік құқығын және өзге заттық құқықтарды қорғаудың түсінігі

### 1. Заттық құқықтардың түсінігі және түрлері.

Объектісі зат болып табылатын мүліктік құқықтардың бір түрі – заттық құқықтар. Заң әдебиеттерінде заттық құқықтардың түсінігі мен белгілеріне қатысты бір жақты шешім жоқ.

Заттық құқық ретінде өзінің шаруашылық үстемдігінде болатын затқа тікелей ықпал ету жолымен құқылы тұлғаның мүдделерін қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін құқық түсініледі.

Заттық құқықтардың мынандай белгілері бар: 1)заттық құқықтар жеке дара анықталған заттарға қатысты туындайды; 2)заттық құқықтар абсолютті құқықтар және заттық құқықтарды қорғаудың абсолютті сипаты, яғни заттық құқыққа қол сұғатындардың барлығынан қорғау; 3)заттық құқықтардың заңмен белгіленуі; 4)заттық құқықтың затпен бірге жүруі, яғни затқа мәншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы бұл затқа басқа заттық құқықтардың (мыс. сервитуттың, кепіл құқығының) тоқтатылуы үшін негіз болып табылмайды; 5)басымдық сипаты, яғни заттық және міндеттемелік құқықтың бәсекелестігі кезінде бірінші кезекте заттық құқық жүзеге асырулуға тиіс; 6)затқа іс жүзінде үстемдік, яғни өзінің құқығын тікелей үшінші тұлғалардың араласуынсыз жүзеге асырылу мүмкіндігі. Бұл белгілердің барлығы заттық құқықтардың барлығында болады, бірақ кейбірінде олар анық көрінеді, ал басқаларында елеусіз болады. Осы белгілерге негізделе отырып заттық құқыққа келесідей анықтама беруге болады:

**Заттық құқық** – бұл, оның объектісі ретінде жеке дара анықталған зат болатын, ерекше заттық-құқықтық қорғау құралдарымен барлығынан

және әрқайсысынан қорғану құқалдарын иеленетін; иелену, пайдалану және билік ету құқықтарының барлығы құқық иеленушіде бірге немесе жеке дара болумен көрініс алатын; құқық иеленушіге затқа тікелей ықпал ету мүмкіндігін беретін; бірге жүру және басымдық құқықтарының болуымен сипатталатын заңмен белгіленген мүліктік абсолюттік құқық.

Заттық құқықтардың түрлері: 1) меншік құқығы 2) меншік иесі емес тұлғалардан заттық құқықтары немесе олар бөтен затқа құқықтар деп аталады. Бөтен затқа құқықтарға жерді пайдалану құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы және АҚ-те немесе өзге заң актілерінде көзделген басқа да заттық құқықтар жатады (АҚ 195-бап).

## **2. Меншік құқығының түсінігі мен мазмұны.**

Меншік бұл мүлік те емес, зат та емес, бұл белгілі бір экономикалық қатынас. Экономикалық мағынада меншік қатынастары – бұл белгілі бір материалдық игіліктердің бір тұлғаларға тиісті және басқа тұлғалардан бөлек болуы жөнінде адамдар арасындағы қатынастар. Меншік қатынастары меншік құқығымен және өзге де заттық құқықтармен рәсімделеді.

**Объективті мағынада меншік құқығы** – бұл материалдық игіліктердің нақты тұлғаларға тиістілік жағдайын реттейтін және қорғайтын азаматтық-құқықтық нормалардың жиынтығы (меншік құқығы институты).

**Субъективті мағынада меншік құқығы** дегеніміз заң актілерімен танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауы бойынша иелену, пайдалану және билік ету құқығы (АҚ 188-б. 1-т.). Меншік құқығының мазмұнын иелену пайдалану және билік ету құқықтары құрайды.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамсыз ету (АҚ 188-б. 2-т.). Иелену заңды және заңсыз болады. Заңсыз иелену адал және адал емес болып бөлінеді. Затты заңды иелену титулды деп аталады.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамсыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге де нысандарда болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүлікке қатысты заңды актілер жасау жолымен мүліктің заң жүзінде тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі (АК 188-б. 2-т.). Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез-келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету өл өкілеттіктерін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше билік етуге құқылы (АК 188-б. 2-т.).

Мұнымен қоса меншік иесі, жалпы ереже бойынша, мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын (АК 189-бап) және мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бұйыну қаупін көтереді (АК 190-бап).

Меншік құқығы мерзімсіз және тікелей заңға сүйенеді. Меншік құқығы көп келген үшінші тұлғалардың тарапынан бұзылудан қорғалған (абсолютті қорғау).

### **3. Меншік құқығының нысаны мен түрлері.**

Конституция және Азаматтық кодекс меншіктің екі нысанын: 1) жеке меншікті және 2) мемлекеттік меншікті ажыратады. Меншіктің нысаны өзі түрлерге бөлінеді.

АК-тің 191-бабы жеке меншіктің екі түрін белгілейді: 1) азаматтардың меншігі және 2) мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі.

АК-тің 192-бабы мемлекеттік меншіктің екі түрін белгілейді: 1) республикалық меншік, 2) коммунальдық меншік.

Меншікті түрлерге саралау әр түрлі негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін. Мысалы, екі немесе бірнеше тұлғаның меншігінде болуымен сипатталатын ортақ меншік екі түрге бөлінеді: үлесті және бірлескен. Ортақ үлесті меншік меншік нысанына байланысты бірнеше тұлғаға тиесілі болуы мүмкін. Ортақ бірлескен меншік жеке сенімгерлік сипатта болғандықтан, тек азаматтар арасында болуы мүмкін. Ортақ бірлескен меншік: 1- ерлі-айыптылардың ортақ бірлескен меншігі, 2- шаруа (фермер) қожалығының ортақ бірлескен меншігі 3- жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік түрінде болады (АК 219-бап).

### **4. Ортақ меншік құқығы.**

Екі немесе бірнеше тұлғаның меншігіндегі мүлік оларға ортақ меншік құқығымен тиесілі болады (АК 209-б. 1-т.). Осыған орай ортақ меншік ретінде екі немесе бірнеше тұлғаларға ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік түсініледі. Мұндай тұлғалар ортақ меншікке қатысушылар деп аталады.

Ортақ меншіктің екі түрі ажыратылады:

- ортақ үлесті меншік, яғни ортақ үлестік меншік құқығындағы меншік иелерінің әрқайсысының үлестері анықталған ортақ меншік түрі;
- ортақ бірлескен меншік, яғни қатысушылардың үлестері белгіленбеген ортақ меншік.

Жылжымайтын мүлікке белгіленетін ортақ меншіктің ерекше бір түрі – кондоминиум, бұл ретте жылжымайтын мүліктің жекелеген бөліктері азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың бөлек меншігінде болады, ал жылжымайтын мүліктің бөлек меншікте бола алмайтын бөліктері бөлек меншік иелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады (АК 209-б. 6-т.). Мысалы, көп пәтерлі үй.

Азаматтық кодекс бөлінетін және бөлінбейтін мүліктерге ортақ меншік құқығының пайда болу негіздерін ажыратады. Екі немесе бірнеше тұлғалармен бөлінбейтін мүлікті меншікке иемдену кезінде, оны иемдену негіздеріне байланыссыз, оларда бұл мүлікке ортақ меншік құқығы туындайды. Ал бөлінетін мүлікке ортақ меншік заң актілерінде немесе шартта көзделген реттерде пайда болады (АК 209-б. 4-т.). Мысалы, ерлі-зайыптылардың неке кезінде жинаған бөлінетін мүліктері, заң күшіне орай, олардың ортақ бірлескен меншігі болып табылады (АК 223-б. 1-т.).

**Ортақ үлестік меншік құқығы** ортақ меншік құқығындағы меншік иелерінің әрқайсысының үлестері анықталумен сипатталады. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе барлық меншік иелерінің үлестері тең деп есептеледі. Ортақ мүлікті пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтай отырып, бөлінбейтін жақсартуды өз есебінен жүзеге асырған меншік иесі ортақ мүліктегі үлесін тиісінше ұлғайтуға құқығы бар.

**Ортақ мүлікті иелену және пайдалану** оның барлық қатысушыларының келісуімен, ал келісімге келмеген жағдайда – сот белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады. Әрбір қатысушы өз үлесіне тең ортақ мүліктің бөлігін пайдалануға құқылы.

**Ортақ мүлікпен билік ету** оның барлық қатысушыларының келісуімен жүзеге асырылады, бірақ әрбір қатысушы (басқа қатысушылардың үлесті басымдықпен сатып алу құқығын сақтай отырып) өз үлесімен дербес билік етеді. Басқа меншік иелерінің үлесті басымдықпен сатып алу құқығы бұзылған кезде олардың кез келгені үш айдың ішінде сотқа өтіне сатып алушының құқықтары мен міндеттерін аударуды талап етуге құқылы.

Ортақ үлестік меншік құқығындағы мүлік бірлік меншік иелерінің келісімі бойынша бөлінуі мүмкін, ал келісімге келмеген кезде – үлесті меншік құқығына қатысушысының әрқайсысы өзінің үлесін сот тәртібімен бөліп шығаруды талап етуге құқылы.

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, үлесті бөліп шығару заттай жүргізіледі:

- 1) ортақ меншіктегі мүлікке шамадан тыс залал келтірмейінше үлесті бөліп шығару мүмкін болмаса;
- 2) бөлініп шығушы меншік иесінің үлесіне дәл сәйкес, ортақ мүліктің бөлігі бөліп шығару мүмкін болмаса;
- 3) заң күшіне ие ортақ меншік объектісі бөлінбейтін кезде (мысалы, бағалы қағаздардың көптігі);
- 4) бөлініп шығушы меншік иесінің үлесі шамалы болуы және оның ортақ мүлікті пайдалануға ойна мүдделі болмауы.

Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығында бөлініп шығушы меншік иесі өзінің үлесінің құнына сай ақшалай өтем алады.

Ортақ мүлікті бөлу әрқашан ортақ үлестік меншік құқығының тоқтатылуына әкеліп соқтырады, ал меншік иелерінің бірінің үлесін бөліп шығару, жалпы ереже бойынша аталған салдарларға соқтыртпайды (мүлік өкі түзінінің ортақ үлестік меншік құқығында болған жағдайларды қоспағанда).

**Ортақ бірлескен меншік.** Ортақ бірлескен меншік тек заң негізінде туындайды және онда үлестер ажыратылмайды. Үлесті бөліп шығару бірлескен меншікті тоқтату немесе өзгерту сатысы ретінде болады.

Ортақ бірлескен меншік үш түрде болады: ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі, шаруа (фермер) қожалығының ортақ меншігі, жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік түрінде (АК 219-бап). Заң құжаттарында ортақ бірлескен меншіктің басқа да түрлері көзделуі мүмкін. Меншік иелері ортақ меншіктегі әрқайсысының үлестерін белгілеу

жолымен ортақ бірлескен меншікті ортақ үлесті меншікке айналдыруы мүмкін. Бірлескен меншіктің қатысушылары отбасылық қатынастармен байланысты болғандықтан, бірлескен меншік құқығы басқа тұлғаларға құқықтық мирасқорлық тәртібінде басқа тұлғаларға ауыса алмайды. Меншік иелері бірлескен меншік құқығын емес, бірлескен меншікте болатын мүлікті иеліктен шығара алады.

Бірлескен меншікке қатысушылар ортақ мүлікті бірлесіп иеленеді және пайдаланады. Ортақ мүлікпен билік ету барлық қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер барлық қатысушылардың келісімімен өзгеше туындамайтын болса, бірлескен меншікке қатысушылардың әрқайсысы ортақ мүлікпен билік ету жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы. Бұл ретте басқа қатысушылардың келісімі жорамалданады. Бірлескен меншікке қатысушылардың біреуі ортақ мүлікке билік етуге байланысты жасаған мәміле басқа қатысушылардың талап етуімен мәміле жасасқан қатысушының қажетті өкілеттігі болмады деген себеппен мәміледегі екінші тарап бұл жөнінде білгені немесе көпекөрнеу білуге тиіс болғандығы дәлелденген ретте ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Нотариаттық куәландыруын немесе мемлекеттік тіркеуді керек ететін мәмілелер жасау кезінде бірлескен мүлікке басқа қатысушылардың мәміле жасауға келісімі нотариалдық тәртіппен расталуға тиіс. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті бөлу, немесе меншік иелерінің бірінің үлесін бөліп шығару ортақ бірлескен меншік құқығының тоқтатылуына әкел соғады. Қатысушыларының бірінің үлесін бөліп шығару кезінде мүлікті заттай бөліп шығару емес, бөлініп шығушы қатысушыға ақшалай өтем беру кең пайдаланылады, ал шаруа (фермер) қожалығының өндіріс құрал-жабдықтары оның қатысушыларының бірінің үлесін бөліп шығару кезінде мүлдем бөлініске жатпайды.

#### **5. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтатылуы.**

Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтатылу негіздері АҚ-тің 13 және 14 тарауларымен реттелген.

**Меншік құқығына ие болу әдістері** – бұл тұлғада меншік құқығының пайда болуын туындататын заңды фактілер. Меншік құқығына ие болудың жалпы азаматтық және арнайы әдістері бар. Жалпы азаматтық әдістер азаматтық құқықтың кез келген субъектілерімен пайдалануы мүмкін (мыс.,

мәміле), ал арнайы әдістер тек нақты субъектілерде меншік құқығының пайда болуына әкел соқтыруы мүмкін (мыс., тәркілеу, реквизиция).

Меншік құқығына ие болу әдістері бастапқы және туынды болып бөлінеді. **Бастапқы әдістер** (негіздер) кезінде затқа меншік құқығы бірінші рет немесе алғашқы меншік иесінің еркіне байланыссыз туындайды. **Туынды әдістер** кезінде меншік құқығы алдыңғы меншік иесінің келісімі бойынша және затты иеленушінің еркімен туындайды. Бұл ретте жаңа меншік иесінің құқықтарының көлемі бұрынғы меншік иесіне тиесілі болған құқықтардың көлеміне байланысты. Тиісінше, жаңа меншік иесіне меншік құқығының барлық ауыртпалықтары ауысады (сервитуттар, өкілді құқығы және т.б.).

#### **Меншік құқығына ие болудың бастапқы әдістері:**

- Жаңа жасалған затқа меншік құқығын иемдену (АҚ 235-б. 1-т.), жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы (АҚ 236-б.);
  - Мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған жемістерге, өнімге, табысқа меншік құқығын осы мүлікті заңды негіздерде пайдаланушы тұлғаның алуы (АҚ 235-б. 1-т. 2 абз.);
  - Затты өңдеу нәтижесінде меншік құқығын алу (АҚ 237-б.) егер шартта өзгені көзделмесе, жаңа қозғалатын меншік құқығын материалдардан меншік иесі алады, егер өңдеу құны материалдардың құнынан едәуір асып кетсе, жаңа затқа меншік құқығын, егер ол адал жұмыс істеп, өңдеуді өзі үшін жүзеге асырса өңдеуші тұлға алады;
  - Жинауға не аулауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру (АҚ 241-б.);
  - Иелену мерзімі нәтижесінде меншік құқығын алу (АҚ 240-б. 1-т.): мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ өзінің жеке қозғалмайтын мүлкіндей 15 жыл бойы, не өзге мүлікті кем кем дегенде 5 жыл адал, ашық және ұдайы иеленген тұлға ол мүлікке меншік құқығын алады;
  - Өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын алу (АҚ 244-б. 3-т.): өзіне тиесілі емес жер учаскесіне құрылысты жүзеге асырған адамға бұл учаске салынған құрылысты орналастыру үшін осы адамға белгіленген тәртіп бойынша берілген жағдайда ғана өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығы сотпен танылуы мүмкін;
  - иесіз заттарға меншік құқығын алу (меншік иесі бас тартқан заттар, олжа, қараусыз жануарлар, көмбе – АҚ 243, 245, 246, 247 баптары);
- Меншік құқығына ие болудың туынды әдістері:**

- меншік құқығын сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту немесе осы мүлікті иеліктен айыру туралы өзге де мәміленің негізінде алу (АК 235-б. 2-т.);
- өсиетке не заңға сәйкес мұрагерлік бойынша меншік құқығын алу (АК 235-б. 2-т.);
- заңды тұлға қайта ұйымдастырылған ретте оған тиесілі мүлікке меншік құқығын алу (АК 235-б. 2-т.);
- тұрғын үй, тұрғын үй құрылыс, саяжай, гараж немесе өзге кооператив мүшелерінің тиісті тұрғын жайға үлестік жарнасының толық сомасын төлегеннен кейін меншік құқығын алу (АК 235-б. 4-т.).

**Меншік құқығының пайда болу сәті.**

Меншік құқығының пайда болу сәтін анықтаудың бірқатар практикалық маңыздылығы бар. Біріншіден, меншік құқығы ауысқан сәттен бастап мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, мүлікті алушыға ауысады (АК 190-б. 1-т.). Екіншіден, меншік иесі, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне тиесілі мүлікті күтіп ұстау ауырпалығын көтереді және біржақты тәртіппен мұндай ауырпалықты үшінші жаққа ауыстыра алмайды (АК 189-б.). Үшіншіден, жалпы ереже бойынша мүлікпен үшінші тұлғаларға келтірілген зиян меншік иесімен өтеледі.

Шарт бойынша мүлік алушының меншік құқығы, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, зат берілген кезден бастап пайда болады (АК 238-б. 1-т.). Заттардың берілуі деп заттардың алушыға тапсырылуы, сол сияқты, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, алушыға жөнелту үшін көлік ұйымына өткізу және иеліктен айырылған заттарды жеткізіп беру міндеттемесіз алушыға салып жіберу үшін почтаға өткізуі танылады. Затқа коносамент немесе өзге де өкімші құжатты беру заттарды беруге теңестіріледі (АК 239-б.).

Егер мүлікті иеліктен айыру туралы шарт мемлекеттік тіркеуге немесе нотариалдық куәландыруға жататын болса, алушының меншік құқығы тіркелген немесе нотариат куәландырған кезден бастап, ал шартты нотариаттың куәландыруы да, мемлекеттік тіркеу де қажет болған жағдайда ол тіркелген кезден бастап пайда болады (АК 238-б. 2-т.).

Меншік құқығы шарт негізінде емес, өзге негіздерде туындайтын жағдайларда, меншік құқығының пайда болып сәті нақты жағдайларды ескере отырып анықталуы қажет.



**Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың тоқтатылуы.** Меншік құқығынан тоқтатылуы заңдармен белгіленген заңды фактілер арқып алған ретте болады. Меншік құқығының тоқтатылу негіздерінің түрлері:

- 1) мүліктің қирауы немесе жойылуы;
- 2) меншік иесінің өрісі бойынша меншік құқығының тоқтатылуы: 1)өзінің мүлкіні басқа тұлғиларға сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту және т.б. шарттар бойынша пәліктеп шығару; 2)меншік құқығынан бас тарту (АК 250-бап). Меншік құқығынан бас тарту осы мүлікке басқа тұлға меншік құқығынан алған кезге дейін тиісті мүлікке қатысты меншік иесінің құқықтары мен міндеттерін тоқтауға әкеп соқтырмайды.
- 3) меншік құқығының мәжбүрлі тоқтатылуы. Ол ақысыз және ақылы болып бөлінеді. 1) ақысыз тоқтатылу негіздері:
  - 1) тәртібіне – заң құжаттарында көзделген реттерде мүліктің меншік иесінің жасаған қылмысы немесе өзге де құқық бұзушылығы үшін талқанда түрінде сот тәртібімен тегін алынуы (АК 254-б.);
  - 2) меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен ақы өндіріп алу (АК 251-б.);2) мәжбүрлі ақылы тоқтатылу негіздері:
  - 1) заң құжаттарына сәйкес тұлғаға тиесілі бола алмайтын мүлікті пәліктеп шығару (АК 252-б.);
  - 2) реквизиция (АК 253-б.) – дүлей апаттар, авариялар, аурулар, індеттер және т.б. сияқты жағдайға өзге де жағдайлар болған ретте қандай мүдделі үшін мемлекеттік органдар шешімі бойынша заң құжаттарына сәйкес өзін пәліктеп шығару мүліктің меншік иесінен оған осы мүліктің құны төлене отырып мәжбүрлі алынуы; жарал және басқа да табиғи ресурстарды алып қоюға қажеттілігіне қарамастан мүлікке меншік құқығының тоқтатылуы (АК 258-бап);
  - 3) мүлікті ұстаған мақсат және тәртіп қанышаларды сатып алу (АК 256-бап);
  - 4) ұлт меншігіне алу (АК 249-б. 4-т.) – арнайы қабылданған нормативті құқықтық акт негізінде мүлікті мемлекет меншігіне алып көні.

**б. Меншік құқығын және өзге заттық құқықтарды қорғаудың түрлері**

Меншік құқығы мен өзгедей заттық құқықтар әртүрлі құқық салалармен қамалмастық, әкімшілік, қаржы және басқа салалармен қорғалады. Азаматтық құқық та меншік құқығы мен өзгедей заттық құқықтары әртүрлі тәсілдермен қорғайды.

Меншік құқығын және өзге заттық құқықтарды қорғау дегеніміз — азаматтық заңнамада көрініс тапқан қорғаудың нақты ерекше шаралары.

Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау тәсілдері, өздерінің құқықты қорғау сипатына қарай, заттық-құқықтың және міндеттемелік болып топтасады.

Қорғаудың заттық-құқықтық тәсілдерінің ерекшелігі мынада: бұл тәсілдер меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды абсолюттік құқық ретінде қорғауға бағытталған, яғни олар нақты шарттың немесе шарттан тыс міндеттемелермен байланысты емес және бұзылған құқықтарды мына жолдармен қалпына келтіруді мақсат тұтады: 1) заңсыз тартып алған заттарды қайтару; 2) бүлінген заттарды жөндеу; 3) затты пайдалануға кедергіні жою. Бұлардың барлығына меншік иесінің немесе өзгедей заттық құқық иесінің белгілі бір затқа иелену, пайдалану және билік ету құқығын қалпына келтіргенде, яғни абсолюттік құқықты қалпына келтіргенде қол жеткізуге болады.

Меншік құқығын немесе өзге де заттық құқықтарды қорғаудың міндеттемелік әдістерінің ерекшелігі сонда, мүлкі заңсыз алынған немесе бүлінген меншік иесіне немесе өзгедей заттық құқық иесіне мүліктің құны төленеді немесе бүлінгені өтеледі, яғни келген зиян — шарттан тыс міндеттемелерден туындаған шығын төленеді.

Сонымен, қорғаудың заттық-құқықтық тәсілдерінде мүлік зат түрінде қалпына келтіріледі, ал міндеттемелікте — ақшалай өтеледі.

Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық тәсілдеріне мыналар жатады: меншік құқығын немесе өзгедей заттық құқықты тану; мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап ету (виндикациялық талап); бұл бұзушылықтар иеліктен айырумен байланысты болмаса да меншік құқығын немесе өзгедей заттық құқықтарды бұзуды жою туралы талап (негаторлық талап).

Меншік құқығын немесе өзгедей заттық құқықтарды қорғаудың міндеттемелік — құқықтық тәсілдеріне мыналар жатады: 1) мемлекеттік басқару органының, жергілікті өкілдік органның меншік иесінің құқықтарын бұзатын, заңнамаға сәйкес емес нормативтік-құқықтық немесе жеке актісінің нәтижесінде меншік иесіне немесе өзгедей заттық құқық иесіне келген шығындардың орнын толтыру; 2) мемлекеттік басқару органының, жергілікті басқару немесе өкілдік органның, не лауазымды адамның актісін заңсыз деп тану, сондай-ақ заңнамаға қайшы құқықтық актіні қолданбау туралы талап қою; 3) заң актілерінде көзделген негіздер бойынша меншік құқығы тоқтағанда оны қорғау.

Әрине, меншік иесінің құқығын немесе өзгедей заттық құқық иесінің құқығын қорғау басқа негіздерден де туындауы мүмкін, мысалы, шарттық кәсіпкерлерден, мүлікке зиян келтіруден, мұрагерлік туралы, авторлық туралы даудан, т.б. Бірақ, бұрындары айтылып өткендей, меншік иесінің немесе өзгедей заттық құқық иесінің құқықтарын қорғаудың бұл тәсілдері құқықтың өзге институттарына жатады, атап айтқанда, міндеттеме бұзылғанда құқықты қорғауға, залал келгенде құқықты қорғауға, мұрагерлік құқықты қорғауға, авторлық құқықты қорғауға және т.б. жатады. Сондықтан, құқықтарды қорғаудың бұл тәсілдері азаматтық құқықтың тиісті тарауларында қаралады. Бұл тарауда құқықтарды қорғаудың шектеулі, азаматтық-құқықтық ұғымға жататын тәсілдері ғана қаралады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік құқығы, оның ішінде меншік құқығы мен өзгедей заттық құқықтары әртүрлі құқықтық салалармен: қылмыстық, әкімшілік, қаржы және басқа салалармен қорғалады.

Мүліктік құқықтарды қорғау жүйесінде азаматтық құқық маңызды рөл атқарады, себебі мүліктік құқық құқықтың бұл саласының тікелей объектісі болып табылады. Сонымен қатар азаматтық құқықтың өзі меншік құқығы мен заттық құқықтарды әртүрлі тәсілдермен қорғайды.

Меншік құқығын және өзгедей заттық құқықтарды меншік иесінің, заттық құқық иесінің құқықтары деп қорғауды кең мағынада алсақ, ол азаматтық құқықтардың барлық субъектілерін қорғаудағы барлық тәсілдермен жүзеге асырылады. Меншік құқығы мен өзге заттық құқықтар субъективтік азаматтық құқықтарға жатқандықтан, олар субъективтік азаматтық құқықтармен бірдей қорғалады, азаматтық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық принциптеріне, қорғаудың шегі мен шекарасын анықтайтын, дербес субъективтік азаматтық құқық ретінде қорғану құқығын жүзеге асыратын ережелерге бағынады.

Азаматтық құқықтың тар мағынасында алсақ, меншік құқығын және өзге заттық құқықтарды қорғау дегеніміз- азаматтық заңнамада бекітілген меншік құқықтары мен өзге заттық құқықтарды қорғаудың нақты ерекше шаралары.

**Қорғаудың заттық –құқықтық тәсілдерінің ерекшелігі мынада:** бұл тәсілдер меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды абсолюттік құқық ретінде қорғауға бағытталған, яғни олар нақты шарттық немесе шарттан тыс міндеттемелермен байланысты емес және бұзылған құқықтарды мына жолдармен қалпына келтіруді мақсат тұтады: 1) заңсыз тартып алған заттарды қайтару; 2) бүлінген заттарды жөндеу; 3) затты пайдалануға кедергіні жою. Бұлардың барлығына меншік иесінің немесе өзгедей заттық құқық иесінің белгілі бір затқа иелену, пайдалану және

билік ету құқығын қалпына келтіргенде, яғни абсолюттік құқықты қалпына келтіргенде қол жеткізуге болады.

Меншік құқығын, қорғаудың заттық –құқықтық тәсілі ретінде тану дегеніміз – меншік иесінің мүлікті қайтару немесе басқа кедергілерді жою туралы, иеліктен айырумен байланысты емес нақты талаптар қойылмаған даулы мүлікке меншік құқығының өзіне тиесілі екендігін басқа адамдардың алында түсіндіру керектігі туралы шарттан тыс талабы.

Меншік құқығын тану туралы талапты құқығын өзімен міндеттемелік немесе басқадай салыстырмалы қатынастарда емес басқа адамдар даулаған, теріске шығарған немесе мойындамаған, жеке-белгілі бір заттың меншік иесі қоюы мүмкін.меншік иесінің талабы, бұл ретте, барлық азаматтардың меншік құқығын бұзбауын, оның ішінде ол құқықты тануын міндеттейтін абсолюттік құқықтың мәніне негізделуі тиіс.меншік құқығын, қорғаудың заттық-құқықтық тәсілі ретінде тану туралы талап қоюдың қажетті шарттарының бірі-құқық бұзудың ұзаққа созылу сипаты.

Құқық бұзушылық тоқтаған жағдайда меншік иесінің өз мүлкін пайдалану немесе оған билік ету құқығына кедергі келтірген басқа адамдардың заңсыз әрекеттерінен келген зиянды төлету әдістермен қорғалады. Сондықтан, меншік құқығын тану туралы талапқа ескіру мерзімі таралмайды.

Меншік иесінің немесе өзге заттық құқық иесінің құқықтарын қорғаудың міндеттемелік құқықтық тәсілдері әркілі болып келеді. Әдетте, қорғаудың мұндай тәсілдері меншік иесінің немесе өзге заттық құқық иесінің құқықтарын қорғағанда ғана емес, сонымен қатар, азаматтыр мен заңды тұлғалардың кез келген мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғағанда да қолданылады (мысалы, азаматтық құқықтарды қорғаудың меншік иесінің мүлкіне келген шығынды өтеуге қатысты тәсілдері; мәмілені, меншік құқығын немесе өзге заттық құқықты тоқтатудың негізі ретінде заңсыз деп тану және т.б.).

Сонымен қатар меншік иесінің және өзге заттық құқық иесінің құқықтарын қорғаудың кейбір ерекше міндеттемелік –құқықтық тәсілдері бар, олар заттық-құқықтық тәсілдермен қатар меншік құқығын және өзге заттық құқықты қорғаудың міндеттемелік – құқықтық (міндеттемелік) тәсілдеріне жатады. Мысалы, меншік құқығын немесе өзге заттық құқықты қорғаудың міндеттемелік-құқықтық тәсілдеріне қорғаудың мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың меншік иесінің немесе өзге заттық құқық иесінің құқығын бұзатын актілерін заңсыз деп тануға және

мүндіі актілерден келген шығынның орнын толтыруға бағытталған төсідері жағады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Меншік құқығының ұғымы мен мазмұны
2. Меншік иесінің құқықтары
3. Қазақстан заңдары бойынша меншік құқығының нысаны мен түрлері
4. Заттық құқық ұғымы
5. Заттық құқық белгілері
6. Заттық құқықтардың түрлері
7. Заттық құқықтар жүйесіндегі меншік құқығы
8. Меншік құқығының пайда болу негіздері.
9. Меншік құқығының пайда болуының бастапқы және туынды жолдары, оларды ажырату белгілер
10. Меншік құқығының субъектілері
11. Меншік құқығының объектілері
12. Мемлекеттік меншік құқығының түсінігі, ерекшеліктері
13. Мемлекеттік меншіктің түрлері
14. Республикалық меншік
15. Коммуналық меншік
16. Мемлекеттік меншіктің объектілері
17. Мемлекеттік меншік құқығының жүзеге асырылу жолдары: шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығының сипаты
18. Заңды тұлғалардың меншік құқығының түсінігі, субъектілері
19. Заңды тұлғалардың меншік құқығының объектілері
20. Ортақ меншік құқығының ұғымы.
21. Ортақ меншік құқығының түрлері.
22. Ортақ үлестік меншік.
23. Ортақ бірлескен меншік және оның түрлері.

#### **Есеп**

1. "Диқаншын" акционерлік қоғамы ЖШС-тен толығымен төлеу жасап, тұқымдық картоптың екі тоннасын сатып алады. Картопты сатып алу кәсісі жасалғандықтан, тараптар келісімі бойынша тұқымдық материалды жолда үсітпін алмау үшін оны көктемге дейін совхозда қалдыруды ұйғарады. Алайда көктемде бұрын-соңды бұл жерлерде болмаған селдің оялдарынан картоп, оның ішінде АҚ сатып алған картоп сақталатын қойманы су басып, картоп егуге жарамсыз болып қалады. АҚ ЖШС-тен төлеу құнының нарықтық бағасы бойынша картоптың ақшасын қайтаруды, не болмаса егу үшін тура сондай сорт картобын тап сол мөлшерде бөліп беруді талап етеді. ЖШС бұл екі талапты да қабылдамайды. ЖШС ойынша, сатып алған картоп оған сақ-тауға қалдырылған, сондықтан да Акционерлік Қоғам картоптың кездейсоқ бүлінуі үшін өзі жауапты. ЖШС АҚ-ға егу үшін басқа картопты да бере алмайды, өйткені картоптың жарамсыз болу салдарынан өзі де тұқымдық материалсыз қалып, картопты

мемлекеттік қордан алуға мәжбүр болып отыр. Оның үстіне, тіпті, ЖШС АҚ үшін картоптың қосымша мөлшерін бере алса да, оның төлемін АҚ жасауы тиіс еді. Тараптар келісімге келе алмаған соң, іс сотқа беріледі.

Оны қалай шешуге болады?

2. Шопанаев Қамаловтан “Лада жеңіл автокөлігін сатып алады. Мәмілені жасау сәтіндегі тәртіпке сәйкес олар оны комиссиялық дүкен арқылы жасайды. Комиссиялық сыйақының мөлшерін төмендету үшін тараптар көліктің сатылу бағасының жартысын сатып алушы сатушыға дүкеннен тыс қолма-қол беретіні туралы келіседі. Мәміле жасалған соң сатып алушы комиссиялық дүкенге төлеген ақшаның үстіне тағы ақша төлеуден бас тартады. Оған жауап ретінде сатушы сатып алушыдан автокөлігін тартып алады. Сатып алушы көлікті қайтару жөнінде талап арыз ұсынады. Талапқа қарсылық білдіре отырып, сатушы автокөлігін МАИ органдарында өз атына тіркеп үлгермегендіктен сатып алушыға меншік құқығы әлі өтпегеніне сілтейді. Ал мәміленің өзін жасамаған деп тану қажет, өйткені тараптар баға жөнінде келісімге келмеді.

Істі шешіңіз.

3. Тұрғын үй-құрылыстық кооперативінің мүшесі Жұматов пәтер үшін жарналық төлемін толығымен төлейді. Шет елге тұрақты қоныс тебуіне байланысты Жұматов пәтерді сатпақшы болып, сатып алушы мен келісіп қояды. Жұматов пәтер оның меншігінде екені туралы анықтама қағаз алу үшін кооператив басқармасына барғанда, оның сұранысы орындалмайды. Басқарма бас тарту себебі Жұматовтың пәтері орналасқан тұрғын үй кооператив жарғысы бойынша кооператив меншігі болып табылады, сондықтан да тек қана кооператив пәтерді сатуға құқықты. Кооператив Жұматовқа пәтерді сатудан түсірген со-маны төлеуге келісімін береді. Басқарма әрекеттері заңды ма? Меншік құқығының пайда болуының қандай негіздерін білесіздер?

4. Кәмелетке толған және ата-анасынан бөлек тұрып жатқан төрт балаға олардың ата-анасы қайтыс болған соң мұра бойынша тұрғын үй өтеді. Мұрагердің үшеуі үйді сатып, түсірген пайдасын үлестер бойынша бөліп алғысы келеді. Мұрагерлердің біреуі үйді сатуға келісім бермейді, үйдегі өз үлесін тұрғын орын ретінде пайдаланғысы келетінін мәлімдейді. Мұрагерлер

арасында келісім орнамағандықтан, олардың үшеуі үйді сатуға қарсы болған мұрагерге үйді сатуға кедергі жасамауы туралы талап арызын береді. Өздерінің талаптарын олар үйді толығымен сатқанда оның нарықтық құны әп-сәтте жоғарылайтынымен түсіндіреді.

Істі шешіңіздер.

## 12) тақырып. МІНДЕТТЕМЕ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1. Міндеттемелік құқық түсінігі және жүйесі.
2. Міндеттеме түсінігі және түрлері
3. Міндеттемеге қатысушылар. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы.
4. Міндеттеменің пайда болу негіздері.
5. Міндеттемені орындаудың түсінігі және принциптері.
6. Міндеттемені орындау нысанасы және тәсілі.
7. Міндеттемені орындау мерзімі және орны.

### 1. Міндеттемелік құқық түсінігі және жүйесі.

Міндеттемелік құқық – азаматтық құқықтың ең үлкен бөлімі және бір санасы. Міндеттемелік құқық – бұл мүлікті берумен, жұмыс орындаумен, қызмет көрсетумен байланысты туындайтын міндеттемелік қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық нормалардың жиынтығы.

Міндеттемелік құқық екі үлкен бөлімнен тұрады:

1) **Міндеттемелік құқықтың жалпы бөлімі.** Мұның нормалары қиындарды реттейді: міндеттеме ұғымын және түрлерін; міндеттеменің туындау негіздерін; міндеттеменің орындалуын; міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді; міндеттеменің бұзылғаны үшін жауапкершілікті; міндеттемеде тұлғалардың ауысуын; міндеттемеде тұлғалардың ауысуын; міндеттеменің өзгеруі мен тоқтатылуын; шарттар туралы жалпы ережелерді.

2) **Міндеттемелік құқықтың ерекше бөлімі.** Ол міндеттемелердің жекелеген түрлерін реттейді. Бұл міндеттемелердің барлығы екі топқа бөлінеді: а) шарттық міндеттемелер, б) шарттан тыс міндеттемелер.

Шарттық міндеттемелердің мынандай түрлерін ажыратуға болады:

1) мүлікті меншікке беру жөніндегі міндеттемелер: сатып алу-сату; сыйға тарту; айырбас; рента; 2) мүлікті пайдалануға беру жөніндегі міндеттемелер: мүлікті жалдау, оның ішінде: лизинг, мүлікті ақысыз пайдалану; тұрғын үйді жалдау; 3) жұмыс орындау жөніндегі міндеттемелер: мердігерлік, оның ішінде: күрделі құрылысқа, жобалау-іздестіру жұмыстарын орындауға, күрделі жөндеуге, ғылыми-зеттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды орындауға мердігерлік; 4) қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелер: көлік міндеттемелері, оның ішінде:

тасымалдау, көлік экспедициясы; банктік қызмет көрсету; тапсырма; комиссия; сақтау; сенімгерлікпен басқару; франчайзинг; факторинг.

Шарттан тыс міндеттемелер өз кезегінде мыналарға бөлінеді: а) конкурстық міндеттемелер – АК 46-тарау; б) зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер – АК 47-тарау; в) негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер – АК 48-тарау; г) тапсырмасыз басқаның мүддесі үшін қызметтен туындайтын міндеттемелер – АК 42-тарау.

## 2. Міндеттеме түсінігі және түрлері

Міндеттеме құқықтық қатынас, борыш, міндет, осы міндеттеме көрсетілген құжат (қолхат, квитанция, вексель, чек, облигация) мағыналарында пайдаланылады.

АК 268-бабында міндеттеме құқықтық қатынас мағынасында берілді: міндеттемеге сәйкес бір тұлға (борышқор) басқа тұлғаның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы басқа сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы. Несие беруші борышқордан атқарылғанды қабылдауға міндетті.

**Міндеттемелік қатынастың ерекшеліктері:** 1) міндеттеме мүліктік құқықтық қатынас болып табылады; 2) міндеттемеде материалды игіліктердің ауысуы болады, яғни оған жылжымалылық сипат тән; 3) міндеттемелік құқықтық қатынаста міндетті тұлғалардың белсенді мінез құлқы болады; 4) міндеттемеде құқылы адамға нақты міндетті тұлға қарсы тұрады (салыстырмалы сипат); 5) міндеттемелік құқықтық қатынастар заттық құқықтық қатынастардың туындысы және міндеттеменің көмегімен меншік құқығының және басқа да заттық құқықтардың ауысуы болады.

**Міндеттеменің тараптары:** борышқор мен несие беруші болады. Міндеттеме әдетте екі жақты болып келеді. Егер бірнеше борышкер немесе несие беруші болса, ол міндеттемеде тұлғалардың көптігін білдіреді, бірақ бәрі бір бұл жерде екі тарап болады.

Міндеттеменің мазмұнын оның тараптарының құқықтары мен міндеттері құрайды. Құқылы тарапқа тиесілі субъективті құқық талап ету құқығы деп аталады, ал міндетті жақта жатқан міндетті – борыш деп атау қабылданған.

### Міндеттемелердің түрлері:



1. Міндеттемелерді олардың негіздері бойынша **шарттық және шарттан тыс міндеттемелер** деп топтастырылады.

2. Құқықтар мен міндеттердің арақатынасы бойынша: - **біржақты**, яғни міндеттеменің бір тарабында тек құқықтар болады, ал екінші тарабында тек міндеттер болады (мәс, зөм, зиян келтіру);

міндеттеменің әрбір қатысушында құқық та, міндет те бар, яғни олар борышкердің де, несие берушінің де ролінде болады (АК 269-б. 3-т.). Мыс., сатып алу-сату, жалдау шарты.

3. Орындау нысанының анықтылығы тұрғысынан міндеттемелер: 1) белгілі бір мазмұндағы міндеттемелер; 2) балама міндеттемелер; 3) факультативтік міндеттемелер болып бөлінеді.

4. Бір-бірінің оlara байланысның сипатына қарай міндеттемелер: **басты және қосымша** немесе **аксессуарлық** болып бөлінеді.

3. Міндеттеме нысанының сипатына қарай олар **бөлінетін** (бөліп орындауға болатын – зөм, тауар жеткізілімі) және **бөлінбейтін** (бөліп орындауға болмайды, мыс., үй құрылысы, сурет салу т.б.) деп бөлінеді.

4. Борышқордың жеке басымен байланысы бойынша жеке сипаттағы міндеттеме ажыратылады, оның борышкердің жеке басымен байланыстылығы соншалықты тығыз, оны басқа тұлғаға тапсыруға тыйым салынған, борышкердің өзі ғана орындайды. Борышқордың немесе несие берушінің қайтыс болуына (заңды тұлғаның таратылуына) байланысты бұл міндеттемелер тоқтайды. Мысалы ғалымның ғылыми мақала жазу жөніндегі ғылыми журналындағы міндеттемесі. Қатынастардың жеке сенімгерлік сипаты кепілдік шарттарына, сенімгерлікпен басқару, жай серіктестік шарттарына, толық серіктестіктердегі қатынастарға және т.б. тән.

### 3. Міндеттемеге қатысушылар. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы.

Міндеттеменің қатысушылары болып тараптар, яғни **борышқор мен несие беруші және үшінші жақ** саналады (АК 270-б. 1-т.).

АК 269-б. 2-т белгіленгендей несие беруші немесе борышқор ретінде бір мезгілде бірнеше тұлға қатысқан ретте **міндеттемедегі тұлғалардың көптігі** болады. Міндеттемедегі тұлғалардың көптігінің түрлері: 1) белсенді көптік- несие беруші жағында бірнеше тұлға болу; 2) пәс

көптік – борышқор жағында бірнеше тұлға болу; 3) аралас көптік – борышқор және несие беруші жағында да бірнеше тұлға болу.

Тұлқалардың көптігі кезінде міндеттеменің түрлері: 1) үлесті, 2) ортақтасқан, 3) субсидиялы міндеттеме. Жалпы ереже бойынша үлесті міндет пен үлесті талап белгіленеді, ол теңдей үлес принципінен шығады.

Егер заңдармен немесе міндеттеме шарттарынан өзгеше белгіленбесе, тұлғалардың көптігі кезіндегі кез келген міндеттеме үлесті бөп саналады. Үлесті міндеттемеде несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені орындауды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы оған түсетін үлесте міндеттемені орындауға міндетті. Егер өзгеше белгіленбесе үлестер тең деп есептелінеді (АК 266-бап).

Шартпен немесе заңдармен, соның ішінде міндеттеме нысанасының бөлінбеуіне орай ортақтасқан міндеттер немесе талаптар белгіленуі мүмкін.

**Борышқорлардың ортақтасқан міндеттері жағдайында несие беруші:**

- борышқорлардың барлығынан бірлесіп міндеттемені орындауды;
  - жеке-жеке алғанда олардың кез келгенінен борышты толығымен де, бөлшектеп орындауды;
  - борышқорлардың бірінен алынбағанды ортақтас борышқорлардың қалғандарынан өтеуді талап етуге құқылы.
- Ортақтасқан міндетті борышқорлардың бірімен толық орындауы қалған борышқорларды несие беруші үшін орындаудан босатады. Ортақтасқан міндетті орындаған борышқор қалған борышқорлардың әрқайсысына оның өзіне тиесілі үлесін шегеріп, тең үлеспен регрестік талап қоюға құқылы.

**Несие берушілердің ортақтасқан талаптарының ерекше белгілері:**

- кез келген несие беруші борышқорға толық көлемде талап қоюға құқылы;
- мұндай талап қойылғанға дейін борышқор өзінің қалауы бойынша несие берушілердің кез келгеніне міндеттемені орындауға құқылы;
- ортақтас несие берушілердің біреуіне міндеттемені толық орындау борышқорды оны өзге несие берушілерге орындаудан босатады;
- борышқордың орындағанын қабылдаған ортақтас несие беруші басқа несие берушілерге, егер олардың арасындағы қатынастардан өзгеше туындамаса, оларға тиесілі үлестерін өтеуге міндетті.

Субсидиялы міндеттеме кезінде қосымша борышқор, егер негізгі борышқор несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға

қонымды мерзімде жауап алмаған жағдайда міндеттемені орындауға міндетті (АК 357-бап). Субсидиялы міндеттеме заң құжаттарымен немесе тараптардың келісімімен белгіленуі мүмкін.

Үшінші жақтың міндеттемеде алатын орны ерекше. Үшінші жақ ретінде міндеттеме тараптарының біреуіне міндеттемелер немесе өзге құқықтық қатынастары арқылы байланысқан жақтар (АК 270-б.2-т.). Үшінші жақ қатысатын міндеттемелердің кемінде үш түрін бөліп алуға болады: 1) регрестік (АК 289-бап); 2) үшінші жақтың пайдасына міндеттемелер (АК 270-б.3-т.); 3) үшінші жақ орындайтын немесе үшінші жаққа орындайтын міндеттемелер, яғни орындауды қайта жолдау немесе қайта тапсыру (АК 276-бап).

**Регрестік міндеттеме** – бұл, оған сәйкес несие берушімен борышқор үшін (немесе соның кінәсі бойынша) үшінші тұлғаға төлеген (берген) ақша сомасын (немесе өзге мүлікті) беруді борышқордан несие берушінің талап ету құқығы болатын міндеттеме.

**Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы (АК 19-тарау).** Міндеттемедегі несие берушінің ауысу жағдайлары (алғашқысының орнына жаңа несие берушінің енуі):

- 1) **Өзін-өзі құқықтық мирасқорлық** (заңды тұлғаның қайта құрылуы, ауысуы);
- 2) **Және (сингулярлық) құқықтық мирасқорлық**, яғни қандай да бір нақты құқықтың бір тұлғадан басқасына ауысуы. Бұл келесі жағдайларда болады:
  - несие беруші құқықтарының басқа тұлғаға ауысуы туралы сот шешімі бойынша;
  - борышқордың міндеттемесін оның кепіл болушысы, кепілдік берушісі немесе осы міндеттеме бойынша кепілге зат берушісі орындауы нәтижесінде;
  - сақтандырушыға сақтандырылған жағдайдың басталуына жауапты борышқорға несие беруші құқықтарын алып берген кезде (суброгация);
  - талап ету құқығын беру нәтижесінде (цессия);
  - заң құжаттарында көзделген өзге жағдайларда ауысады.

**Талап етуді беру (цессия)** – алғашқы несие беруші мен жаңа несие беруші арасындағы нақты міндеттеме бойынша талап ету құқығының соңғысына ауысатындығы жөнінде шарт. Бұл шарт кез келген құқықтық нысанда, және ақылы да ақысыз да болуы мүмкін, мыс., сатып алу – сату, сыйға тарту. Талап ету құқығын беру ерекшеліктері:

- егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, құқық жаңа несие берушіге сол көлемде және сондай жағдайларда ауысады;
- жалпы ереже бойынша борышқордың келісімі емес, оны жай хабардар ету талап етіледі;
- бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында берілген талаптардың жарамсыздығы үшін ғана жауап береді, ал бұл талапты борышқордың орындамағандығы үшін жауап бермейді;
- егер несие берушінің жеке тұлғасы борышқор үшін елеулі маңызды болса, борышқордың келісімінсіз талап ету құқығын беруге жол берілмейді;
- жеке құқықтарды, мысалы, адименттерді төлеу туралы талаптар және денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, заңға және шартқа қайшы талаптарды беруге жол берілмейді.

Жеке сипатта болмайтын міндеттемеде борышқордың ауысуы келесі жағдайларда болады:

1. әмбебап құқықтық мирасқорлық;
2. борышты ауыстыру, яғни нақты міндеттеме бойынша борыштың үшінші тұлғаға ауысатындығы туралы борышқор мен үшінші тұлға арасындағы келісім. Борышты ауыстыру тек несие берушінің келісімі бойынша жол беріледі. Борышты ауыстыру ол бойынша міндеттер ауысатын мәміле нысаны сияқты нысанда жасалады. Борышқордың міндеттері қандай да бір өзгеріссіз ауысады, сондықтан жаңа борышқор несие берушімен бастапқы борышқордың арасындағы қатынастарға негізделген қарсылықтарын несие берушінің талабына қарсы қоюға құқылы (АК 348-бап).

#### 4. Міндеттеменің пайда болу негіздері.

АК 271-бабына сәйкес міндеттемелер шарттан, зиян келтіруден немесе АК 7-бабында көрсетілген өзге де негіздерден пайда болады. Міндеттеменің пайда болуының маңызды негіздеріне: 1) шарт және өзге де мәмілелер; 2) әкімшілік акт; 3) зиян келтіру және негізсіз баю; 4) интеллектуалдық меншіктің әр түрлі объектілерін жасау, мыс., авторлық, лицензиялық шарт жасау кезінде; 4) азаматтардың немесе заңды тұлғалардың өзге әрекеттері, мыс., тапсырмасыз бөгденің мүддесіне іс әрекет жасау, олжа; 5) оқиға, мыс., сақтандыру оқиғасы.

#### 5. Міндеттемені орындаудың түсінігі және принциптері.

Міндеттемені орындау – оны несие беруші талап етуге құқығы болатын, борышқордың тиісті әрекеттерді жасауы (тауарларды беру, жұмыс орындау, қызмет көрсету, шығындарды өтеу және т.с.с.).

Міндеттемені орындау міндеттеме түріне байланысты және әдетте белсенді әрекеттер жасау арқылы орындалады.

#### Міндеттемені орындаудың негізгі принциптері:

1. **Міндеттемені тиісінше орындау принципі**, яғни тиісті борышқормен, тиісті несие берушіге, тиісті мерзіде, тиісті жерде, тиісті нысанаға қатысты және тиісті әдіспен орындау. Осы талаптардың барлығы сақталса міндеттеме тиісінше орындалды деп есептелінеді. Тиісінше орындамау несие берушіге реалды орындауды талап етуге және азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдануға негіз береді.
2. **Міндеттемені заттай орындау принципі**, яғни оларды залалдарды өтеумен немесе ақша сомаларын төлеумен ауыстырмай, борышқордың міндеттеме жағдайлармен көзделген әрекеттерді жасауы. Міндеттемені тиісінше орындамаумен келтірілген залалдарды өтеу және айып төлеу борышқорды міндеттемені заттай орындаудан босатпайды; ал міндеттеме орындалмаған жағдайда залалдарды өтеу және айып төлеу, керісінше, борышқорды міндеттемені заттай орындаудан босатады (егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе) (АК 354-бап).
3. **Міндеттемені орындаудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмеуі**, заңдармен немесе шарттармен көзделген жағдайларды қоспағанда.

#### 6. Міндеттемені орындау нысанасы және тәсілі.

Міндеттемені орындау нысанасы – бұл міндеттемеге сәйкес борышқор несие берушіге беруге, орындауға немесе көрсетуге міндетті болатын зат, жұмыс немесе қызметтер. Орындау нысанасы ретінде заттар, өкім, міндеттемелік құқықтар, интеллектуалдық меншік, мүліктік кешен және т.б. болады.

Олардың сақталуы міндеттеменің тиісінше орындалуымен байланысты, жекелеген элементтер АК-тің жекелеген баптарында белгіленеді, мысалы, орындайтын субъектілер туралы талап (275,276-б/р.), мерзім туралы (277-б.), орындалатын жер туралы (281-б.), орындау әдісі туралы (284-288, 290, 291 б/р) ережелер.

Заң ақшалай міндеттемелерді орындауға қатысты ерекше талаптарды белгілейді (АК 282-б.). Ақшалай міндеттеме дербес (заем шарты бойынша) немесе байланысты (сатып алынған затқа ақы төлеу) болуы мүмкін. ҚР заң актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚР-ның аумағындағы ақшалай міндеттемелер теңгемен жүргізілуі тиіс (АК 127-бап). ҚР-ның аумағында міндеттемелер бойынша есеп айырысуды жүзеге

асырған кезде шетел валютасын, сондай-ақ шетел валютасы түріндегі төлем құжаттарын ҚР-ның заң актілерімен көзделген реттер мен жағдайларда жол беріледі. Ақшалай міндеттемеде қарыз шетел валютасының белгілі бір сомасына эквивалентті сомада теңгемен төленуге жататындығы көзделуі мүмкін. АҚ 282-бап талаптарын бұзу, яғни ақшалай міндеттемелердің шетел валютасында көрініс алуы немесе төленуі, заң талаптарына сәйкес келмейтін мәміле ретінде мәмілені жарамсыз деп тануға соқтыруы мүмкін.

**Міндеттемені орындау әдісі** – бұл міндеттемені орындау бойынша, борышқормен әрекеттер жасау тәртібі. Айталық, міндеттеме бүкіл ақша сомасын бір рет төлеумен, не несие шарты бойынша мерзімді төлемдермен орындалуы мүмкін. Орындау әдісі әдетте нақты шарт ережелерімен немесе жекелеген шерт түрлерін реттейтін заңдармен анықталады. Бірақ орындау әдісіне қатысты бірқатар ережелер бар. Мысалы, АҚ 274-бабына сәйкес «егер міндеттеме шарттарында, заңдарда өзгеше белгіленбесе немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, несие беруші міндеттемені бөлшектеп орындауды қабылдамауға құқылы».

Жалпы ереже бойынша міндеттемені орындау толығымен жүргізілуі тиіс, бөлшектеп орындауды қабылдау несие берушінің міндеті емес, құқығы болып табылады. Бірқатар жағдайларда бөлшектеп орындау міндеттеме мәнінен туындайды, мысалы, бөліп-бөліп төлеумен тауарды кредитке сату. Сондай-ақ міндеттеме мәнінен міндеттеменің бөлшектеп орындалуы мүмкін еместігі шығуы мүмкін, мысалы, орындау нысанасы бөлінбейтін зат болса (АҚ 120-бап). Борышқор міндеттемені әдетте тікелей несие берушіге орындайды. Бірақ бірқатар жағдайларда бұл мүмкін емес. Ақшалай міндеттемелер бойынша немесе бағалы қағаздарды беру бойынша, борышқорға белгілі бір жағдайларда міндеттемені орындау үшін өзінен алынатын ақшаны депозит шарттарында, ал ал бағалы қағаздарды **нотариустың атына сақтау шарттарында**, ал заң құжаттарымен белгіленген жағдайларда – **соттың атына** орналастыруға құқық берілген. Борышқорда мұндай құқық, егер міндеттеме төмендегілер бойынша орындалмаса, болады:

- міндеттеме орындалуы тиіс жерде несие берушінің немесе онымен уәкілдік етілген тұлғаның болмауы;
- несие берушінің әрекет қабілетсіздігі және оның өкілінің болмауы;

- міндеттеме бойынша кім несие беруші екендігі жөнінде айқындылықтың болмауы, айталық, бұл жөнінде несие беруші мен басқа тұлғалар арасында даудың болуына байланысты;

- несие берушінің орындауды қабылдаудан жалтаруы немесе оның тарапынан өзге мерзімін өткізіп алушылық салдарынан (АК 291-б. 1-т.). Бұл тізім шектеулі болып табылады және шартпен кеңейтіле алмайды.

Ақша сомасын немесе бағалы қағаздарды депозит шарттарында салу немесе нотариустың немесе сотың атына сақтау міндеттеменің орындалғаны болып есептеледі. Ақша немесе бағалы қағаздар атына салынған нотариус немесе сот бұл туралы несие берушілерге хабарлайды(291-б. 2-т.).

## 7. Міндеттемені орындау мерзімі және орны.

Міндеттеме белгіленген мерзімде орындалуы қажет. Орындау мерзімі нақты анықталған міндеттемелер және орындалу мерзімі талап ету сәтімен анықталатын міндеттемелер ажыратылады. **Орындалу мерзімі нақты анықталған міндеттемелер** міндеттемені орындау күнін немесе уақыт кезеңін белгілейді немесе анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай міндеттемелер сол күні немесе тиісті уақыт кезеңі ішінде кез келген сәтте орындалуы қажет (АК 277-бап).

Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан ақылға қонымды мерзімде орындалуы тиіс. Ақылға қонымды мерзім ретінде міндеттемемен көзделген әрекеттерді жасау үшін қажетті уақыт кезеңі түсініледі. Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап ету кезімен белгіленетін міндеттемені, егер заңдардан, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеме басқа мерзімде орындау міндетті туындамаса, борышқор несие беруші оның орындалуы талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімде орындауға міндетті(АК 277-б.2-т.).

Егер заңдарда немесе міндеттеме шарттарында өзгеше көзделмесе, және оның мәнінен туындамаса, борышқор міндеттемені мерзіміне дейін орындауға құқылы. Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға міндеттемені мерзіміне дейін орындау мүмкіндігі заңдарда немесе міндеттеме шарттарында көзделген, не іскерлік

қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеме мәнінен туындаған реттерде ғана жол беріледі(АК 279-бап).

Міндеттемені белгіленген мерзімде орындамау мерзімді өткізіп алу деп аталады, міндеттемені бұзушылық пайда болады. Мерзімді өткізіп алуға несие беруші де борышқор да жол беруі мүмкін. Борышқордың мерзімді өткізіп алуы, оған осы арқылы несие берушіге келтірілген залалдарды өтеу міндетін жүктейді. Егер борышқордың мерзімді өткізіп алу салдарынан міндеттемені орындау несие берушіге керексіз болып қалса, ол міндеттемені орындауды қабылдаудан бас тартып, залалды өтеуді талап ете алады (АК 365-б. 2-т.). Егер міндеттеме несие берушінің мерзімді өткізіп алу салдарынан орындала алмаса, онда борышқор мерзімді өткізіп алды деп есептелмейді. Несие берушінің мерзімді өткізіп алуы, егер несие беруші борышқор ұсынған тиісті дәрежедегі орындауды қабылдаудан бас тартса, немесе өзіне тиісті міндеттерді орындамаса, нәтижесінде борышқор міндеттемені орындай алмаса орын алады(АК 366-бап). Несие беруші міндеттеменің орындалғаны туралы колхат беруден немесе борыш құжатын қайтарудан бас тартқан жағдайда да, ол мерзімді өткізіп алушы ретінде болады (АК 290-б.2-т.). Міндеттемені өткізіп алған несие беруші де борышқорға осы арқылы келтірілген залалдарды өтеуге міндетті. Бірақ ол, мерзімді өткізіп алу, не өзі, не заңдар бойынша несие берушінің тапсыруымен міндеттеменің орындалуын қабылдап алу жүктелген адамдар жауап бермейтін жағдайларға байланысты болғанын дәлелдеуге құқылы (366-б.2-т.). Несие берушінің мерзімді өткізіп алу кезеңі үшін ақшалай міндеттемелер бойынша проценттер есептелмейді.

**Міндеттеме орындалатын жер.** Міндеттеменің орындалуы жүргізілуі тиіс жер жеткізу бойынша шығындарды бөлуге әсер етеді, тауарды қабылдау және беру орнын анықтайды, қолдануға жататын заңды таңдауды және т.б. анықтайды. Әдетте, орындалатын жер міндеттеменің өзінде анықталады не оның мәнінен туындайды. Егер орындалатын жер анықталмаса, онда АК 281-бабына сәйкес міндеттемені орындау келесі жерлерде жүргізілуі керек:

- 1) қозғалмайтын мүлікті беру міндеттемесі бойынша – мүлік орналасқан жерде;
- 2) тасымалдауды пайдалана отырып тауарды немесе өзге мүлікті беру міндеттемелері бойынша – мүлікті несие берушіге жеткізу үшін оны бірінші тасымалдаушыға тапсыратын жерде;

3) тауарды немесе өзге мүлікті беру жөнінде кәсіпкердің өзге міндеттемелері бойынша – мүлік дайындалатын немесе сақталатын жерде, егер бұл жер міндеттеме пайда болған кезде несие берушіге белгілі болса;

4) ақшалай міндеттеме бойынша – несие берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жерінде, ал егер несие беруші заңды тұлға болса – міндеттеме пайда болған кезде оның болған жерінде, егер несие беруші міндеттеменің орындалу кезінде тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін өзгертпін, бұл туралы борышқорға хабарласа – орындалатын жердің өзгеруіне байланысты барлық шығындарды соның есебіне жатқыза отырып, оның жаңа тұрғылықты жерінде немесе тұрған жерінде;

5) басқа барлық міндеттемелер бойынша – борышқордың тұрғылықты жерінде, ал егер борышқор заңды тұлға болса- оның орналасқан жерінде орындалуы тиіс.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Міндеттемелік құқық нормаларымен реттелетін қатынастардың ерекшеліктері
2. Міндеттемелік құқық қатынастарының элементтері
3. Міндеттемелік және заттық құқық қатынастары
4. Міндеттемелер және басқа салыстырмалы құқық қатынастары
5. Міндеттемелік құқықтық қатынастардың негізінін ұғымы
6. Шарттық және шарттан тыс міндеттемелер
7. Міндеттемелерді орындау ұғымы және қағидалары
8. Міндеттемені іс жүзінде орындау қағидасы
9. Тиісті дәрежеде орындау қағидасы
10. Ақшалай міндеттемелерді орындаудың ерекшеліктері
11. Міндеттемелерді орындау субъектілері. Міндеттемедегі тұлғалардык көптігі
12. Міндеттемедегі тараптардың ауысуы. Орындауды жүктеу мен басқаға белгілеу
13. Міндеттемелердің орындалу орны мен мерзімі
14. Альтернативті және факультативті міндеттемелер
15. Регресстік міндеттемелер

#### Есеп

1. Арғынов өз досы, эстрада әртісі Нұрлановпен оның орындауындағы эстрадалық өлеңдерді үй жағдайында отырып тың-дағысы келген қызметтестерін өзінің үйінде жинайтыны жөнінде келіседі. Алайда белгіленген уақыттан бір сағат бұрын Нұрланов теледидардан футбол ойынын көру үшін үйде калуды шешкенін телефон арқылы Арғыновқа хабарлайды. Белгіленіп қойылған кездесуді өзгертуге тура келеді.

Арғыновтың ойынша, Нұрланов кездесуге даярлық жасаумен байланысты оның барлық шығындарын (сатып алған азық-түлігі мен сусындарының құнын), сонымен қатар моральдық нұқсанның орнын толтыруы тиіс.

Арғыновтың Нұрлановқа осындай талап қоюының заңды негіздері бар ма?

2. Бір-біріне жақын орналасқан көрші саяжайлардың меншікті иелері саяжайларға жанасып жатқан жер учаскелерінің екеуінде де көктемдік және күздік жинау жұмыстарын жасап отыратыны жөнінде шарт жасасады. Төребаевтың учаскесі Сармановтыкінен екі есе үлкен болғандықтан, Сарманов жасаған жұмыстары үшін Төребаевтан еңбек ақының бір айлық ең төменгі көрсеткіші мөлшерінде қосымша төлем алатыны да шартта белгіленеді. Бірінші болып жинау жұмыстарын Төребаев жасайды. Алайда, Сарманов өз міндеттерін орындап болғанда, Төребаев олардың шарттарының заңды күші жоқ екеніне, және тек тұрмыстық сипатта жасалғандығына сілтеп, ақша төлеуден бас тартады. Төребаевтың пайымдауының негізі бар ма?

3. Екі айдан соң қайтарып беруге уәде беріп Қуанышев Заурбековтан қарызға ақша алады. Уағдаласқан мерзімде Заурбековқа Изатов келеді де Қуанышевтің қарызын одан қабылдап алуды ұсынады, өйткені ол Қуанышевқа тура осы сомаға қарыз екенін, және де Қуанышев есептесудің ондай әдісінен бас тартпағанын айтады. Заурбеков Изатовтың ұсынысынан бас тартады, өйткені Қуанышев пен оның арасында осы мәмілені жариялау жөнінде келісім бар болатын. Оның үстіне, Изатов Қуанышевпен келіскен кездегі қарыз сомасына бір жылда 10% қосымша төлемін ескермей, тек қарыз сомасын ұсынады. Изатов қарыздың бүкіл сомасын пошта арқылы Заурбековтың атына аударып, пошта квитанциясын Қуанышевқа береді. Заурбековтың қарсылығы заңды ма?

### **13 тақырып. МІНДЕТТЕМЕНЕҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.**

1. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің түсінігі, белгілері және түрлері.
2. Тұрақсыздық айыбы.
3. Кепілшұл.
4. Кепілдік және кепіл болушылық.
5. Кепіл.

**1.Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің түсінігі, белгілері және түрлері.**

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін әдістерге заңда немесе шартта көзделген, борышкердің міндеттемені тиісінше орындауына ынта



беретін және несие берушінің мүдделерін қорғауды жеңілдететін, мүліктік сипаттағы арнайы шаралар жатады.

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін әдістердің белгілері: - мүліктік сипаты; - несие берушінің мүддесін қамтамасыз етеді және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған; - заң не тараптардың келісімі негізінде белгіленеді; - қосымша (аксессуарлық) сипатты; - олар, міндеттеменің орындалмауынан не тиісінше орындалмауынан несие берушіге зиян келтірілу-келтірілмеуіне байланыссыз қолданылады; - оларды қолдану мүмкіндігі, әдетте борышқорда ақы өндіріп алуға болатын мүліктің болуына байланысты емес.

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің түрлеріне АК 292-б. 1-т. сәйкес: - тұрақсыздық төлем; - кепіл; - кепілдік; - кепіл болушылық; - кепілшұл; - мүлікті ұстап қалу; заңдарда немесе шартта көзделген басқа да әдістер (мысалы, кепілдік жарна).

## 2. Тұрақсыздық айыбы

Міндеттемені қамтамасыз етудің тәсілі ретінде тұрақсыздық айыбы – бұл, борышқор міндеттемені орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті (негізгі міндеттемеге қосымша ретінде), заңдармен не шартпен белгіленген ақша сомасы (айыппұл, өсім). Тұрақсыздық айыбымен қамтамасыз етудің мақсаты — борышкерді қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша өз міндетін оны күрделендіріп шығу қаупімен дәл орындауға мәжбүрлеу, ал күрделенген жағдайда - міндеттеме нысанын құрайтын міндеттер көбейеді, белгілі бір ақша сомасын төлеу түрінде қосымша міндеттер пайда болады. Тұрақсыздық айыбы алдын ала анықталған ақша сомасын білдіреді. Тұрақсыздық айыбының мөлшері мен оны анықтау тәртібі тараптардың келісімімен немесе заңнамамен белгіленеді.

**Тұрақсыздық айыбының түрлері:** 1) белгілену көзі бойынша: а) шарттық; б) заңдық, яғни заңмен анықталған тұрақсыздық айып. Ол, тараптардың келісімінде оны төлеу міндеті көзделмегеніне қарамастан қолданылады.

Тұрақсыздық айыбы өсім немесе айыппұл түрінде де болады. Өсім ретінде міндеттемені белгілі бір уақыт аралығында орындамағандық үшін

қолданылатын тұрақсыздық айыбы түсініледі. Өсім, орындау мерзімі сақталмаған әрбір нақты кезең үшін міндеттеме сомасына пайызбен шағып есептеледі, мысалы, несие шартында ақша қаражатын қайтару мерзімі өткеннен кейін жүргізілсе, төленетін соманың 0,5%-ы мөлшерінде әрбір күнге айыпақы белгіленуі мүмкін.

Ал, "айыппұл" , әдетте, нақты сомадағы тұрақсыздық айыбы немесе міндеттеме сомасына белгілі бір пайыздық мөлшерде белгіленген тұрақсыздық айыбы ретінде түсініледі, мысалы, тауардың жинақтылығы, сапасы және ассортименті туралы шарттың талаптарын бұзғандық үшін 1000 тенге немесе әрбір бұзғандық үшін міндеттеме сомасының 1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл) көзделуі мүмкін. Айыппұл мен өсім тұрақсыздық айыбы болып табылады. Бірақ қылмыстық, әкімшілік және қаржы құқығында қолданылатын айыппұлдың азаматтық-құқықтық сипаты болмайды.

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу құқығының залалды өндіріп алу құқығымен ара қатынасына байланысты тұрақсыздық айыбы есептік, айыптық, баламалық және ерекше болып бөлінеді. Тұрақсыздық айыбымен залалдың өтелмеген бөлігі өндірілетін кезде, ол есептік деп аталады, бұл ретте өндірілген тұрақсыздық айыбының мөлшері өндірілетін залалдың есебіне жатқызылады. Ерекше тұрақсыздық айыбында тұрақсыздық айыбын өндіртуге болады, бірақ залалды өндіріп алуға жол берілмейді; баламалыда — несие берушінің қалауы бойынша не залал, не тұрақсыздық айыбы өндіріледі.

**Тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің нысаны – жазбаша.** Жазбаша нысанды сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.

### **3. Кепілпұл.**

**Кепілпұл** дегеніміз келісуші тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома. Кепілпұл туралы келісім, оның сомасына және негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, оның жарамсыздығына әкеліп соқтыру қаупімен жазбаша түрде жасалуы тиіс. Егер негізгі міндеттемені нотариус куәландыруы тиіс болса, кепілпұл туралы келісімнің заңдылығы үшін жай жазбаша форма жеткілікті (АК 337-б. 2-т.).

Кепілпұлдың функциялары: 1) төлемдік (негізгі міндеттеме бойынша төлемдердің есебіне беріледі); 2) куәландырушы (кепілпұл шарттың жасалғандығын куәландыруға беріледі); 3) қамтамасыз етуші (кепілпұл негізгі міндеттеменің есебіне жатқызылады және осы бөлікте оның

орындалуына кепілдік береді). Егер міндеттеменің орындалмауына кепілшүл берген тарап жауапты болса, ол екінші тарапта қалады, ал егер кепілшүл алған тарап жауапты болса, ол екінші тарапқа кепілшүлдың екі еселенген сомасын төлеуге міндетті. 4)өтемелілік (шартта өзгеше көзделмесе, міндеттеменің орындалмауына жауапты тарап екінші тарапқа кепілшүл сомасын ескере отырып, шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті).

#### 4. Кепілдік және кепіл болушылық.

Кепілдік пен кепіл болушылықтың міндеттемені қамтамасыз ету тәсілі ретіндегі мәні — борышкердің міндеттемені тиісінше орындау жөніндегі жауапкершілікті үшінші жақтарға тарату және оларды, орындауға міндетті адамдар қатарына тарту.

**Кепілдік бойынша** кепілдік беруші (әрі қарай кепілші) деп аталатын тұлға басқа тұлғаның (борышқордың) несие берушісі алдындағы міндеттемесінің орындалуына сол негізгі борышқормен толық немесе ішінара ортақтасып жауап беруге міндеттенеді.

**Кепіл болушылық бойынша** кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара субсидиярлы жауап беруге міндеттенеді /АК 330 б/.

Борышкер үшін негізгі міндеттемені орындаған кепілші мен кепіл болушыға несие берушінің құқықтары ауысады, ол ауысу ешқандай ресімдеуді керек етпейді. **Кепілдік пен кепіл болушылықтың негізгі айырмашылығы** олардың қосымша міндеттеме ретінде ортақтастығында не субсидиялығында, сондай-ақ, кепілші мен кепіл болушының борышкер міндеттемесін орындауының шегінде және оларға талап қою тәрібінде.

Кепілдік немесе кепіл болушылық шарттары жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау олардың жарамсыздығына әкеліп соқтырады.

<b>Кепілдік берушінің жауапкершілігі.</b> Кепілдік беруші несие беруші алдында, егер кепілдік шартында өзгеше белгілен-бесе, борышқор сияқты айыпақы, сый-ақы төлеуді қоса алғанда, борышты өндіріп алу жөніндегі сот шығындарын және борышқордың	<b>Кепіл болушының жауапкершілігі.</b> Кепіл болушы несие беруші алдында, егер кепіл болушылық шарттарында өзгеше көзделмесе, кепіл болушылықта көрсетілген сома шегінде жауапты бола-ды. Кепіл болушыға талаптар қойылғанға дейін несие беруші бұл талапты борышқор
---	--

міндеттемені орында-мауы немесе тиісінше орындамауы сал-дарынан туындаған несие берушінің бас-қа да зияндарын төлеуде тап сондай көлемде жауап береді	қанағаттандыратындай, атап айтқан-да, қарсы талапты есепке алу және белгіленген тәртіп бойынша борышқордың мүлкінен ақы өндіріп алу арқылы ақылға қонымды шаралар қолдануға тиіс
---	--

Кепілші несие берушінің талаптарын қанағаттандырғанға дейін ол жайында борышкерді ескертуі тиіс, ал несие беруші оған талап қойған жағдайда — борышкерді іске қатысуға тартуға міндетті /АК 333 б. 1 т/. Олай болмаған жағдайда борышкер өзінің несие берушіге қоймақшы болған қарсылықтарын кепілшінің регрестік талаптарына қарсы қоя алады, мысалы, талаптың мөлшері бойынша, оның заңдылығы бойынша, т.б.

Кепілдік пен кепіл болушылық шарттық институттарының арасындағы негізгі айырмашылықтары мыналар жатады: 1) жауапкершіліктің сипаты — кепілшінің негізгі міндеттемені орындау жөніндегі міндеттемесі ортақтас, ал кепіл болушының міндеттемесі — субсидиялық (қосымша) болып келеді; 2) жауапкершіліктің көлемі — несие беруші алдында кепілші борышкермен бірдей көлемде жауап береді, оған сыйақыны (мүдде), борышты өндіруге байланысты сот шығындарын және несие берушіге борышкердің міндеттемені орындамағанынан немесе тиісінше орындамағаннан келген залалды, егер кепілдік шартында өзгеше көзделмеген болса /332 б. 2 т./; Ал кепіл болушы болса борышкердің жетіспейтін ақша қаражаты көлемінде несие беруші алдында жауап көтереді, бірақ, жалпы ереже бойынша, ол кепіл болушылықта көрсетілген соманың шегінен аспауға тиіс /332-б 3-т/; 3) талап қою тәртібі — несие беруші міндеттеменің оның орындалу мерзімі келген кезден бастап орындалуы туралы борышкер мен кепілшіге талап қоюға құқылы, ал міндеттемені орындауда кепілші мен борышкер ортақтас болғандықтан несие беруші олардың кез келгеніне талап қоя алады; кепіл болушыға талап қойғанға дейін несие беруші борышкердің бұл талапты қанағаттандыруы үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға тиіс, атап айтқанда, қарсы талапты есепке алу және белгіленген тәртіпте борышкер мүлкінен ақы өндіріп алу арқылы /332-б 2-т/.

### **Кепілдік берушінің және кепіл болушының құқықтары:**

- Кепілдік беруші, егер кепілдік шартында өзгеше туындамаса, несие берушінің талабына қарсы борышқор қоя алатын қарсылықтарды қоюға құқылы. Ол бұл құқығын тіпті егер борышкер олардан бас тартқан немесе өзінің қарсылығын мойындаған жағдайда да жоғалтпайды /АК 333 б. 2 т./.

- Міндеттемені орындаған кепілдік берушіге несие берушінің осы міндеттеме жөніндегі барлық құқықтары және кепіл ұстаушы ретінде несие берушіге тиесілі құқықтар кепілдік беруші несие берушінің талабын қанағаттандырған көлемде көшеді.
- Кепілдік беруші борышқордан несие берушіге төленген соманың айынақысын және сыйақысын төлеуді және борышқор үшін жауапкершілікке байланысты шеккен өзге де залалдардың орнын толтыруда талап етуге құқылы.

Кепіл болушы дәл осындай құқықтарға борышқордың несие беруші алдындағы міндеттемесін өзі орындаған бөлігінде ие болады.

Негізгі міндеттемені өзі орындаған борышқор кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға бұл туралы дереу хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда өз кезегінде міндеттемені орындаған кепілші не кепіл болушы несие берушіден негізсіз алынғанды өндіріп алуға, не борышқорға кері талап қоюға құқылы. Соңғы жағдайда борышқор несие берушіден тек негізсіз алынғанды ғана өндіріп алуға құқылы./АК 335 бап/.

Несие беруші міндеттеменің, қабаттасып (қайтара) орындалғанын қабылдауға тиіс емес. Қабылдаған жағдайда ол негізсіз байығаны үшін жауап береді.

**Кепілдік пен кепіл болушылықтың тоқтауы /АК 336 б/.** Кепілдік пен кепіл болушылық қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтатылуымен бірге тоқтатылады, сондай ақ осы негізгі міндеттеме кепілші мен кепіл болушының жауапкершілігін олардың келісімінсіз арттыруға немесе өзге де қолайсыз сипаттарға әкеліп соқтыратындай өзгерген жағдайда, тоқтатылады.

Кепілдік және кепіл болушылық, егер кепілші немесе кепіл болушы несие берушіге жаңа борышқор үшін жауап беруге келісім бермесе, кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттеме жөніндегі борышты басқа ауыстырумен тоқтатылады.

Кепілдік және кепіл болушылық, егер олар өздері қамтамасыз еткен міндеттемені орындау мерзімінің басталуына қарай борышқор немесе кепілші мен кепіл болушы ұсынған тиісті дәрежедегі орындауды қабылдаудан несие беруші бас тартса тоқтатылады. Несие берушінің мерзімді өткізіп алуы негізгі міндеттемені және борышкердің оны тиісінше орындау жөніндегі міндеттемесін тоқтатпайды. Бірақ несие берушінің тиісінше орындауды қабылдаудан бас тартуы оған деген өзінше санкция түрінде болады.

Кепілдік және кепіл болушылық оларға шартпен белгіленген мерзім біткен кезде тоқтатылады. Егер мұндай мерзім белгіленбесе, егер несие беруші кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттемені

орындау мерзімі басталған күннен бастап бір жылдың ішінде кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға қуаным жасамаса, ол тоқтатылады. Негізгі міндеттеменің орындалу мерзімі көрсетілмеген және белгілеуге болмайтын немесе талап етумен белгіленген кезде, кепілдік және кепіл болушылық егер несие беруші кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға кепілдік немесе кепіл болушылық шарты жасалған күннен бастап екі жылдың ішінде қуаным жасамаса, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кепілдік және кепіл болушылық тоқтатылады /АК 336 бап/.

## 5. Кепіл.

**Кепіл** – бұл міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі, бұл кезде несие беруші (кепіл ұстаушы) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда өз талаптарын кепілге салынған мүлік құнынан, бұл мүлік тиесілі тұлғаның өзге несие берушілері алдында артықшылықпен қанағаттандыруға құқығы бар.

**Кепіл (кепіл құқығы)** деп несие берушінің міндеттеме бойынша өз талаптарын борышкердің немесе заттық кепіл болушының белгілі бір затының не өзге мүлкінің құндылығы есебінен қанағаттандырудағы айрықша құқығы танылады.

Кепіл бойынша қатынастар негізінен ҚР АҚ-мен, Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы През. з.к.б.Жарлықпен және т.б. көптеген нормативті актілермен реттеледі.

**Кепіл міндеттемесінің тараптары:** - Кепілге беруші- мүлікті кепілге беруші тұлға (борышқордың өзі, сондай ақ үшінші тұлға болуы мүмкін); Кепіл ұстаушы- мүлікті кепілге алған тұлға (негізгі міндеттеме бойынша несие беруші болады).

Кепіл : 1) шарт негізінде; 2) заң құжаттарының негізінде пайда болуы мүмкін.

Кепіл туралы шарт жазбаша нысанда жасалады, жазбаша нысанды сақтамау шарттың жарамсыздығына соқтырады. Мемлекеттік тіркелуге тиісті мүлік кепілге салу осы мүліктің тіркелуін жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

**Кепіл туралы шарттың мазмұны :**

- Кепілдің мәні мен оны бағалау құны туралы ереже;
- Кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің мәні, мөлшері мен орындалу мерзімі ;

- Кепілге салынған мүлік қай тарапта екендігі және оны пайдалануға болатындығы көрсетілуі тиіс.

**Кепіл мәні** ретінде кез келген мүлік бола алады, соның ішінде: - Заттар, соның ішінде жылжымайтындары (айналымнан алынып тасталған заттарды қоспағанда). Жер учаскесінің кепілі онда орналасқан жылжымайтын мүлікке таралмайды; керісінше, құрылыстарды немесе ғимараттарды кепілге салу олар орналасқан жер учаскесін бір уақытта кепілге салумен қатар жүргізіледі. - Мүліктік құқықтар, бұған несие берушінің жеке басымен тығыз байланысты құқықтар, және заң актілерімен өзге тұлғаларға беруге тыйым салынған өзге де құқықтар кірмейді.

- Кепіл мәні болып табылатын ақша банкке орналастырылады.

Заң кепілге салынып қойған мүлікті қайта кепілге салуға жол береді (АК 311-бап).

Егер шартта өзгеше көзделмесе, кепіл беруші: - кепілге салынған мүлікті пайдалануға; - кепіл ұстаушының рұқсатымен кепіл мәнімен биік етуге құқылы.

Кепілде кепіл мәні болатын тұлғаның (кепіл берушінің не кепіл ұстаушының) кепіл мәнінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттері:

- кепіл берушінің есебінен кепілге салынған мүлікті сақтандыру;
- кепілге салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде оны қол сұғушылықтардан және үшінші тұлғалардың тарапынан болатын талаптардан қорғау үшін қажетті шаралар қолдану;
- кепілге салынған мүліктің бүліну немесе жоғалу қаупінің туындағаны жөнінде басқа тарапты дереу хабардар ету.

Кепіл ұстаушының мұндай міндеттерді өрескел бұзуы кезінде, егер бұл кепіл мәнінің жойылу немесе бүліну қаупін туындатса, кепіл беруші кепілдің мерзімінен бұрын тоқтатылуын талап етуге құқылы.

Кепіл ұстаушы және кепіл беруші кепілге салынған мүліктің жай-күйін тексеруге құқылы.

Кепілге салынған мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупін, егер кепіл шартында өзгеше көзделмесе кепілге беруші көтереді.

Кепіл ұстаушы кепіл мәнінің толық немесе ішінара жоғалу немесе бүлінуі үшін егер кінә болса (қасақаналық не абайсыздық), ал кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде – дүлей күш болмаған кезде жауап береді.

Кепіл мәнін ауыстыру, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, кепіл ұстаушының келісімімен ғана жол беріледі.

Кепіл талапты, ол қанағаттандырылу сәтіндегі көлемде, соның ішінде пайыздарды айыппұлды қамтамасыз етеді.

Кепілдің келесі ерекше түрлері ажыратылады:

- **Ипотека** – кепілге салынған мүлік кепіл берушіде қалатын немесе үшінші бір тұлғаға берілетін кепіл түрі;
- **Кепілзат** – кепілге салынған мүлік кепіл ұстаушыға берілетін кепіл түрі.
- **Ломбардта заттардың кепілі** – бұл жағдайда егер кепілге салынған мүлікті сатудан түскен сомма кепіл ұстаушының (ломбардтың) талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, соңғысы борышқордың өзге мүлкінен ақы өндіріп алуға құқығы болмайды.
- **Айналымдағы тауарлардың кепілі** – бұл жағдайда кепіл мәнінің құрамын және табиғи нысанын өзгертуге жол беріледі (тауарлық қорларды, шикізаттарды және т.с.с.), бұл ретте олардың ортақ құны кепіл шартында белгіленгенінен төмен болмауға тиіс

Кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алу тәртіптері: 1) соттық тәртіп 2) соттан тыс тәртіп, яғни мүлікті сенім білдірілген тұлға арқылы өткізу.

**Кепілдің тоқтатылу жағдайлары:**

- кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер тоқтатылғанда;
- кепілге салынған мүліктің жоғалу немесе бүліну қауіпі болған кезде кепіл берушінің талабы бойынша;
- кепілге салынған мүлік жойылған жағдайда, егер кепіл беруші кепіл нысанасын қалпына келтіру немесе оны оны ауыстыру құқығымен пайдаланбаса;
- кепілге салынған мүлікті жария саудаға салып сатқан ретте, сондай-ақ оны сату мүмкін болмаған ретте кепіл тоқтатылады

**Бакылау сұрақтары:**

1. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұғымы
2. Міндеттемелердің тиісті түрде орындалуына бағытталған арнайы шаралар ретіндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістері



3. Негізгі және қамтамасыз етуші міндеттемелердің арақатынасы
4. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің жүйесі.
5. Айып.
6. Кепіл.
7. Ұстап қалу.
8. Кепіл болушылық.
9. Кепілшұл.

### Есеп

1. Несие шарты бойынша, қарыз алушы адам әрбір кешіккен күні үшін өз уақытында өтемеген ссуданың 20%-ін төлеуге міндеттенеді. Қарыздың 75%-ін өтеп, қарыз алушы қалған со-маны қайтаруды үш айға кешіктіреді, соттан байланысты несие беруші қарыздарға шартта қарастырылған айыпты төлеу жөнінде талап қояды. Қарыз алушы, талап арызда баяндалған жайттарға қарсы болмай, соттан оны айып төлеуден босатуды сұрайды, өйткені айып мөлшері қалған қарыз сомасынан 15 еседей асады, қарыздың негізгі бөлігі өз уақытында өтелген, қазіргі уақытта ол жұмысынан айрылып, материалдық тапшылық көруде. Сот қандай шешім қабылдауға құқылы?

2. АҚ "Сәулет" өз қызметкері акционер Асановқа автокөлік сатып алу үшін ссуда беріп, одан сатылып алынған көлігін берілген ссуда сомасына тең номиналдағы акцияларын кепілге беріп ссуданың өтелуін қамтамасыз етуді талап етеді. Ссуданың өтелуін қамтамасыз ету үшін сомасы бойынша жеткілікті болатындай акциялары жоқ болған Асанов ссуда берушіге қолындағы акцияларын (номиналы бойынша көлік бағасының жартысына тең) және автокөлікті кепіл ретінде беруге келіседі. Асанов ссуданы мерзімінде қайтармайды, тіпті оны өтеуді де бастамайды. "Сәулет" АҚ-ы өз

паразылықтарын кепілге салынған мүліктің бағасы есебінен қанағаттандыруды талап етіп сотқа барады. Онымен қоймай, акционерлер жиналысында кепіл ұстаушы өзінің иелігіндегі акциялар дауысына кепіл берушінің де акциялары бойынша дауысты қосып алады. Асанов сотта кепіл ұстаушының талаптарын мойындамайды және автокөлік кепілі жарамсыз

екенін, өйткені ол белгіленген тәртіпте тіркелмегенін, ал кепілге салынған акциялар бойынша дауыс берумен кепіл ұстаушы оның меншік құқығын бұзғанын, сол үшін оған келтірген зиянын акциялар кепілімен қамтамасыз етілген ссуда мөлшерінде өтеуі тиіс екенін түсіндіреді. Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті пайдалана ала ма?

## **14тақырып МІНДЕТТЕМЕНІ БҰЗҒАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК. МІНДЕТТЕМЕНІ ТОҚТАТУ.**

**1. Міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілік түсінігі, нысандары және түрлері.**

**2. Міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілік шарттары.**

**3. Міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершіліктен босату негіздері.**

**4. Міндеттемені тоқтату түсінігі және негіздері.**

**5. Міндеттемелерді тоқтатудың жекелеген әдістері.**

### **1. Міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілік түсінігі және нысандары.**

Міндеттемені бұзғандық үшін жауапкершілік азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бір түріне жатады, ол субъективтік азаматтық құқық бұзушыға қосымша азаматтық-құқықтық міндеттерді немесе оған тиесілі азаматтық құқықтан айыру түрінде мемлекеттік мәжбүлеумен қамтамасыз етілген қосымша мүліктік айыруды жүктеуге бағытталған, субъективтік азаматтық құқықтық қорғаудың арнайы құқық қорғау шараларын қолдану деп анықталады.

АК 349-б. сәйкес жауапкершілік қолданудың негізі болып оның бұзылуы саналады, және міндеттемені бұзғаны үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талабы бойынша жүзеге асырылады.

Міндеттеменің бұзылуы деп міндеттемені орындамау немесе тиісті түрде орындамау, яғни мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау түсініледі.

Міндеттемені бұзу, әдетте, екі түрге бөлінеді: 1) міндеттемені орындамау, яғни міндеттемені толықтай бұзу; 2) міндеттемені тиісінше орындамау, міндеттемені оның мазмұнында анықталған қандай да бір жеке жағдайларды бұзып орындау.

Міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік нысандары ретінде құқық бұзушыға қолданылатын қолайсыз мүліктік салдарлар түсініледі. Міндеттемені бұзғандығы үшін азаматтық-жауаптылық мынадай нысанда болады: шығынды өтеу; тұрақсыздық айыбын төлеу; кепіл-пұлды жоғалту не кепілпұлдың қайтарылған сомасынан басқа қосымша сома төлеу;

қадимыстық мақсатқа жетуге бағытталған мәміле бойынша алынғанның бәрін мемлекет пайдасына тәркілеу; кепілге салынған мүлікке, сондай-ақ ұстап қалынған мүлікке меншік құқығын жоғалту; моральдық залалдың орнын толтыру және т.б. Шығынды өтеу мен тұрқсыздық айыбын төлеу, жауаптылықтың негүрлым кең таралған түрлері.

**Шығынды өтеу** азаматтық-құқықтық жауаптылықтың жалпы шарасы болып табылады, ол кет келген субъективтік азаматтық құқықты (міндеттеменің, зағтық ерекше және т.б.) қорғауда қолданыла алады. АҚ 350-б, сөйкес, ол міндеттеменің орындамаған немесе тиісінше орындамаған борышкер несие берушіге міндеттеменің бұзылуынан туындаған шығындарды өтеуге міндетті (АҚ 9-б.. 4-т..). Бұл ретте, шығындарды толық көлемде өндіріп алу мүмкіндігін шектеу заң актілерінің нормаларында немесе шартта көзделеді.

**Шығындарды толық өтеу принципі** құқықтың бұзылуына байланысты несие берушіде туындаған нақты залалдың да, және жіберіп алынған пайданың да отелуін көздейді. **Нақты залал дегеніміз** өз құқығының бұзылуына байланысты несие беруші жұмсаған шығындардың жиынтығы (яғни бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін есептелген шығындар), оған жоғалған не бүлінген мүліктерді қалпына келтіру шығындары да кіреді. Бұл ретте, нақты залалды өтегенде несие берушінің жұмсаған шығындары да, ол жұмсауы тиіс шығындар да есептелінеді.

Несие берушінің құқығы бұзылмағанда ол дағдылы айналым жағдайында алуы мүмкін табыстың келмеуі қолдан жіберіп алынған пайда деп түсініледі. Қолдан жіберіліп алынған пайданың мөлшерін анықтағанда несие берушінің оны алу үшін жүргізген шаралары да, сол табысты алу мақсатында жасалған дайындық жұмыстары да ескеріледі. АҚ-ның несие берушінің кінәсі туралы (364-бап) және несие берушінің мерзімді өткізіп алуы туралы (366-бап) нормалары ескеріліп, қолдан жіберіп алған пайданың мөлшерін анықтағанда несие берушінің шығынның ұлғаюына әсер еткен кінәсінің де, несие берушінің мерзімді өткізіп алуының да мән-жайы ескеріледі, олардың қолайсыз салдарлары, оның ішінде, шығындар да, несие берушіге жүктеледі. Бұл ретте қолдан жіберіліп алынған пайданың мөлшері объективтік критерийлер негізінде және нақты құқықбұзушылықтың барлық мән-жайлары ескеріліп анықталуға тиіс.

Жауапкершілік шарасының тағы бір таралған түрі — **тұрақсыздың айыбы**, оны құқықтық реттеу АҚ-ның 293-298-баптарында көзделген. Шығындар мен тұрақсыздық айыбын өндірудегі өзара қатынасты анықтау

тәртібі 351-бапта көзделген. Жалпы ереже бойынша, егер міндеттемені орындамағандық үшін тұрақсыздық айыбы көзделсе, онда шығынның тұрақсыздық айыбы жаппаған бөлігі өтеледі. Сонымен қатар заңнамада немесе шартта мынадай жағдайлар көзделуі мүмкін: тек тұрақсыздық айыбы ғана өндіріледі (ерекше тұрақсыздық айыбының конструкциясы); шығын толық мөлшерде тұрақсыздық айыбына үстеме өндірілуі мүмкін (айыппұлдық тұрақсыздық айыбының конструкциясы); несие иесінің қалауы бойынша не тұрақсыздық айыбы, не шығындар өндірілуі мүмкін (баламалы тұрақсыздық айыбының конструкциясы). АҚ-ның 49-бабының 4-тармағына және 358-бабына, заң актілеріне немесе шартқа сәйкес шектеулі жауапкершілік белгіленген (мысалы, өндірілетін шығын мөлшерінің ең жоғарғы шегі белгіленген, нақты шығындарды ғана ендру тәртібі белгіленген және т.б.) жағдайда, шығынның тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігі, не үстеме, не оның орнына өндіруге жататын шығындар шектеумен белгіленген шектерге дейін өндірілуі мүмкін. Тиісінше, егер жауапкершілікті шектеу ерекше тұрақсыздық айыбын өндіру түрінде белгіленген болса, шығындар өндіруге жатпайды.

АҚ-ның 354-бабының 1-тармағында, жалпы ереже бойынша, міндеттеме тиісінше орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу мен шығындарды өтеу міндеттемені заттай орындаудан борышкерді босатпайды. Заң актісімен немесе шартпен өзгедей тәртіп белгіленуі мүмкін. Атап айтқанда, тараптардың келісімімен міндеттемелерге жаналау жүргізілуі немесе бас тарту төлемі жасалып міндеттеме тоқтауы мүмкін.

Керісінше, міндеттеме орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу және шығындарды өтеу, жалпы ереже бойынша, АҚ-ның 354-бабының 3-тармағына сәйкес борышкерді міндеттемені заттай орындаудан босатады. Шығындар құрамына бұл жағдайда несие берушінің міндеттемені борышкердің есебінен үшінші жақтың орындауына байланысты жасаған шығындары да кіруі мүмкін. (АҚ-ның 356-бабы)..

**Міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілік түрлері.** Міндеттемені бұзғандық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке топтастыру әртүрлі критерийлер негізінде жасалынады. Құқық бұзудың жауапкершілігінің негізіне қарай шарттық және шарттан тыс жауапкершілік болып бөлінеді.

Борышкерге міндеттемені бұзғаны үшін қолданылатын санкциялар бойынша: борышкердің шығындарды өтеу, тұрақсыздың айыбын төлеу, кепілпұл сомасын төлеу, моральдық зиянның орнын толтыру және т.б. жөніндегі жауапкершілік сияқты түрлері ажыратылады. Бұл

жерде тұрақсыздық айыбын төлеу және шығындарды өтеу, жауаптылықтың кең таралған түрі болады.

Борышкердің тұрақсыздық айыбын төлеу мен шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелерде бұзғандығы үшін жауапкершіліктің айрықша бір түрі ретінде борышкердің бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті атау керек. Бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғандық үшін АҚ-ның 353-бабына сәйкес заңды тұрақсыздық айыбын төлеу көзделген. Бөтеннің ақшасын заңсыз пайдалану дегеніміз ақша міндеттемесін орындамау (ақша төлеу жөніндегі міндеттемелер) не оны төлеудің мерзімін өткізіп алу, басқа адамның есебінен ақшаны негізсіз иелену және сақтау және т.б.

353-баптың 2-тармағында бекітілген жалпы ереже бойынша, бөтеннің ақшасын пайдаланғандық үшін тұрақсыздық айыбы осы ақша сомасын несие берушіге төлеген күн бойынша алынады. Бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғандық үшін тұрақсыздық айыбы алынатын мерзімді анықтаудың өзге тәртібі заңнамамен немесе шартпен анықталуы мүмкін. Яғни, міндеттемелердің кейбір түрлері үшін заңнама ережелерімен не шарт талаптарымен бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғандық үшін тұрақсыздық айыбы есептелетін аз мерзім белгіленуі мүмкін, атап айтқанда, ауқымында тұрақсыздық айыбын есептеуге болатын ең шекті мерзім белгіленуі, не ең шекті мөлшер белгіленуі мүмкін.

АҚ-ның 353-бабының 1-тармағына сәйкес, тұрақсыздық айыбының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі ҚР Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы бойынша есептеледі. Сонымен қатар, заңды тұрақсыздық айыбын сот арқылы өндіргенде сот несие берушінің талабын талап арыз берілген күнгі, шешім шығарылған күнгі немесе нақты төлем жасалған күнгі қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйеніп қанағаттандырады. АҚ-ның 353-бабының 1-тармағында, заңды тұрақсыздық айыбының мөлшерін анықтау тәртібі туралы ереже, бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғандық үшін заң актілерінде немесе шартта тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері белгіленбеген жағдайда, толықтырушы болып қалады. Яғни, міндеттеменің кейбір түрлері үшін заң актілерінің ережелерінде немесе шарт талаптарымен тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері белгіленуі мүмкін, атап айтқанда, Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасымен салыстырғанда одан асатын не төмендеу мөлшер, не тұрақсыздық айыбының ең шекті мөлшері белгіленуі мүмкін.

Бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғандық үшін тұрақсыздық айыбы, АҚ 353-б. 3-т. сәйкес, есептік деп анықталады, және өндірілген тұрақсыздық айыбының мөлшері осындай пайдаланудан келген шығындардың сомасына есептеледі. Сондықтан, ақшасын борышкер заңсыз пайдаланған адам, сол ақшаны заңсыз пайдаланудан келген шығындарды тұрақсыздық айыбының мөлшерінен асатын бөлікте борышкердің өтеуін талап етуге құқылы.

**Моральдық зиян** дегеніміз жәбірленушінің құқықтың бұзылуы, оның ішінде міндеттемелік құқықтың бұзылуы нәтижесінде басынан өткізген дене және көңіл күйзелісі (қорлануы, ашулануы, ұялуы, таба болуы, көңілінің қынжылуы, қулазуы және т.б.) Моральдық зиян ақша түрінде өтеледі. Моральдық зиянның орнын толтырғанда өзіне келген моральдық залалдың ауырлығын жәбірленушінің субъективтік, бағалауы да, жәбірленушінің дене және көңіл күйзелісінің дәрежесін көрсететін объективтік деректер ескеріледі (қол сұғу нысанына айналған игіліктің өмірдегі маңыздылығы, құқық бұзушылық салдарының ауыртпалығы, жалған мәліметтердің сипаты және таралған өрісі, жәбірленушінің өмір сүру жағдайы және назар аударуға тұрарлық басқа да мән-жайлар). Шығындарды өтеу мен моральдық зиянды өтеудің ара қатынасына келетін болсақ, АҚ-ның 352-бабына сәйкес, моральдық зиян міндеттеме бұзылудан келген зияннан тыс өтеледі.

Борышкер жағындағы адамдар көп болса, олардың арасында жауапкершілікті бөлу өзінің сипатына қарай үлесті, ортақ және субсидиялық жауапкершілік болып келеді. Тараптардың адамдарының көптігін анықтау тәртібі АҚ-ның 269-бабының 2-тармағында көзделген.

Адамдары көп тараптардың міндеттері құқықтық реттеу және міндеттеме тараптарының біреуі болып табылатын адамдар арасында құқықтар мен міндеттер бөлу тәртібі АҚ-ның 286-288-баптарында көзделеді. Бұл нормаларға сәйкес, міндеттемеде борышкер жағында адамдар көптігінде, міндеттеме шартымен немесе оған қатысты заң нормаларында әрбір адамның нақты міндеттемесі анықталмаған болса, үлесті міндеттеме туындайды. Мұндай міндеттемеге қатысты әрбір адамның міндетін анықтау тәртібі жайында міндеттеменің өзгедей жағдайлары немесе заң міндеттеуі болмағандықтан, бұл ретте, әр адамның үлесі теңдей және әрбір борышкер міндеттемені басқа борышкерлермен бірдей үлесте орындауы тиіс деп саналады. Тиісінше, бұл жағдайда, әр адамның жауапкершілігі де үлесті болады, және әркімнің жауапкершілік мөлшері

өзара тең болады. Несие беруші бұл жағдайда борышкер жағындағы әр адамды теңдей үлесте жауапқа тартуды талап ете алады. Адамдар арасында нақты үлес белгіленуі мүмкін, бұл ретте әркімнің жауапкершілігі оның үлесіне сәйкес анықталады.

Борышкер жағында адамдар көп міндеттемеге қатысты міндеттеме шарттарында немесе заң актілерінің нормаларында борышкер жағындағы әрбір адамның міндеттемені толық орындауға міндетілігі белгіленуі, яғни ортақтас міндеттеме белгіленуі мүмкін. Бұл ретте, борышкер жағындағы әрбір адамның ортақтас жауапкершілігі де туындайды, ал несие беруші ол адамдардың әрқайсысын толық көлемдегі міндеттемені бұзғаны үшін жауапқа тартуға құқылы. Әрине, борышкер жағындағы адамдардың біреуінің міндеттемені орындауы не оны толық көлемде жауаптылыққа тарту басқа адамдарды несие беруші алдындағы міндеттемеден босатады. Ортақтас борышкерлердің біреуінен жауаптылықтың толық сомасын ала алмаса, несие беруші алынбаған бөлікті ортақтас борышкерлердің кез келгенінен талап етуге құқылы.

Борышкер жағында адамдар көп міндеттемеге қатысты міндеттеме шартында немесе заң актілерінің нормаларында негізгі борышкер анықталуы мүмкін, оған орындау туралы талап бірінші кезекте қойылу тиіс, ол міндеттемені бұзып міндеттеме толық орындалмай қалса, сол орындамай қалған бөлікті борышкер жағындағы басқа адамдардың орындауын талап ету мүмкіндігі белгіленуі, яғни субсидиялық міндеттеме белгіленуі мүмкін. Негізгі борышкер міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда міндеттемені орындауы тиіс басқа адамдар субсидиялық борышкерлер деп аталады. Тиісінше, субсидиялық міндеттемеден субсидиялық жауапкершілік туындайды, оны құқықтық реттеудің ерекшеліктері АҚ-ның 357-бабында көзделген. Субсидиялық жауапкершілік жүктелген субсидиялық борышкер мына жағдайда жауаптылыққа тартылады: біріншіден, негізгі борышкерге талап қойылғаннан кейін ғана, екіншіден, негізгі борышкер талаптарды толық көлемде орындамағаннан не несие беруші ақылға қонымды мерзімде одан жауап алмағаннан кейін ғана; үшіншіден, несие берушінің негізгі борышкерге талаптарын негізгі борышкердің кері талаптарын есепке жатқызу жолымен қанағаттандыру мүмкін болмағаннан кейін ғана; және, төртіншіден, негізгі борышкер орындамаған бөлігіне ғана қатысты. Субсидиялық борышкер, несие беруші өзіне қойған талаптарды орындағанға дейін ол жайында негізгі борышкерді хабардар етуге, ал талап қойылған жағдайда — негізгі борышкерді іске тартуға міндетті. Бұл міндеттерді орындамау кейін негізгі

борышкерге регрестік талап қойылғанда субсидиялық борышкерде қолайсыз салдарлар болу қаупін тудырады, себебі, бұл ретте, негізгі борышкер негізгі міндеттемені орындаған және негізгі міндеттеменің бұзылуына байланысты жауапкершілік жүктелген субсидиялық борышкердің регрестік талаптарына қарсы өзінің несие иесіне қойған талаптарын оған қарсы қоя алады.

**Жауапкершіліктің айрықша түрлері – борышкердің өз қызметкерлерінің әрекеті үшін жауапкершілігі, борышкердің үшінші жактың әрекеті үшін жауапкершілігі ажыратылады**

Жауапкершіліктің ерекше бір түрі — несие берушінің міндеттеме бойынша орындауды қабылдаудың мерзімін өткізіп алғандық үшін борышкер алдындағы жауапкершілігі. Егер несие беруші борышкер ұсынған тиісінше орындауды қабылдаудан несие берушінің бас тартса немесе заңнамада немесе шартта көзделген не іскерлік айналым дағдысынан немесе міндеттеме мәнінен туындайтын әрекеттерді жасамаған болса, ол мерзімді өткізіп алған деп саналады. Борышкердің міндеттемені орындалғанын тиісінше растаудан бас тартқан жағдайда да несие беруші мерзімді өткізіп алған болып есептеледі. Мұндай растау мысалы, борышкердің міндеттемені орындалуын қамтамасыз етуі үшін кепілге берген мүлкіне оның билік етуіне қойылған шектеулерді алу үшін керек. Несие беруші мерзімді өткізіп алғанда борышкер одан келген шығынның өтелуін талап етуге құқылы, бұл жағдайда олардың құқықтары мен міндеттері карама-қарсы бағытта өзгереді: негізгі міндеттеме бойынша несие беруші шығынды өтеу міндеттемесі бойынша борышкерге, ал борышкер — несие берушіге айналады. Бірақ несие беруші мезгілді өткізім алі өзі не міндеттемені қабылдап алу жүктелген тұлға жауап бермейтін жағдайларға байланысты болғанын дәлелдеп берсе мерзімінді өткізіп алу салдарынан келтірілген залалды өтеу міндетінен босатылады.

Мерзімді өткізіп алған несие берушіге мерзімді өткізіп алған кезде міндеттемені орындаудың кездейсоқ мүмкін болмай қалуының барлық қолайсыз салдары жүктеледі.

Ақшалай міндеттеме бойынша борышкер несие берушінің мерзімді өткізіп алғаннан кейінгі уақытына сыйақы төлеуге міндетті емес (АК 366-бап).

## **2. Міндеттемені бұзғандығы үшін жауаптылық шарттары**

Міндеттемені бұзғандығы үшін жауаптылық шараларын қолдануға негіз болып, тұлғаның міндеттемені орындамау немесе тиісінше орындамау түрінде азаматтық құқық бұзушылық жасауы.



**Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктеуінің жалпы шарттары мыналар:** 1) бұзшының құқыққа қарсы қылығы; 2) залалдың немесе шығынның болуы; 3) құқыққа қарсы қылық пен зиян әкелген салдарлар арасында себептік байланыстың болуы; 4) құқық бұзшының кінәсінің болуы. Бұл аталған жағдайлар құқық бұзушылық құрамын құрайды.

Жауаптылықтың кейбір түрлерінің арнайы жағдайлары аталған жағдайлардың кейбірін қамтымауы мүмкін. Мысалы, тұрақсыздық айыбын өндіру үшін шығынның болуы керек емес.

Жауапкершіліктің жалпы шарттары, әдетте, екі топқа топтастырылады: құқықбұзушылықтың объективтік және субъективтік жақтары. Бұл ретте объективтік жақтың элементтеріне: құқыққа қайшы қылық; іс-әрекеттің зиян әкелетін нәтижелері; іс-әрекет пен зиян әкелетін нәтиже арасындағы себепті байланыс жатады.

Субъективтік жақтың элементіне, жалпы ереже бойынша, кінә, басқаша айтылса, субъектінің өзінің құқыққа қайшы қылығына және оның салдарына теріс ниет немесе абайламау түріндегі психикалық қатынасы, сондай-ақ құқық-бұзудағы себеп пен мақсат жатады.

Барлық міндеттемелік құқық бұзушылықтың құрамдарын біріктіретін екі жалпы принцип бар: **1. кінә принципі 2. келтіру принципі**. Келтіру принципі заң әдебиеттерінде көбіне, тәуекел бастамаларына негізделген жауапкершілік деп аталады.

Кінә принципіне сәйкес жауапкершілік, құқық бұзушының кінәсінің азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу үшін қажетті шарты ретінде болуын көздейді, ал келтіру принципіне сәйкес — азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктеу шарты ретінде кінәнің болуы қажет емес. Сонымен қатар, кінә принципі мен келтіру принципіне сәйкес жауапкершілік қолдану үшін оларды біріктіретін, объективтік жағына жататын жағдайлар: борышкердің, құқыққа қайшы қылығы және осы қылық пен құқықбұзу арасындағы себептік-салдарлық байланыс болуы тиіс.

ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес кінә принципі құқық бұзшыға жауапкершілік жүктеу үшін басты принцип болып табылады, бірақ заңнамада немесе шартта келтіру принципімен де жауапкершілік белгілеу жолы қарастырылған.

Мысалы, АҚ 359-б.1-т. сәйкес, борышкер, егер кінәсі болса, міндеттеменің бұзылғаны үшін жалпы ереже бойынша жауап береді. Борышкердің

міндеттемені бұзғандық үшін жауапкершілікті кінәсіз, тек құқықбұзу фактысының негізінде ғана белгілеу заңнамада немесе шартта кезделуі мүмкін. Яғни, жалпы ереже бойынша, егер заңнама нормаларында немесе шарт талаптарында өзгеше айтылмаса, құқық бұзушының құрамының қажетті шарты кінә болып табылады. Егер заңнама нормаларында кінәнің болуын жауапкершіліктің міндетті талаптарының бірі деп қарайтын императивтік ереже болмаса, шарт жағдайларымен кінәсіз жауапкершілік белгілеуге болады.

Мысалы, АҚ 359-б. 2-тармағына сәйкес, кәсіпкердің өзінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты жүзеге асыратын міндеттемелері бойынша жауапкершілігі үшін келтіру принципі көзделген.

Мұндай тұлғалардың мұндай міндеттемелер бойынша жауаптылығы, жалпы ереже бойынша, кінәсіз жүктеледі. Ал мұндай субъектінің кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес міндеттемелері бойынша 359-баптың кінә негізінде борышкердің жауапкершілігін белгілейтін 1-тарағының жалпы ережесі қолданылады.

Жауапкершілік мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар жағдайлардың бірі, АҚ-ның 365-бабына сәйкес, борышқордың мерзімді өткізіп алуы саналады. Міндеттеменің орындалу мерзімін өткізіп алған борышқор несие берушінің алдында мерзімді өткізіп алу арқылы келтірілген залал үшін және мерзімді өткізіп алу кезінде туындаған кездейсоқтықтан орындай алмауының салдары үшін жауап береді. Егер борышқордың мерзімді өткізіп алу салдарынан міндеттемені орындау несие беруші үшін керексіз болып қалса, ол міндеттемені орындауды қабылдаудан бас тартып, залалды өтеуді талап ете алады. Несие берушінің мерзімді өткізіп алуы себепті міндеттеме әзірше орындала алмайтын болса, борышқор мерзімді өткізіп алушы болмайды.

### **3. Міндеттемені бұзғандық үшін жауапкершіліктен босатудың негіздері**

Құқық бұзушыға жауапкершілік жүктеу үшін қажетті жағдайлардың белгілі бір тізбесі болуы мүмкін.

Борышкерді міндеттемені орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатудың басты негізі құқықбұзушылық құрамының болмауы деп саналады, яғни жауапкершілікке тарту үшін қажетті шарттардың біреуінің болмауы. Мысалы, егер құқықбұзушылық құрамына кінә кірсе (кінә принципіне негізделген жауапкершілік бойынша), онда

субъективтік азаматтық құқықты бұзған адамның кінәсінің болмауы, оны сөзсіз жауаптылықтан босатады.

Егер құқық бұзушылық құрамына шығын сияқты шарттар кіретін болса, онда оның болмауы да құқық бұзушыны бұзғандық үшін көзделген жауапкершіліктен босатуға негіз болады.

Міндеттемені орындаудың мүмкін еместігі міндетті тұлғаны міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатудың жанама негізі болып табылады. Міндеттемені орындаудың мүмкін еместігі міндеттемені орындамағандық үшін жауаптылықтан босатудың негізі деп танылуы мүмкін, егер бұл мүмкін еместік борышкер жауап бермейтін мән-жайлардан туындаса: кінә принципіне негізделген жауапкершілікте — кінә болмаса, ал келтіру принципіне негізделген жауапкершілікте - міндеттемені орындамағандық үшін оның жауапкершілігін болдырмайтын мән-жайлар болса ғана. Орындаудың мүмкін еместігі жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде, АҚ 374-бабында көзделген міндеттемені тоқтатуға негіз болатын орындаудың мүмкін емесімен тікелей байланысты. Сондықтан, міндеттемені орындаудың мүмкін еместігі ол міндеттеменің тоқтатуына негіз болған жағдайда ғана жауапкершіліктен босатуға негіз бола алады. Міндеттемені орындаудың мүмкін еместігі оны тоқтатудың негізі ретінде ақша міндеттемелеріне таралмайтындықтан, ол ақша міндеттемелері бойынша жауаптылықтан босатудың негізі бола алмайды.

Міндеттемені тиісінше орындаудың мүмкін еместігі туындаған жағдайда борышкер, АҚ-ның 349-бабының 1-тармағына сәйкес, несие берушіні тез хабардар етуге тиіс, себебі мүмкін еместік ол жайында несие беруші хабарланған кезден бастап ғана жауапкершіліктен босатудың негізі деп танылады. Олай болмаған жағдайда борышкерге тиісінше орындау мүмкін еместік туындаған кез бен ол несие берушіге хабар берген немесе ондай мүмкіндік еместікті несие беруші білген (білуге тиіс болған) уақыт аралығындағы кезең үшін жауапкершілік жүктеледі.

АҚ-ның 349-бабының 2-тармағына сәйкес борышкер несие берушінің талабы бойынша жауапқа тартылады. Талап қою мерзімін не құқық бұзушыны жауапқа тарту жөніндегі талаптарды мәлімдеудің нақты жол кесу мерзімдерін ескерсек (мысалы, кепілдік мерзімі белгіліенген тауарларды сатқандағы кепілдік мерзімі, кепілдік бойынша жұмыс

сапасының мердігерлік мерзімі), несие берушінің талап қою мерзімі шегінде не жауаптылыққа тарту жөнінде талап қоюдың белгіленген мерзімі шегінде талап мәлімдемеуі де құқықбұзушыны жауапкершіліктен босатудың негізі болып табылады.

Талап қою мерзімінің немесе борышкерді жауапқа тартудың жол кесу мерзімінің өтуі материалдық мәнде алғанда азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бірден тоқтауына әкеп соқпайды. Борышкер өзінің заңдық жауаптылығынан туындайтын міндеттемені көрсетілген мерзімдер өткен күннің өзінде ықтиярымен орындауға құқылы. Сонымен қатар, көрсетінген мерзімдердің өтуі міндеттеменің орындалуын мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етудің тоқтауына әкеледі (талап қою құқығы тоқтайды), ал борышкер, талап қою мерзімінің өткендігі туралы немесе жауапкершілікке тартудың жол кесу мерзімінің өткендігі туралы мәлімдеп, міндеттеме бұзғандығы үшін жауапкершіліктен босанады. Азаматтық құқықтың азаматтық құқықтарды сот арқыны қорғаудың тәртiптерi туралы бас принципiн ескерсек құқықбұзушыны сот арқылы мәжбүрлеу және мәжбүрлеп сотқа тарту құқығынан несие берушіні айыру, құқық- бұзушының көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін жауапкершілікті ықтиярымен өз мойнына алуынан басқа реттерде оны жауаптылықтан босатады.

Борышкерді кінә принципіне де, келтіру принципіне де негізделген, міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан толық немесе ішінара босатудың жалпы негізі — **несие берушінің міндеттемені бұзудағы кінәсі (қастандық ойы немесе абайламауы)**. Несие берушінің кінәсі әртүрлі мән-жайларда көрініс табуы мүмкін. Бұл несие берушінің шарттың кейбір талаптарын немесе өзгедей шарттан тыс міндеттемелердің ережелерін бұзудағы кінәсі болуы мүмкін, мысалы, жеткізу шарты бойынша көлік ұйымынан тауар қабылдау ережесін сатып алушының бұзуы, құрылыс мердігерлігі шартының объектісін кепілдік мерзім бойына тапсырыс берушінің дұрыс пайдаланбауы, және т.б. Бұл ретте, борышкердің міндеттемені несие берушінің кінәсінен орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін азайтудың немесе болдырмаудың негізіне несие берушінің міндеттеменің бұзылуына септігін тигізген кінәлі (қастандық оймен немесе абайламай) әрекеті де, оның борышкер жауапкершілігін азайтудағы әрекетсіздігі де (ақылға қонымды шаралар қолданбауы) алынады.

Несие берушінің борышкердің тиісінше орындағанын өз мерзімінде қабылдамауы да, АҚ-ның 366-бабына сәйкес, борышкерді кінә принципіне де, келтіру принципіне де негізделген жауаптылықтан босатуға негіз болып табылады. Несие берушінің мерзімді өткізіп алғандығынан туындаған салдарлар үшін жауаптылықтан борышкер сол мерзім өте бастаған кезден бастап босатынады.

**Жауапкершіліктің жекелеген түрлері бойынша жауапкершіліктен босатудың негіздері.** Кінә принципіне негізделген жауапкершіліктің түрлері үшін жауапкершіліктен босатудың басты негізі — міндетті адамның әрекеттерінде, тіптен міндеттемелік субъективтік азаматтық құқық бұзылса да, **кінәнің болмауы.** Айта кететін тағы бір жағдай - АҚ-ның 359-бабының 1-тармағына сәйкес жалпы диспозитивтік ереже көзделген, бұл ережеде міндеттеме бұзылған жағдайда борышкердің кінәсі бар деп болжамдалады, ал кінәсінің жоқтығын борышкердің дәлелдеуі керек делінген. Заңнамада (мысалы, жеке мүліктік емес құқықтарды бұзғандық үшін, сондай-ақ кінә принципіне негізделген жауапкершілік бойынша кері презумпция — борышкердің кінәсіздік презумпциясы көзделген, ал кінәні дәлелдеу ауыртпалығы жәбірленушіге жүктелген) немесе шартта өзгеше көзделген. Борышкердің міндеттемені тиісінше орындауға, оның ішінде міндеттемені бұзылуын болдырмауға қатысты, өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауы борышкерді кінәден айырады. Сондықтан, міндеттемені тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын борышкер дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады және кінә принципіне негізделген жауапкершіліктен босатылады.

**Келтіру принципіне негізделген жауапкершілік үшін міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамағандық үшін жауапкершіліктен борышкерді босатудың басты негізі жойқын күш болып табылады.** Міндеттеме тараптары міндеттемені орындаудың қалыпты дамуында және азаматтық айналым жағдайында қажетті қамқорлық пен қараушылық деңгейінде алдын ала көруі мүмкін емес және көруге тиіс емес, тараптардың санасы мен еркіне, жауапты адамдардың қызметімен байланысты емес объективтік кездейсоқ оқиға жойқын күш деп саналады. Дүлей күш, ол мұндай жағдайлардағы төтенше және тойтарыс бермейтін оқиға, әдетте төтеншелік, оның ауқымдылығынан, қарқынынан, ерекшелігінен туындауы тиіс. Кебіне дүлей күшке табиғи сипаттағы оқиғалар, мысалы, су тасқыны, дауыл, жер селкінісі, жанартау атқылауы және т.б. жатады. Сонымен қатар, өзге де тосын оқиғалар мен олардың тікелей салдарлары дүлей күш деп танылуы мүмкін, мысалы: техногендік сипаттағы апаттар (ядролық

объектідегі немесе өзге объектідегі апат, ғарыш объектісіндегі апат және т.б.), соғыс қимылдары және т.б. Сонымен қатар, не жауапты адамның өзінің қызметімен байланысты, не жосықты кәсіпкерлік тәуекел ұғымына жататын мән-жайлар: міндеттемелерді орындауға қажетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтің рынокта болмауы, борышкердің контрагенттерінің өз міндеттерін бұзуы, міндеттемені орындауы үшін борышкерде ақша қаражатының болмауы және т.б. дүлей күш деп танылуға тиіс емес.

Егер дүлей күш пен борышкердің міндеттемені орындамауы немесе дұрыс орындамауы арасында себептік байланыс болса ғана, дүлей күш, келтіру принципіне негізделген жауапкершіліктен босатудың негізі болып саналады. Ондай себептік байланыс болмаса борышкердің жауаптылықтан босауы мүмкін емес. Жалпы ереже бойынша, дүлей күш пен міндеттемені орындамаумен немесе тиісінше орындамаумен арадағы себептік байланысты дәлелдеу ауыртпалығы борышкерге жүктеледі.

Егер заңда жәбірленушінің қастандық ниеті ғана жауапкершілікті болдырмайды не дүлей күш әсер еткенде де жауапкершілік (сөзсіз жауапкершілік) болады деп тікелей көрсетілсе ғана дүлей күш келтіру принципіне негізделген жауапкершіліктен босатпайды. Яғни, келтіру принципіне негізделген жауапкершіліктің кейбір түрлерінде дүлей күш борышкерді міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Келтіру принципіне негізделген жауапкершіліктің кейбір түрлері үшін заң, актілерінде жауапкершіліктен босатудың дүлей күшке қарағанда басқа, атап айтқанда жәбірленушінің қастандық ниеті сияқты қосымша негіздері көзделуі мүмкін.

Жалпы ереже бойынша, дүлей күш, АҚ-ның 359-бабының 2-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған адамды кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруда жауаптылықтан босатады. Шартта немесе заңнамада өзгеше кезделуі мүмкін. Заңнамада немесе шартта, борышкерді кәсіпкерлік қызмет барысында өзі жүзеге асыратын міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен босататын, дүлей күшке қосымша өзгедей да негіздер көзделуі мүмкін.

#### **4. Міндеттемені тоқтатудың түсінігі және негіздері**

Міндеттемені тоқтату оның мазмұнын құрайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тоқтауын білдіреді. Тоқтатылу кезінде міндеттеме өз әрекет етуін тоқтатады және оның қатысушыларын бұрын содан шығатын құқықтары мен міндеттер байланыстырмайды. Бұл несие

берушінің сол міндеттемеге сүйене отырып борышқорға қандай да бір талаптар қоя алмайтынын; тараптардың ол бойынша жауапкершілікті көтеруге міндетті еместігін; олардың өз құқықтары мен міндеттерін белгіленген тәртіпте үшінші тұлғаларға бере алмайтындығын және тағы сондай – сондай білдіреді.

**Міндеттемелерді тоқтату негіздері.** Міндеттемелердің тоқтатылуы үшін бірден бір заңдық фактілердің – міндетгерді тоқтату негіздерінің орын алуы қажет. Негіздердің тізімі Азаматтық кодекстің 367 бабының 1 тармағында берілген.

Міндеттерді тоқтату негіздерін 2 топқа бөлуге болады: Бірінші тараптардың еркі бойынша орын алатын негіздер (тиісінше орындау, бас тарту төлемі, есепке жатқызу, новация, борышты кешіру).

Екінші тараптардың еркіне байланыссыз міндеттемені тоқтататын негіздер (борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуы, міндеттемені орындауға мүмкін болмауы, мемлекеттік органның құжаты шығарылуы, шикиматтың қайтыс болуы, заңды тұлғаның таратылуы).

Міндеттемені тараптардың біреуінің талабы бойынша тоқтатуға тек заңдарда көзделген жағдайларда ғана топ беріледі (АК 367б. 2т).

Заңдар мен шартта міндеттемені тоқтатудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін. (АК 367б. 3т). Мысалы, бөлінген және бөлініп шығарылған кезде қайта құрылатын заңды тұлғаның несие берушісі осы заңды тұлға борышқоры болып табылатын міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және келтірілген залалдың орны толтырылуын талап етуге құқылы (АК 48б. 2т). АҚ-ның жарияланған жарғылық капиталы азайған кезде АҚ-ның несие берушілері тиісті міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе орындалуын талап етуге құқылы (“Акционерлік қоғамдар туралы заң” –37 бап).

## **5. Міндеттемелерді тоқтатудың жекелеген әдістері**

Міндеттемені орындау арқылы тоқтату (АК 368б.) Міндеттеме тиісті дәрежеде орындалғанда ғана тоқтатылады. (АК 272б.). Міндеттеме тиісті емес түрде орындалған ретте міндеттеме тоқтатылмайды, керісінше қосымша міндеттер пайда болады. (айып төлеу, шығындарды өтеу және т.с.с. бойынша).

Несие берушінің кінәсі бойынша борышқордың орындауы тұрып қалса, біріншіден мерзімді өткізіп алғандығы үшін борышқорды

жауаптылықтан босатады, екіншіден несие берушінің мерзімді өткізіп алғандығына соқтырады. (АК 366 бап). Егер міндеттеме жазбаша нысанда белгіленсе, онда оны орындау да жазбаша ресімделуі керек.

Бас тарту төлемі (АК 369 бап). Бұл міндеттемені тоқтатудың жаңа негізі болып табылады. Бас тарту төлемінің мәні сол, мұнда міндеттемені орындау міндеттеме пәнінің орнына басқа мүлік немесе ақша беру жолымен жүргізіледі. Сондай-ақ жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету ұсынылуы мүмкін.

Заң аналогиясы бойынша жаңғыртылудағы сияқты (АК 372б.) бас тарту төлемін азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі және алимент төлеу жөніндегі міндеттемелерге қатысты қолдануға жол берілмейді.

Бас тарту төлемі ретінде белгіленген ақшалай соманы төлеу борышқорды міндеттемені заттай орындаудан босатады. (АК 354б. 3т) Бас тарту төлемінің мөлшерін, мерзімдерін және тәртібін тараптар белгілейді. (АК 369)

**Міндеттемені есепке жатқызу арқылы тоқтату (АК 370б.)** Міндеттемені мерзімі жеткен, не мерзімі көрсетілмеген немесе мерзімі талап ету кезімен белгіленген біртектес қарсы талапты есепке жатқызу арқылы толық немесе бөлік-бөлігімен тоқтатылады. Есепке жатқызуға бір тараптың келісімі жеткілікті. (АК 370б. 1т.)

Есепке жатқызу үшін үш жағдайды сақтау қажет:

1. талаптардың қарсы болуы, яғни, бір міндеттемедегі несие беруші басқа міндеттемеде борышқор болуы үшін, тараптардың бір уақытта екі міндеттемеде қатысуы;

2. талаптар біртектес болуы қажет. Тәжірибеде есепке жатқызу әдетте ақшалай талаптарға қатысты жүргізіледі. Егер де заттардың есепке жатқызылуы туралы мәселе болса, онда ол біртектес бірдей сапада болуы керек (ұнға ұн, алмаға алма және тағы басқа)

1. талаптардың екеуі бойынша да орындау мерзімі орын алуы қажет. (мысалы, қарызға берілген ақшаның екі айлық мерзімінің аяқталуы) не оның мүлдем белгіленбеуі (қайтару мерзімін анықтамай ақшаны жай қарызға беруі), не талап ету сәтімен анықталуы қажет (ақша қарызға бірінші талап ету шартымен берілуі).



Соңғы жағдайда орындаудың ақылға қонымды мерзімі және 7 күндік мерзім қолданылмайды, өйткені орындау іс жүзінде жүргізілмейді.

Есепке жатқызуға бір тараптың өтініші жеткілікті (АК 370б.)

АК 370 бабының 2-ші тармағында талаптарды есепке жатқызуға жол берілмейтін жағдайларды белгілейді:

1. егер тараптарының бірінің өтініші бойынша талапқа талап мерзімі қолданылса және ол мерзім өтіп кетсе;
2. азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы;
3. алимент өндіріп алу туралы;
4. өмір бойы асырау туралы талаптарды;
5. заңдарда немесе шартта көзделген басқа да жағдайларды есепке жатқызуға жол берілмейді.

**Борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуы** (АК 371 бап) себепті міндеттеме тоқтатылады. Борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуы, мысалы, АҚ-ның акционерден оның акцияларын оларды өтеу және жарғылық капиталды азайту мақсатында сатып алу; борышқордың несие беруден қарыз құжатын сатып алу (вексель), арендатор аренда берушіден арендаға алынған мүлікті сатып алу және т.с.с.

Несие беруші мен борышқордың бір тұлға болуы себепті азаматтар арасында міндеттеменің тоқтатылуы, мүліктің мұрагерлік бойынша борышқордан несие берушіге ауысуы кезінде және керісінше болған кезде болады.

Занды тұлғалар арасындағы қатынастарда аталған себеп бойынша міндеттеменің тоқтатылуы бірігуі жолымен және біреуісіне басқасының қосылуы жолымен занды тұлғаның қайта құрылуы кезінде болуы мүмкін (АК 45б.)

Егер борышқор мен несие берушінің соған сәйкес келуін туындатқан мән жайлар жойылса, бұрынғы міндеттеме тек азаматтар арасындағы қатынастарда қалпына келтіріледі. (мысалы, борышқор өлді деп жарияланған несие берушінің мүлкін мұрагерлікке алады, ал ол іс жүзінде тірі болуы).

Бұрын біріккен занды тұлғалардың бөлінуі кезінде бұрынғы міндеттеме қалпына келтірілмейді, бұрынғы міндеттемелердің тағдыры жасалған бөлу балансы бойынша жаңадан анықталады.

**Жаңғыртылу-новация** (АК 372б.). Новация – бұл сол тұлғалар арасында бір міндеттемені басқасымен ауыстыру туралы келісім. (мысалы, сатып алу - сату шарты бойынша ақшаны төлеу туралы міндеттеме новация жолымен, сол тұлғалар арасында заемдік міндеттемемен ауыстырылуы мүмкін. Бұл ретте жаңа міндеттемеге қатысты нормалар әрекет етеді.)

Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі және алимент төлеу жөніндегі міндеттерге қатысты жаңғыртылуға жол берілмейді.

Новация мен бас тарту төлемінің бірден-бір ортақ жақтарының бар екенін ескеру керек. Бірақ олардың арасында айырмашылық бар: бас тарту төлемінің жалғыз мақсаты міндеттемені және тараптар арасындағы кейінгі бүкіл қатынастарды тоқтату болып табылады. Новацияның мақсаты бірінші кезекте міндеттемені тоқтату емес, жаңасын қалыптастыру болып табылады.

**Борышты кешіру.** АҚ 373 бабына сәйкес «несие беруші борышқорды мойнына алған міндеттерінен босатқанда, егер бұл несие берушінің мүлкіне қатысты басқа адамдардың құқықтарын бұзбайтын болса, міндеттеме тоқтатылады».

Борышты кешіру несие берушімен жасалатын бір жақты мәміле ретінде қарастырылады (АҚ 154б.).

Несие беруші, егер бұл үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзса және оны үшінші тұлға дәлелдей алса борышты кешіруге құқығы жоқ.

Кейде борышты кешіру борышқордың мүдделерін бұзуы мүмкін, мысалы қарсы орындау міндеттерінде. Сондықтан борышқор борышты кешіруден бас тартуы немесе қарсы міндеттемені орындауды талап етуі мүмкін. Мысалы телевизорды сатып алу-сату шарты бойынша сатушы борышқорды ақшаны төлеуден босатады, бұл оның телевизорды сатып алуға беру міндеттерінен босатпайды.

Әйтпесе бұл жеткілікті негіздерсіз міндеттемені орындаудан бар жақты бас тарту болады.

Орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы (АҚ 374б.). АҚ 374б. сәйкес, егер мүмкіндіктің болмауы борышқор тауар бермейтін жағдайлардан туындаса, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеме тоқтатылады. Кінәнің жоқтығының дәлелдеу міндеттемені бұзған тарапқа жүктеледі.

Ақшалай міндеттерге міндеттеменің тоқтатылу негізі ретінде орындаудың мүмкін еместігі қолданылмайды (АҚ 374б.).

Орындаудың мүмкін еместігі жеке дара анықталған заттың жойылуы, азаматтың өкімі, өкілетті мемлекеттік органның тыйым салуы және тағы басқа болуы мүмкін. Экономикалық қиындылықтар жағдайында орындаудың мүмкін емес деп тануға болмайды.

Міндеттеменің орындаудың мүмкін еместігі жағдайында шарт тараптардың бірінің өтініші бойынша өзгертілуі және тоқтатылуы мүмкін (АҚ 404б.). Тарап міндеттемені орындай алмайтын ретте, бір тараптың екінші тараптан орындауды талап етуге құқығы жоқ. Бұл орайда міндеттемені орындаған әрбір тарап орындалғанды қайтаруды талап етуге құқылы.

Борышкор несие берушінің әрекеттері кінәсінен, міндеттемені орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда несие берушіні одан міндеттеме бойынша атқарылғанының қайтаруды талап етуге құқығы жоқ (АК 374 т.).

Мемлекеттік органның құжаты негізінде міндеттердің тоқтатылуы (АК 375б.). АК 275 бабына сәйкес егер жергілікті өкілді және атқарушы органы қоса алғанда, мемлекеттік органдардың құжат (жария құжат) шығаруы салдарынан міндеттемені толық немесе ішінара орындау мүмкін болмаса, міндеттеме толық немесе тиісті бөлігінде тоқтатылады. Осының салдарынан залал шеккен тараптар АК-ке сәйкес олардың орнын толтыруды талап етуге құқылы (мысалы бірде-бір бағыттарға немесе жерлерге тауарлар апаруға тыйым салу, арест имуществы және тағы басқа). Өкілеттік шегінде және заңды шығарылған актілермен келтірілген шығындар өтелмейді. Міндеттеменің тоқтатылуына негіз болған жария құжат белгіленген тәртіп бойынша жарамсыз деп танылса, егер тараптардың келісімімен немесе міндеттеменің мәнінен өлеше жағдай туындамайтын болса және міндеттеменің орындалуына несие берушінің мүдделілігі жоғалмаса, міндеттеме қайтадан қалпына келтіріледі (АК 375б.).

Азаматтың қайтыс болуымен міндеттеменің тоқтатылуы АК 376-бабында белгіленгендей егер міндеттемені орындау борышкордың жеке өзінің қатысуынсыз жүргізілмейтін болса немесе міндеттеме басқаша түрде борышкордың жеке басымен ажырамастай байланыста болса, борышкордың қайтыс болуымен міндеттеме тоқтатылады.

Егер міндеттемені орындау несие берушінің жеке өзіне арналса, не міндеттеме басқаша түрде борышкордың жеке басымен ажырамастай байланысты болса, несие берушінің қайтыс болуымен міндеттеме тоқтатылады. Бұл ережелер азаматты өлді деп жариялаған кезде де қолданылуы керек.

Борышкордың немесе несие берушінің қайтыс болуымен тек жеке сипаттағы міндеттер тоқтатылады (мысалы, жазушының қайтыс болуымен авторлық шарт тоқтатылады, сенім білдірушінің немесе сенім білдірген өкілдің қайтыс болуымен тапсырма шартты тоқтатылады және тағы басқа). Бұл ережеден кейбір ерекшеліктер бар. Мәселен, комиссия шарты бойынша қатынастарды комитент қайтыс болған жағдайда комиссиянер комитенттің құқықтық мирәқорларынан немесе өкілдерінен тиісті нұсқаулар түспейінше, оған берілген тапсырманы орындауға міндетті (АК 882б.2т.).

Борыштардың немесе несие берушінің жеке басымен байланысты емес қалған жағдайларда, олардың бірінің қайтыс болуы нәтижесінде міндеттеме тоқтатылмайды, мұрагерлік бойынша құқықтар мен міндеттердің ауысуы болады.

Азаматтың қайтыс болуымен міндеттеменің тоқтатылуы кезіндегі құқықтық салдарлар, егер міндеттеме ішінара орындалған болса, негізсіз алынған немесе сақталған мүлікті қайтару міндеттері туралы нормаларға сәйкес анықталады.

**Занды тұлғалардың таратылуымен міндеттеменің тоқтатылуы** АҚЗ77 бабына сәйкес таратылатын заңды тұлғаның міндеттемесін орындау зандар мен басқа заңды тұлғаға (азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келуі салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша) жүктелген жағдайлардан басқа реттерде, міндеттеме заңды тұлға (борышқор немесе несие беруші) таратылғанда тоқтатылады.

Занды тұлғаның тоқтатылуы таратылу және қайта құрылу нысанында жүргізіледі. Міндеттеме тек таратылу кезінде тоқтатылады. Қайта құрылу кезінде ол құқықтық мирасқорларға ауысады. (АҚ 46б.)

Занды тұлғаны тарату және кредиторлармен есеп асырысу тәртібі АҚ 50-5 баптарымен, банкроттық туралы заңмен анықталады.

Таратылатын заңды тұлғаның мүлкінің жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмаған несие берушілердің талаптары, сондай-ақ тарату балансын бекіткенге дейін мәлімделмеген талаптар өтелген деп саналады. Өтелген болып сондай-ақ тарату комиссиясымен танылмаған талаптар және сот шешімімен несие берушіге қанағаттандырудан бас тартылған талаптар саналады (АҚ 51б. 6т.).

Жергілікті өкілді және атқарушы органдарды қоса алғанда мемлекеттік органдардың қызметін тоқтату немесе оларды қайта құру осы органда борышқор болған міндеттерді тоқтатуға әкеліп соқтырмайды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік ұғымы
2. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері
3. Шығындарды өтеу азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы шарасы
4. Іс жүзіндегі зиян және алынбаған табыс
5. Азаматтық-құқықтағы шығындарды өтеу көлемі

6. Мүліктік зиянды өтеу мен моральдық зиянның орнын толтыру
5. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздері мен шарттары
2. Міндеттемені орындаумен тоқтату
3. Бас тарту төлемі
4. Міндеттемені есепке жатқызумен тоқтату
5. Борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы
6. Жаңғыртылуға байланысты міндеттеменің тоқтатылуы
7. Борышты кешіру
8. Міндеттемені орындау мүмкін болмауға байланысты тоқтатылуы
9. Міндеттеменің мемлекет органының құжаты негізінде тоқтатылуы
10. Азаматтың қайтыс болуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы
11. Заңды тұлғаның жойылуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы

## Есеп

1. Азамат Смағұлов “Спортлото билетін уақытында толтырып, арнайы жәшікке салады. Сол билетке ұтыс түседі. “Спортлотоның аймақтық басқармасы билеттің поштаға кеш өткізілгеніне, соның салдарынан ол ұтыс көлемін есептеу кезінде есепке алынбағанына сілтеп, Смағұловқа ұтысты төлеп беруден бас тартады. Бұл оқиғаны тергеу кезінде, “Спортлото басқармасына билеттердің жеткізілуі пошта бөлімі қызметкерлерінің селқостығынан туғаны анықталады. Сот шешімі бойынша ұтыс сомасы Смағұловтың пайдасына төленеді. “Спортлотоның аймақтық басқармасы көрсетілген соманы байланыс органдарының өтеуі жөнінде талап қояды. Төреші сотта істі қарастыру кезінде, “Спортлото басқармасына залал келтірілген бе деген сұрақ туады.

Осы дауды қалай шешуге болады?

2. Балық консервілеу зауыты мен сауда үйі арасында тауар жеткізілімі шарты жасалады. Алайда балық консервілеу зауыты көктемнің екі айы бойы сауда үйіне балық консервісін сату міндетін орындамайды, соған байланысты сатып алушының талап арызы бойынша айып төлеуге тартылады.

Сот мәжілісінде зауыт өзінің өнім беруші балық аулайтын шаруашылықтың теңіздегі дауылдың себебінен ауа райынан балық аулауды ұзақ уақытқа тоқтатып қоюға мәжбүр болып балық өнімдерін жеткізе алмағанын баяндайды. Сауда үйі бұл дәйектердің зауыт пен серіктестік арасында ғана мәні бар, ал сауда үйінің зауытқа қойған талабына қатыссыз деген оймен сауда үйі жауапкер дәйегін сенімсіз деп таниды.

Бұл мәселе бойынша сіздің пікіріңіз қандай?

3. “МИРАС сауда фирмасы осы жылдың ақпан айында жасалған саудасаттық шарттың орындалуы үшін Фуатовқа тұрмыстық электр құрал береді. Құралдың жарамдылығының кепілдік мерзімі 6 ай. Сол жылдың

қараша айында Фуатова шартты бұзу, шығындарды төлету және моральдық зиянның орнын толықтыру жөнінде талап арызбен сотқа барады, ол сатылған құралдың сапасыз жұмысына сілтеу жасайды. Фирма талапқа қарсы болады және талаптан бас тартуды сұрау негіздерінің ішінде сату-сатып алу шартының аяқталғанын, соған байланысты арызданушының сауда-саттық шартын бұзу жөніндегі талабы негізсіз екенін айтады.

Тараптар дәйектеріне талдау жасаңыз.

4. Банк акционерлік қоғамға несиені береді, оның қайтарылуы акционерлік қоғамның меншік құқығындағы ғимарат кепілдікке алынады. Несиені және оның проценттерін өз уақытында өтеуге мүмкіндігі болмай, акционерлік қоғам банкке несиені қайтару есебіне ғимараттың құнын несиенің тең сомасына қоса есептеп, ғимаратты сату жөнінде шарт жасасуды ұсынады. Банк ғимаратты сату шартына қол қоюға келісімін береді, бірақ банк заңгерін келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

1. Міндеттемелерді осылай өзгерту заңды ма?

2. Сауда-саттық шартына қол қойылса, ол бұрынғы берілген несиені бойынша міндеттеменің орындалуы болып санала ма?

3. Сату-сатып алу шартына қол қойылса, ол банктің кепіл құқығын соттан тыс жүзеге асыруы болып бағаланбайды ма?

Заңгер қандай жауап беруі тиіс?

## 15 тақырып. ШАРТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1. Шарттың ұғымы, мәні және мазмұны.

2. Шарттардың жекелеген түрлері.

3. Шартты жасасу және шартты өзгерту және бұзу негіздері.

### 1. Шарттың ұғымы, мәні және мазмұны.

Шарт - бұл екі немесе одан да көп тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі (АҚ 378-бап). Шарт - бұл екі немесе көп жақты мәміле, сондықтан шартқа АҚ-4 тарауында көзделген екі жақты және көп жақты мәмілелер туралы ережелер қолданылады. (378 б. 2- т.). Шарттан туындайтын міндеттемелерге, егер АҚ 22- тараудың ережелерінде және АҚ-тің шарттардың кейбір түрлері туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, міндеттемелер туралы жалпы ережелер қолданылады (379-б. 2- т.). Көпжақты шарттар, егер бұл осындай шарттардың көпжақтылық сипатына қарсы келмесе, шарт туралы жалпы ережелермен реттеледі.

Шарттың мәні: - шарт – азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздерінің, яғни заңды фактілердің бірі (АҚ 7 - бап); - жиі шарт ретінде жай заңды фактіні емес, тараптардың келісімінен туындайтын

құқықтық қатынастың өзі түсініледі; - шарттар бір субъектілерден басқаларына азаматтық құқықтық объектілердің қозғалысын туындатады(мүлікті беру,ақша төлеу, жұмыс орындау және т.б.); -шартпен құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің көлемі, міндеттемені орындау тәртібі мен талаптары, міндеттеіені орындалмағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылық анықталады; -шарттар азаматтық айналым қатысушылардың бір тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге шынайы қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Шарттарды жасаудың негізгі принципі – шарт еркіндігі (380-б.) Бұл келесі элементтерден тұрады: 1)Заң актілерінде немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық құқықтың субъектілері шарт жасасуға ерікті; 2)Тараптар заңдарда көзделген, сондай - ақ көзделмеген, бірақ оларға қайшы келмейтін шартты жасауға құқылы; 3)Тараптар заңдарда көзделген түрлі шарттардың элементтерін қамтитын шарт жасауға құқылы (аралас шарт); 4)Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған жағдайлардан басқа, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгіленеді.

Шарттың мазмұны ретінде сол бойынша тараптардың келісімге келген ережелері түсініледі. Шарттың мазмұны елеулі ережелерден, жай ережелерден және кездейсоқ ережелерден тұрады.

Шарт жасау үшін қажетті елеулі ережелер(393-бап) өзіне:-шарттың мәні туралы ережелерді; -заңдарда елеулі деп танылған ережелерді; - шарттардың сол түрі үшін қажетті ережелерді; - бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелерді қамтиды. Елеулі ереженің біреуі бойынша тараптар келісімінің болмауы кезінде шарт жасалмаған болып есептеледі.

Жай ережелер – бұл, егер тараптар өздерінің келісімдерімен өзгеше белгілімесе, диспозитивті нормалармен белгіленген ережелер, және олар шарт жасау сәтінде немесе өзге сәтте бірден әрекет етеді.

Кездейсоқ ережелер: -жай ережелерді өзгертеді немесе толықтырады; - заңды күшке оларды шарт мәтініне енгізген жағдайда ғана ие болады.

Егер шарт жасалғаннан кейін шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса да жасалған шарттың ережелері өз күшін сақтайды (бұған күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгіленген жағдайлар қосылмайды АҚ 383-б. 2-т).

Шарттың қолданылуы (АК 386-бап): 1)оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді; 2)тараптардың онда белгіленген міндеттемелердің орындауы аяқталып біткен кезге дейін қолданылады; 3)шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы шарттық міндеттемелердің тоқтатылуына соқтырмайды (бұл жөнінде заңда немесе шартта тікелей көрсетілген жағдайлардан басқа).

Шарттың нысаны - мәміле нысаны туралы ережелерге (АК 151-155баптар) сәйкес анықталады.

## 2. Шарттардың жекелеген түрлері.

Құқықтық қатынастың пайда болу уақыты бойынша: 1)Консенсуалды – шарт жасау үшін тараптардың барлық елеулі ережелері бойынша келісімінің болуы жеткілікті (сатып алу- сату, мердігерлік, тапсырма және т.б.); 2)Реалды - шарт жасау үшін, тараптардың келісімінен басқа, тағы шарт нысанасын беру қажет (заем, сақтау және т.б.).

Заңды бағытталуына байланысты (390-бап): 1)Негізгі шарт; 2)Алдын-ала жасалатын шарт, ол бойынша тараптар алдын-ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда болашақта негізгі шарт жасасуға міндеттенеді. Алдын ала жасалатын шарт: 1)негізгі шарт үшін заңдарда белгіленген нысанда, ал егер негізгі шарт нысаны белгіленбесе, жазбаша түрде жасалады; 2)негізгі шарттың елеулі ережелерін белгілеуге мүмкіндік беретін ережелерді қамтуы қажет; 3)тараптар негізгі шартты жасасуға міндеттенетін мерзімді қамтуы қажет. Егер мұндай мерзім белгіленбесе, онда негізгі шарт алдын ала шарт жасалған кезден бастап 1 жыл ішінде жасалуға тиіс; 4)негізгі шартты жасаудан жалтарған тарап, осы арқылы екінші тарапқа келтірілген залалды өтеуге міндетті.

Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің арақатынасы бойынша: 1)Бір жақты (біржақты міндеттеуші) - бір тарапта тек құқықтар, ал басқа тарапта тек міндеттер болады (мысалы, заем шарты); 2)Екі жақты (екі жақты міндеттеуші) - әрбір тарап құқықтар мен міндеттерге ие болады (мысалы, сатып алу-сату, айырбас, аренда және т.б.).

Шарт кімнің пайдасына жасалғандығына байланысты (391-б.): 1)Қатысушылардың пайдасына жасалған шарттар; 2)Үшінші жақтың пайдасына жасалған шарттар болып бөлінеді. Үшінші жақтың пайдасына жасалған шарттар кезінде:-борышқор міндеттемені несие берушіге емес, шартта көрсетілген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші тараққа орындап беруге міндетті; -борышқор өзінің несие берушіге қарсы қоя алатындай қарсылықтарын үшінші жақтың талаптарына қарсы қоюға құқылы; -егер заңдарда немесе



шартта өзгеше көзделмесе, үшінші жақ борышқорға шарт бойынша өз құқығын пайдалану ниетін білдірген кезден бастап тараптар өздері жасасқан шартты үшінші жақтың келісімінсіз бұза алмайды немесе өзгерте алмайды; -үшінші жақ шарт бойынша өзіне берілген құқықтан бас тартқан ретте несие беруші, егер заңдарға немесе шартқа қайшы келмесе, бұл құқықты пайдалана алады.

Қарсы қанағаттандыру болуына байланысты (384 бап): 1)Ақылы шарт, ол бойынша тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы немесе өзге қарсы қанағаттандыру алуы қажет; 2)Ақысыз шарт, ол бойынша бір тарап екінші тарапқа одан ақы немесе өзге қарсы қанағаттандыру алмай бір нәрсені беруге міндеттенеді.

Шартты жасау ерекшеліктері бойынша: 1)Өзара келісілген шарт – ережелері тараптардың екеуімен анықталады. 2)Қосылу шарты (389-б):

- шарт ережелері тараптардың бірімен формулаларда немесе өзге стандартты нысандарда анықталған;

- бұл ережелер басқа тараппен ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолымен қабылдануы мүмкін;

- шартқа қосылған тарап ,егер қосылу шарты заңдарға қайшы келмегенімен,бірақ ол: а)бұл тарапты осындай шарттар бойынша берілетін құқықтардан айыратын болса; б)міндеттемені бұзғаны үшін басқа тараптың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін болса; қосылған тарап үшін онда анық қиындық келтіретін, шарттың талаптарын белгілеуге қатысатын мүмкіндігі болып тұрғанда өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып қабылдамай-ақ қоятын талаптары болса, шартқа қосылған тарап шартты бұзуды талап етуге құқылы.

Егер өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруына байланысты шартқа қосылған тарап шарттың қандай жағдайларда жасалғанын білсе немесе білуге тиіс болса, онда жоғарыда көзделген мән-жайлар болған кезде, оның шартты бұзу туралы қойған талабы қанағаттандырылуға жатпайды.

Оған жүгінген әркімге қатысты жүзеге асырылуы тиіс, коммерциялық ұйымның қызмет етуінің ерекшеліктері бойынша (387-б) жария шарт ажыратылады:

- жария шарттың міндетті қатысушысы коммерциялық ұйым болып табылады;

- шарттың нысанасы болып коммерциялық ұйымның оған жүгінген әркімге қатысты тауарларды сату ,жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асыру саналады;

- шарттың ережелері тұтынушылардың бәріне бірдей болып белгіленуі тиіс (тұлғалардың кейбір категориялары үшін жеңілдіктерді қоспағанда);

- заң құжаттарында көзделген жағдайларда ҚР Үкіметі жария шарттарды жасау және орындау кезінде тараптар үшін міндетті ережелер (үлгі шарттар, ережелер және т.б.) шығаруы мүмкін;

- коммерциялық ұйымның тұтынушыға тиісті тауарларды беру, қызмет көрсету және тиісті жұмыстарды атқаруға мүмкіндіктері бола тұра бұл шартты жасаудан бас тартуына жол берілмейді,

- коммерциялық ұйым жария шарт жасаудан негізсіз жалтарған жағдайда: а) екінші тарап шарт жасауға мәжбүр ету туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы; б) шарт жасаудан негізсіз жалтарған тарап екінші тарапқа шарт жасаудан бас тарту тұғызған залалдың орнын толтыруға тиіс.

### 3. Шартты жасасу және шартты өзгерту және бұзу негіздері.

Тараптардың арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептелінеді. Шарт, тараптардың бірінің оферта (шарт жасауға ұсыныс) жіберуі және басқа тараптың оны акцептеуі (ұсынысты қабылдауы) арқылы жасалады. Оферта жіберген тарап акцепті алған сәттен бастап шарт жасалды деп есептелінеді (АК 397-бап)

Офертаға қойылатын талаптар (АК 395-бап). Оферта: 1) Бір немесе бірнеше нақты тұлғаларға бағытталуы қажет; 2) Жеткілікті дәрежеде айқын болуы қажет; 3) Ұсынысты жасаған тұлғаның адресатпен шартты жасау ниетін көрсетуі қажет; 4) Шарттың елеулі ережелерін қамтуы қажет.

Жария оферта-шарттың барлық елеулі ережелерін қамтитын ұсыныс жасаушы тұлғаның кез келген хабар алушымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасасу еркі көрінетін ұсыныс. Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасасуға шақыру ретінде қаралады.

Оферта оны жіберген тұлғаны ол алушының қолына тигеннен бастап байланысты етіп қояды. Егер офертаны қайтарып алу туралы хабар офертаның өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, оферта алынбаған болып есептеледі.

Офертаны қойған тарап оны алушы алған сәттен және акцепт үшін белгіленген мерзім өткенге дейінгі кезеңде өз ұсынысын кері қайтарып ала алмайды.

Акцепт – бұл оферта жолданған тараптың оны толығымен және бұлтарыссыз қабылдауы туралы жауабы (АК 396-бап).

Жауап қайтармау акцепт болып табылмайды (егер заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса).

- Офертаны алған жақтың оның акцепті үшін белгіленген мерзімде онда көрсетілген шарт ережелерін орындау жөнінде жасаған әрекеттері акцепт деп есептеледі (егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе офертада көрсетілмесе)

Акцепті қайтарып алу туралы хабар оферта жіберген жаққа акцептің өзінен бұрын немесе онымен қатар келуі қажет.

Акцепті оны алушы алғаннан кейін қайтарып алу шарттық міндеттемелерді орындаудан бір жақты бас тарту болып танылады, бұған, заңмен немесе шартпен белгіленген жағдайлардан басқа, жол берілмейді.

Егер оферта жіберген тарап екінші тарапқа акцепті кеш алғаны туралы дереу хабарламаса, акцепт туралы мерзімінде жіберген хабар кешіктіріліп алынған жағдайда, акцепт кешіктірілген болып есептелмейді. Егер оферта жіберген тарап екінші тарапқа оның кешіктіріліп алынған акцепті қабылданғаны туралы дереу хабарласа, шарт жасалған болып есептелінеді (Кешіктіріп алынған акцепт). Офертада ұсынылғаннан өзге жағдайларда шарт жасасуға келіскендік туралы жауап акцепт болып табылмайды, ол офертадан бас тарту және сонымен бірге жаңа оферта деп танылады (Өзге жағдайларда акцепт).

Заң шартты жасасу тараптардың бірі үшін міндетті болатын жағдайларды көздейді (АК 399-бап). Бұл жария шартқа (АК 387-б.), қосылу шартына (АК 389-бап), алдын ала шартқа (АК 390-бап) және басқаларына қатысты. АК 399-бабы мұндай шарттарды жасау тәртібін, сондай-ақ оның жағдайларын сот тәртібінде анықтау мүмкіндігін қарастырады. Зандарға сәйкес шартты жасасуға міндетті тарап оны жасаудан жаттарса, екінші тарап шарт жасасуға мәжбүр ету туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы. Шарт жасаудан негіссіз жалтаратын тарап екінші тарапқа шарт жасасудан бас тарту туғызған залалдың орнын толтыруы тиіс.

Шарт, егер оның мәнінен өзгеше туындамаса, жария сауданы жүргізі жолымен жасалуы мүмкін. Шарт жария сауданы ұтқан тұлғамен жасалады. Жария сауда аукцион немесе конкурс нысандарында жүргізіледі.

### **Бакылау сұрақтары:**

1. Шарттың ұғымы және мазмұны
2. Шарттардың жекелеген түрлері
3. Шартты жасасу және шартты өзгерту, бұзу негіздері
4. Мемлекеттік тіркелуге тиіс шарттар
5. Шарт еркіндігі принципі
6. Шарттан туындайтын құқықтық қатынастар
7. Шарттың елеулі ережелерінің ұғымы
8. Шарттың жасалу сәті
9. Шарттың нысаны